

А. Амангелді, С. Симбаева

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2 Қаз.923

А 52

Пікір жазғандар:

Абишева К.М., филология ғылымдарының докторы,
Картаева А.М., филология ғылымдарының докторы,
Құрманбаева Ш.Қ., педагогика ғылымдарының докторы,
Мұратбекова А.М., педагогика ғылымдарының кандидаты,

Амангелді А., Симбаева С.

А 52 **Кәсіби қазақ тілі.** – Оқулық. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университеті баспасы, 2019. – 190 б.

ISBN 978-601-7871-58-1

Оқулықта кәсіби мәтіндер кредиттік білім беру технологиясына негізделіп отырып, мамандыққа сай іріктеліп, ықшамдалып берілген. Сондай-ақ, тақырып бойынша тәжірибелік сабақ материалдары, білім алушылардың оқытушы басшылығымен атқаратын жұмыстары және өз бетімен орындауға тиісті тапсырмалар рет-ретімен беріліп отырады. Әр сабақтан соң тіл үйренушінің тақырып бойынша алған білімін өзі тексеруіне мүмкіндік беретін тест тапсырмалары бар. Аралық бақылау жұмысын да білім алушы өз бетінше орындап, білімін тексере алады.

Ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстары өз мамандығы бойынша терминдерді меңгеруге, болашақта еңбекке тілдік кедергісіз араласуға көмектеседі.

Оқулық жоғары оқу орындарының халықаралық құқық, халықаралық қатынастар мамандықтарының білім алушыларына арналған.

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2 Қаз.923

«Тұран-Астана» университеті Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды

ISBN 78-601-7871-58-1

© «Тұран-Астана» университеті
© Амангелді А., Симбаева С., 2019

АЛҒЫСӨЗ

Дүниежүзілік ақпараттық білім беру кеңістігінің құрылуымен, әлемдік жаханданудың үдерісімен байланысты Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік кеңістікке еруге бағыт алды.

Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті. Себебі қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйесінде тұлғаны жаңа форматта қалыптастыру бағытында саналуан жұмыстар жүргізілуде. Оның ең бастысының бірі – білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып, білім мен тәрбиені әлемдік жүйеге жақындастыру.

Қазіргі таңда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің өсуімен, қоғамдық рөлінің артып, әлеуметтік қызметі аясының кеңеюімен байланысты болашақ маман иелерін кәсібіне қарай бағыттай отырып білім беру басымдылыққа ие. Қазақ тілін ғылым мен білімнің, техниканың тіліне айналдыру мәселесі де бүгінде өткір қойылып отыр. Сол сияқты кәсіптік қазақ тілін оқытуда тіл үйренушілерге сөйлесім әрекетінің түрлерін қатысымдық мақсатта меңгерту – қазіргі заманғы лингводидактикадағы өзекті мәселенің бірі. Заман ағымына лайықтап, жаңадан қалыптасып жатқан термин-сөздер тасқынын сараптап, саралап, тіл үйренушінің деңгейіне лайықтап беру де өте маңызды.

Аталған болашақ мамандық иелеріне көмек көрсету, білім алушылардың тілін коммуникативтік тұрғыдан дамыту; сөздік қорларын мамандыққа қатысты лексикамен толықтыру; кәсіби тақырыптағы мәтіндерді түсініп оқып, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету – тұлғаны қалыптастырудың басты шарты. Сол себепті білім алушылар болашақ мамандықтары бойынша естігенін, көргенін, оқығанын қазақ тілінде әңгімелеп беруге және алған білімдерін тілдік қатынаста қажетіне қарай қолдана білуге дағдыландынуы, өздерінің болашақ мамандықтарына қатысты неғұрлым көбірек терминдерді меңгеруі тиіс.

«Кәсіби қазақ тілі» оқулығы халықаралық құқық, халықаралық қатынастар мамандықтарына арналған. Бүгінгі таңда білім алушы тұлғаның бойында академиялық білім мен қоса белгілі дағды қалыптасуы шарт. Тіл сабақтарында негізінен жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым дағдыларына көбірек көңіл бөлінеді. Сол себепті де оқулықта осы дағдыларды қалыптастыруға негізделген тапсырмалар қамтылған. «Кәсіби қазақ тілі» пәні кәсіптік білімді мемлекеттік тілде меңгертуге негізделеді. Оқулық құрылымы осы мақсат талабы негізінде түзілген.

1-сабақ

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ЕЛДЕРІНІҢ САНЫ МЕН ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

1-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Құрлық, саяси, түбек, арал, теңіз жағалауы, халқының саны, теңіз сауда жолы, дүниежүзілік мұхит байлықтары.

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңыз.

3-тапсырма. Дүние жүзінің саяси картасынан төмендегі елдерді көрсетіңіз:

- А) микромемлекеттер;
- Ә) орташа және шағын елдер;
- Б) халқының саны жөнінен ең үлкен 10 ел;
- В) территориясының көлемі жағынан ең үлкен 7 ел;
- Г) теңіз жағалауындағы, түбектердегі, аралдардағы, архипелагтардағы елдер.

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ЕЛДЕРІНІҢ САНЫ МЕН ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Қазіргі дүние жүзінің саяси картасында 230-дай ел мен территориялар бар, олардың басым көпшілігі – **егемен мемлекеттер**. Елдерді топтастырудың ең көп тараған түрі – оларды территориясының көлемі мен **халқының санына қарай топтастыру**.

Территориясының көлемі жағынан ең үлкен 7 ел көзге түседі, олардың әрқайсысының ауданы 3 миллион шаршы шақырымнан асады. Бұлар қосыла келе, бүкіл құрылықтың жартысын құрайды.

Халқының саны жөнінен ең үлкен 10 ел көзге түседі. Олардың әрқайсысында 100 миллионнан астам адам тұрады. Бұл елдердің халқы жер шары халқының 3/5 бөлігін құрайды.

Саяси картада **орташа және шағын елдердің** саны басым. Әдетте микромемлекеттер деп аталатын өте ұсақ мемлекеттер де бар.

Елдерді **географиялық орнының ерекшеліктеріне қарай топтастыру** әдісі де жиі қолданылады. Осыған байланысты олар теңіз жағалауындағы, түбектердегі, аралдардағы, архипелагтардағы елдер болып бөлінеді. Теңізге шыға алмайтын елдер ерекше топқа жатады. Олардың барлық саны 40 шақты. Бұл олардың теңіз сауда жолы мен дүниежүзілік мұхит байлықтарын пайдалануын қиындатады.

4-тапсырма. Анықтаманы аударыңыз.

Дүние жүзінің саяси картасы – оның мыңдаған жылдар бойғы дамуының қорытындысы; ондағы сандық өзгерістердің орнын бірден-бірге сапалық өзгерістер басуда, ал қазіргі үдерістердің мәні де осында; аумақ үшін таластарды, халықаралық жанжалдарды бейбіт реттеу, диалогпен шешу жолы – үшінші мыңжылдықтың басында бүкіл адамзатқа ортақ жол.

5-тапсырма. Мына ұғымдар мен терминдердің мазмұнын ашыңыз:

Абсолюттік монархия, конституциялық монархия, теократиялық монархия, республика, унитарлық мемлекет, федерациялық мемлекет.

6-тапсырма. Төмендегі сызбаны пайдаланып, «Дүние жүзінің саяси картасындағы сандық және сапалық өзгерістер» тақырыбына әңгімелесіңіздер.



СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Халықтар әдетте тілдік жақындығы принципі бойынша топтастырылады. Бұлайша топтастырудағы ең үлкен бірлік – тілдік ұялар. Сан жағынан ең көбі – индоеуропалық ұя. Онда шамамен 2,5 млрд адам бар. Ол бірқатар топтардан тұрады: роман тобы (француздар, итальяндар, испандар, латынамерикандар), герман тобы (немістер, ағылшындар, американдар), славян тобы (орыстар, украиндар, белорустар, поляктар, чехтар, словактар, болгарлар, сербтер, хорваттар). Қытай-тибет ұясы саны жөнінен – екінші ұя. Оның құрамындағы ең үлкен тілдік топ – қытай тобы.

2-тапсырма. Мәтінді өз біліміңіз бойынша толықтырып, баяндап беріңіз.

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Бүгінде әлемде дүниежүзілік діндер деп аталатын үш дін бар. Олардың ішінде ең көп тарағанының бірі – христиандық, оны ұстанатындар 1 млрд адамнан асады. Христиандықтардың негізгі бұтақтары – католицизм, православие мен протестанттық. Христиандықтардың ықпалы Еуропа, Америка және Австралия елдерінде неғұрлым күшті.

Енді бір дүниежүзілік дін – ислам (мұсылманшылық) неғұрлым шоғырланып тараған. Мұсылмандар негізінен Азия мен Африкада. Исламды ұстанушылар Орта Азияда, Қазақстанда, Кавказда, Ресейде, Қытайда, Еуропада тұрады. Дүние жүзінде мұсылмандардың жалпы саны 1,5 млрд адамға жуық.

Басқа дүниежүзілік діндер секілді исламда да біртұтастық жоқ. Онда сунниттер мен шейіттер деп аталатын екі бағыт бар.

Үшінші дүниежүзілік дін – буддизмнің тараған ауданы географиялық жағынан анағұрлым шектеулі. Оны ұстанатындар непалдықтар, бирмалықтар, Үндіқытай, Шри-Ланка, Қытай, Моңғолия елдерінің дінге сенетін тұрғындарының біразы.

Дүниежүзілік діндерге қоса өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық діндер де бар. Мысалы, Үндістанда индуизм, Қытайда конфуцийшілдік, Жапонияда синтоизм, Израильде иудаизм бар.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Бір елді (өз қалауыңыз бойынша) таңдап алып, сол ел туралы реферат дайындаңыз.

2-тапсырма. Төмендегі мәліметтерді мүмкіндігінше пайдаланып, 2 кроссворд құрастырыңыз.

ЕЛДЕР МЕН ХАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

«Еуропаның орман цехы» атанған ел – Финляндия.

«Еуропаның сүт фермасы» атанған ел – Швейцария.

Швейцарияда орден, медальдар жоқ.

Кувейт пен Катарда табыс салығы салынбайды.

Ұлыбританияда конституция жоқ.

Ең суық астана – Улан-Батор.

Ресми астанасы жоқ мемлекет – Науру.

Сауд Арабиясында бірде-бір өзен жоқ.

Пошталық жөнелтулер тегін болатын жалғыз ел – Андорра.

Рим атты қала барлық континентте бар.

Территориясында шөлі жоқ Таяу Шығыстағы жалғыз ел – Ливан.

Иран туында «Аллах акбар» деген жазу 22 рет жазылған.

Шөлі жоқ жалғыз құрлық – Еуропа.

Ең биік 25 шыңның он тоғызы Гималайда.

Экватордан бастау алып, теріс қарай ағатын жалғыз өзен – Ніл.

Жердегі ең жылы теңіз – Қызыл теңіз.

Қытайлықтар мен корейліктерде фамилия алдымен айтылып, жазылады.

Чилидің Атакама шөліндегі Калама қаласында мүлде жаңбыр жаумайды.

Оңтүстік Америкада екі ел ғана мұхитпен шектесіп жатқан жоқ – Боливия мен Парагвай.

Эфиопия ешқашан Еуропалық колония болмаған.

Барлық мұхиттан қашықта жатқан нүкте – Қытайда.

Жердегі ең таза теңіз – Антарктидадағы Уэддел теңізі.

Саясат пен соғыс туралы

Жүз жылдық соғыс жүз емес, жүз он алты жылға созылған.

Наполеон армиясында солдаттар генералдарға сен деп айтатын болған.

Ежелгі Русьте шегірткелерді инелік деп атаған.

Англияда шыққан бірінші кітап шахмат туралы болған.

Президент Тафттың салмағы 160 келі болған.

Телефонды алғаш пайдаланған АҚШ президенті – Джеймс Гарфилд.

АҚШ президенттерінің ең бәкенесі Джейм Мэдисон (1,62 м), ал ұзын бойлысы Абраам Линкольн (1,93 м) болған.

Он және жүз долларлық банкноттарда бейнеленген Александр Гамильтон мен Бенджамин.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Территориясының көлемі жағынан «үлкен 7-лікке» кіретін елдерді көрсетіңіз.

- A) Корея
- B) Канада
- C) ГФР, Франция
- D) АҚШ, Жапония
- E) Ұлыбритания, Италия

2. Мемлекеттік құрылым түрлерін белгілеңіз.

- A) теократиялық монархия
- B) конституциялық
- C) федерациялық
- D) монархиялық
- E) унитарлық

3. Саны жағынан тұтынушылары ең көп тілдік ұя.

- A) афразия (семит-хамит)
- B) үнді-еуропалық
- C) қытай-тибет
- D) кавказ
- E) алтай

4. Роман тобындағы халықтарды көрсетіңіз.

- A) венгрлер, гректер
- B) арабтар, парсылар
- C) шведтер, норвегтер
- D) француздар, итальяндар
- E) испандар, латынамерикандар

5. Герман тобындағы халықтарды көрсетіңіз.

- A) ағылшындар, американдар
- B) португалдар, румындар
- C) шведтер, голландтар
- D) поляктар, испандар
- E) немістер

6. Славян тобына енетін халықтарды табыңыз.

- A) чехтар, словактар
- B) сербтер, хорваттар
- C) поляктар, болгарлар
- D) испандар, француздар
- E) орыстар, украиндар, белорустар

7. Қытай-тибет ұясының құрамындағы ең үлкен тілдік топ.

- A) тибет-бирма
- B) үнді-қытай
- C) қытай
- D) бирма
- E) тибет

8. Түркі тілдері тобына енетін халықтарды көрсетіңіз.

- A) қарақалпақтар, ұйғырлар, якуттар
- B) татарлар, башқұрттар, чуваштар
- C) қалмақтар, буряттар, шешендер
- D) қазақтар, қырғыздар, өзбектер
- E) тувалар, хакастар, балқарлар

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Әлемде ... деп аталатын үш дін бар.

- A) мемлекетаралық діндер
- B) дүниежүзілік діндер
- C) халықаралық діндер
- D) аумақтық діндер
- E) ұлттық діндер

10. Өзіндік ұлттық діндер таралған мемлекеттерді көрсетіңіз.

- A) Үндістан
- B) Жапония
- C) Израиль
- D) Қытай
- E) Корея

2-сабақ ЭКОНОМИКАСЫ ДАМЫҒАН ЕЛДЕР

1-тапсырма. Мәтінді дауыстап оқыңыз.

2-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді аударып, олармен сөйлем құрастырыңыз.

3-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді теріп жазып, қай шақта тұрғанын анықтаңыз.

4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Біріккен Ұлттар Ұйымы дүние жүзі елдерін неше топқа бөледі?
- 2 Біріккен Ұлттар Ұйымы дүние жүзі елдерін қандай принциптерге сүйене отырып топтайды?
- 3 Экономикасы дамыған елдердің қатарына қандай елдер кіреді?
- 4 Жан басына келетін жалпы ішкі өнім мөлшері дегенді қалай түсінесіз?
- 5 “Батыс елдерінің үлкен жетілігіне” қандай елдер енеді?

ЭКОНОМИКАСЫ ДАМЫҒАН ЕЛДЕР

Дүние жүзі елдерін территориясының көлемі мен географиялық орнына, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай бір-бірінен ажыратуға болады. Осы тұрғыдан алғанда оларды басты екі түрге бөледі: 1) экономикасы дамыған елдер; 2) дамушы елдер.

Біріккен Ұлттар Ұйымы экономикасы дамыған елдердің қатарына Еуропаның, Азияның, Африканың, Солтүстік Американың, Австралия мен Мұхиттық аралдардың шамамен 60 елін жатқызады. Олардың бәрінің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі жоғары және жан басына келетін жалпы ішкі өнім мөлшері де айтарлықтай мол. Алайда бұл елдер тобы іштей қарағанда айтарлықтай әркелкі болып келеді және оның құрамынан төрт топшаны бөліп көрсетуге болады.

Олардың бірінші топшасын «**Батыс елдерінің үлкен жетілігі**» құрайды. Оған АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Ұлыбритания, Италия және Канада кіреді. Бұлар батыс дүниесінің ірі экономикалық және саяси іс-әрекетімен көзге түсетін жетекші елдері.

Бұлардан гөрі **орташа елдерді**, ең алдымен Еуропа елдерін (Австрия, Бельгия, Дания, Нидерланды, Швеция және т.б.) екінші топшаға жатқызуға болады. Жекелей алғанда, әрқайсысының саяси және экономикалық қуаты үлкен болмаса да, олар үлкен дүниежүзілік мәселелерде жалпы алғанда зор, өскелең рөл атқарады. Олардың көпшілігі жалпы ішкі өнімді жан басына есептегенде «Үлкен жетілік» елдеріндегідей мөлшерде өндіреді.

Дүние жүзінің дамыған елдерінің арасында, әдетте, **жаңа индустриялық елдер** деп аталатын аздаған мемлекеттер мен территорияларды екінші, таяуда ғана пайда болған елдер топшасына жатқызуға болады. 70-80 жылдары өзге дамушы елдердің көпшілігін басып озған Корея Республикасы, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Аргентина, Бразилия және т.б. – осы топшаның көрнекті өкілдері.

Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде 1991 жылдың соңында құрылған **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына** (ТМД) кіретін елдерді айрықша топшаға біріктіруге болады.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. «Экономикасы дамыған елдер» мәтінінен түсінгеніңізді әңгімелеп беріңіз.

2-тапсырма. «Дамушы елдер» мәтініндегі қарамен жазылған сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

ДАМУШЫ ЕЛДЕР

Біріккен Ұлттар Ұйымы экономикасы дамыған елдерден басқа барлық қалған елдер мен территорияларды дамушы елдерге жатқызады. Олардың бәрінің жер көлемі құрлықтың жартысынан астамын алып жатыр, мұнда дүние жүзі халқының жартысынан астамы шоғырланған, Қытайды қоса есептегенде – дүние жүзі халқының 70 пайыздан астамын құрайды. Дүние жүзінің саяси картасында бұл елдер экватордан солтүстікке және әсіресе оңтүстікке қарай, Азияда, Африкада, Латын Америкасы мен Мұхиттық аралдарда кең байтақ белдеуді алып жатыр. Олардың кейбіреулері (Иран, Тайланд, Эфиопия, Египет, Латын Америкасы елдері және басқа бірқатар елдер) екінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ тәуелсіздік алған болатын. Бірақ көпшілігі тәуелсіздікті соғыстан кейінгі кезеңде жеңіп алды. Бұл кезеңде 100-ге жуық жас тәуелсіз мемлекет құрылып, олар **азаттық алған елдер** деп аталды.

Кейде “үшінші әлем” деп аталатын дамушы елдердің құбылмалы дүниесі іштей де әртекті. Оларды бірнеше топшаға бөледі.

Табиғи, экономикалық, адам қуаты өте күшті және көп ретте дамушы елдердің көшбасында тұратын Үндістан, Бразилия, Мексика секілді шешуші елдер бірінші топшаны құрайды.

Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Біріккен Араб Әмірліктері, Ливия, Бруней секілді **сыртқа мұнай шығаратын** елдер үшінші, айтарлықтай шағын топшаны құрайды. Бұл елдерде мұнайдан түсетін доллар тасқынының арқасында жан басына өндірілетін жалпы ішкі өнімнің мөлшері 10-15 мың доллардан асып түседі.

Дамуы жағынан артта қалған ондаған елдер ең үлкен төртінші топшаны құрайды. Оларда қазірге дейін феодалдық қалдықтар күшті байқалатын көп укладты мешеу экономика басым.

Халқының жалпы саны 400 миллион адамнан асатын 42 ел бесінші топшаны құрайды, олар Біріккен Ұлттар Ұйымының жіктеуі бойынша **мешеу елдерге** жатады. Бұл елдерде **тұтынушы ауыл шаруашылығы**

басым, өңдеуші өнеркәсіп жоққа тән, ересек халықтың 2/3 бөлігі сауатсыз, жан басына өндірілетін орташа жалпы ішкі өнім жылына небары 100-200 доллар шамасында.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қоғамдық құрылысында да (социалистік ел), өндірісінде де өзіндік ерекшеліктері бар Қытайды дамушы елдердің қатарына жатқызады. Алайда Қытайда жан басына өндірілетін жалпы ішкі өнім Үндістандағыдай төмен.

4-тапсырма. Мәтін бойынша өз бетіңізше сұрақтар құрастырыңыз.

5-тапсырма. Мәтінді қысқаша мазмұндап беріңіз.

6-тапсырма. Мәтіннен ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ формалы етістіктерді теріп жазыңыз. Оларды өткен шаққа айналдырыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне слайд дайындап, қорғаңыз:

1 «Дүние жүзі елдеріне виртуальді саяхат».

2 «Экономикасы дамыған елдерге виртуальді саяхат».

3 «Дамушы елдерге виртуальді саяхат».

2-тапсырма. «Дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің астаналары» туралы кроссворд құрастырыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. БҰҰ дүние жүзі елдерін ... қарай экономикасы дамыған елдер, дамушы елдер деп саралайды.

A) халқының санына қарай

B) географиялық орнына қарай

C) мемлекеттік құрылысына қарай

D) территориясының көлеміне қарай

E) әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай

2. Қытай – ... ел.

A) дамушы

B) дамыған

C) социалистік

D) капиталистік

E) теңіз жағалауындағы

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының жіктеуі бойынша мешеу елдерге тән қасиеттер: ...

- A) өңдеуші өнеркәсіп жоққа тән
- B) ересек халықтың 2/3 бөлігі сауатсыз
- C) тұтынушы ауыл шаруашылығы басым
- D) жан басына келетін жалпы ішкі өнім мөлшері айтарлықтай мол
- E) олардың бәрінің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі жоғары

4. Экономикасы дамыған елдер:

- A) азаттық алған елдер
- B) жаңа индустриялық елдер
- C) «Батыс елдерінің үлкен жетілігі»
- D) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) кіретін елдер
- E) Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Біріккен Араб Әмірліктері, Ливия, Бруней

5. Сөйлемді толықтырыңыз. Дамушы елдердің қатарына ... жатады.

- A) жаңа индустриялық елдер
- B) Үндістан, Бразилия, Мексика
- C) сыртқа мұнай шығаратын елдер
- D) “Батыс елдерінің үлкен жетілігі”
- E) дамуы жағынан артта қалған елдер

6. Қай елдерді кейде «үшінші әлем» деп атайды.

- A) дамыған елдерді
- B) дамушы елдерді
- C) теңізге шыға алмайтын елдерді
- D) түбектердегі, аралдардағы, архипелагтардағы елдерді
- E) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) кіретін елдерді

7. Қазақстан ... елдерге жатады.

- A) түбектердегі
- B) аралдардағы
- C) архипелагтардағы
- D) теңіз жағалауындағы
- E) теңізге шыға алмайтын

8. Үндістан, Бразилия, Мексика секілді елдерге ортақ сипаттамалар

- A) дамушы ел
- B) дамыған ел
- C) табиғи, экономикалық, адам қуаты өте күшті
- D) көп ретте дамушы елдердің көшбасында тұрады
- E) феодалдық қалдықтар күшті байқалатын көп укладты ел

9. Сөйлемді аяқтаңыз. Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде 1991 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) ...

- A) құрылды
- B) біріктірілді
- C) ұйымдаспақ
- D) қабылданады
- E) қайта құрылды

10. Іс-қимылдың болып кеткендігін көрсететін сөйлемді табыңыз.

- А) Дамушы елдердің жер көлемі құрлықтың жартысынан астамын алып жатыр
- В) Халқының жалпы саны 400 млн адамнан асатын 42 ел мешеу елдерге жатқызылады
- С) Сыртқа мұнай шығаратын елдерде жалпы ішкі өнім 10-15 мың доллардан асып түседі
- Д) Иран, Тайланд, Эфиопия, Египет екінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ тәуелсіздік алған болатын
- Е) Жаңа индустриялық елдердің көрнекті өкілдері – Корея Республикасы, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Аргентина, Бразилия

3-сабақ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

1-тапсырма. Жаңа сөздермен танысыңыз. Мына сөздердің мағынасын білесіз бе?

Көкейкесті, кеудемсоқтық, кепілдік, міндеттеме, ынтымақтастық, құбыр, әріптестік, денсаулық сақтау, мүдде, басымдық, әлеует, ықпалдастық.

2-тапсырма. Сөйлемдерді оқыңыз. Қарамен берілген сөздерге мағынасы жақын сөздерді белгілеңіз.

1) Жаһандану кезеңінде кез келген мемлекет **көкейкесті** (өзекті, үлкен) халықаралық проблемаларды шешуге атсалысу керек.

2) Қазақстан ядролық қарудан бас тарту арқылы жетекші ядролық мемлекеттер тарапынан өзінің қауіпсіздігіне **кепілдік** (жауап, кепілдеме) алды.

3) Қазақстан сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі – Ресеймен **ынтымақтастықты** (қызметтестікті, достықты) нығайту.

4) Қазақстаннан Қытайға тартылатын мұнай және газ құбырларын салуға екі жақты **мүдделі** (сүйіспеншілік, қызығушылық бар).

5) Қазақстан АҚШ-пен демократиялық **әріптестікті** (серіктестікті, татулықты) дамытуды көздейді.

6) Қазақстан экономикалық, экологиялық, әлеуметтік салалардағы байланыстарды дамыту мақсатында АҚШ әкімшілігімен **өзара ықпалдастық** (өзара ықпал, қысым) аспектілеріне маңызды орын береді.

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

4-тапсырма. Мәтінге ат ойлап табыңыз.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басымдық берілетін бағыттары бірінші кезекте біздің еліміздің географиялық орналасуы және оның ұлттық мүдделері сияқты мерзімді сипаты бар факторлардың ықпалымен қалыптасты. Жаңа технологиялардың және ғаламдану процесінің дамуына, планеталық сипаттағы қауіп-қатердің пайда болуына, жаңа экономикалық құрылымның қалыптасуына, аймақтық деңгейдегі халықаралық ынтымақтастықтың тереңдеуі мен сан алуандығына

байланысты әлемде болып жатқан өзгерістер – мұның бәрі мемлекетіміздің сыртқы саясатының бағытына түзетулер енгізуге мәжбүр етеді, көкейкесті халықаралық проблемаларды шешуге жедел әрі икемді үн қатуға, осы мәселелерде жаңа көзқарастарды әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Азия мен Еуропаның қиылысындағы геосаяси орналасуы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері, сондай-ақ қазіргі бар экономикалық әлеуеті Қазақстанды ірі аймақтық мемлекет ретінде қалыптастырудың алғышарттары болды. Қазақстан өзара қауіпсіздік, егемендікті құрмет тұту, аумақтық тұтастық принциптерімен өзінің төңірегінде тұрақтылық пен ізгі көршілік аймағын қалыптастыруға мүдделі.

Қазақстанның ішкі саяси тұрақтылығы барлық негізгі бағыттардағы сыртқы саясаттың ұғынықтылығына, ашықтығына және болжап білуге болатындығына байланысты, мұндай сыртқы саясат мемлекет ретінде оның әлемдік қоғамдастығындағы позициясын нығайтады. Әлемдік қоғамдастықта айрықша мәртебе алу үшін ядролық кеудемсоқтықтан, осы өлім себетін қаруды иемденуден бас тарту сыртқы саясаттағы басымдық берілетін бағыт екенін бүкіл әлемге таныту маңызды қадам болды. Оның орнына Қазақстан жетекші ядролық мемлекеттер тарапынан өзінің қауіпсіз өмір сүруіне сенеді, кепілдіктер алады. Қазақстанның қауіпсіздігінің кепілдері ретінде біздің еліміздің екі ұлы көршісінің – Ресей мен Қытайдың міндеттеме алуы осы акцияның маңыздылығын арттыра түседі.

Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі Ресей Федерациясымен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Ресеймен бірлесе отырып, Қазақстан экономикалық мәселелердің кең ауқымын, ең алдымен, көліктік және энергетикалық проблемаларды шешуі тиіс, сондай-ақ біздің аумағымыздағы Байқоңыр ғарыш аймағының және басқа да бірқатар стратегиялық маңызды объектілердің базасында өнеркәсіптік әрі ғылыми-техникалық әлеуетті пайдалануда тізе қосып қимылдауы шарт.

Қытай Халық Республикасына қатысты саясат төтенше маңызды болып табылады. Стратегиялық тұрғыда бұл бағыт Қытай достық және тату көршілік дәстүрлерді нығайтуды және дамытуды көздейді. Қазақстанның Қытайға тартылатын газ және мұнай құбырларын салуға екі жақты мүдделілік бар.

Орталық Азия аймағында қауіпсіздікті нығайту, экономикалық даму үрдістерін жақындастыру, сондай-ақ халықтардың тарихи бірлігі Орталық Азиядағы Қазақстан саясатының стратегиялық маңызын айқындайды. Президент Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша Орталық Азия экономикалық Қоғамдастығы құрылды.

Ресей, Қытай және Орталық Азия бағыттарындағы Қазақстан дипломатиясы күш-жігерінің түпкі мақсаты – Қазақстанның бүкіл шекарасы бойынша қауіпсіздік белдеуін қамтамасыз ету, елдің егемендігін

нығайту және экономикалық қайта құрулар жүргізу үшін қажетті сыртқы жағдайларды құру болып табылады.

Қазақстанның сыртқы саясатының басымдық берілетін негізгі бағыттарының бірі АҚШ-пен «демократиялық әріптестік» қарым-қатынастарын дамыту және нығайту. Бұл – біздің еліміздің әлемдік қоғамдастыққа, халықаралық саяси, қаржы-экономикалық және қорғаныс институттарына тиімді түрде қатысуының, сондай-ақ озық технологиялар мен инвестицияларға қол жеткізудің маңызды шарттарының бірі.

АҚШ-пен өзара қарым-қатынастарда экономикалық ынтымақтастыққа үлкен назар аударылады. Бұл ретте американдық жекеменшік инвестицияларды тарту; қорғаныс өнеркәсібін конференциялау саласындағы ынтымақтастық; Арал өңірі мен Семей ядролық сынақ полигонындағы денсаулық сақтау мен экологияның өткір проблемаларын шешудегі өзара іс-қимыл; гуманитарлық сала сияқты байланыстарды дамыту мақсатында АҚШ әкімшілігімен өзара ықпалдастық аспектілеріне маңызды орын беріледі

(Қ. Тоқаев)

5-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құраңыз.

Сыртқы саясат, ұлттық мүдде, геосаяси орналасуы, аумақтық тұтастық, әлемдік қоғамдастық, стратегиялық бағыттар, жан-жақты ынтымақтастық, мүдделілік, қауіпсіздікті нығайту, басымдылық, демократиялық әріптестік, қорғаныс, инвестициялар, гуманитарлық сала, өзара ықпалдастық.

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінің қазақша баламасын беріңіз. Оларды пайдаланып, бір-біріңізбен сұхбаттасыңыз.

Үлгі: Стратегическое направление – стратегиялық бағыт. Қазақстанның сыртқы саясатының стратегиялық бағыттары қандай? – Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі – Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастықты дамыту.

Географическое расположение, актуальные международные проблемы, экономические и военно-политические интересы, мировое сообщество, всестороннее сотрудничество, научно-техический потенциал, демократическое партнерство, финансово-экокомические институты, передовые технологии, привлечение инвестиций, здравоохранение, экологические проблемы.

7-тапсырма. Мына сөз тіркестерін қалай түсінесіз?

Ұзақ мерзімді сипаты бар факторлар, экономикалық әлеует, сыртқы саясаттың ашықтығы, ядролық кеудемсоқтық, қауіпсіздік белдеуін қамтамасыз ету, демократиялық әріптестік.

8-тапсырма. Мына жоспар бойынша мәніннен абзацтарды белгілеңіз. Әр абзацтың негізгі идеясын анықтаңыз.


1) Қауіпсіздік кепілдігі. 2) Қазақстан Республикасы дипломатиясының қалыптасуы. 3) «Демократиялық әріптестік». 4) Қазақстан және ҚХР.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Практикалық сабақта өткен мәтіннен түсінгеніңізді қысқаша айтып беріңіз.


2-тапсырма. Үлгі бойынша бірнеше сөз тіркестерін жасаңыз.

түзету




-ге, -ға, -қа, -ке мәжбүр етеді, қол жеткізеді

жұмыс істеу



-ды, -ді, -ты, -ті талап етеді, қамтамасыз етеді

қару



-дан, -ден, -тан, -тен бас тарту

3-тапсырма. Мәтіннен туынды зат есімдерді тауып, олардың қалай жасалғанын түсіндіріңіз. Туынды зат есімге тағы бірнеше мысал келтіріңіз.

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін қалдырып, сөйлемді аяқтаңыз.

Ұзақ мерзімге арналған стратегиялық мақсатты шешуде Қазақстан үшін Еуропа елдерінің орны (ерекше болды, өзгеше болды, дұрыс болды, жақсы болды). Жаңа қатынас үшін Германия, Ұлыбритания, Италия, Австрия және басқа да Еуропалық Одақ елдерімен жасалған сауда шарты Еуропа нарығына (жол ашты, негіз салды, дамытты, жүзеге асырды). Сонымен қатар Шығыс Еуропа елдерімен қатынасты қалпына келтіруге де (ықпал етті, негіз болды, тірек болды, қосылды). Германия потенциалы (аз ел, көп ел, жоғары ел, жақсы ел). Қазақстанда неміс диаспоралары (жатыр, тұрады, мекендейді, өмірге келді). Сондықтан Қазақстан Германиямен қатынасты жақсартуға (мүдделі болды, негіз жасады, ынталы болды, қызықты).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. «Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты» тақырыбына эссе жазыңыз.

2-тапсырма. «Н. Назарбаев – алғыр басшы, қырағы саясаткер» тақырыбына материалдар жинақтаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша ... құрылды

- A) Кедендік одақ
- B) Еуропа Одағы
- C) Ислам Конференциясы Ұйымы
- D) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы?
- E) Орталық Азия экономикалық Қоғамдастығы

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазақстанның АҚШ-пен өзара қарым-қатынастарында ... басымдық беріледі

- A) экономикалық ынтымақтастыққа
- B) тату көршілік дәстүрлерді нығайтуға және дамытуға
- C) гуманитарлық сала сияқты байланыстарды дамытуға
- D) қорғаныс өнеркәсібін конференциялау саласындағы ынтымақтастыққа
- E) Арал өңірі мен Семей ядролық сынақ полигонындағы денсаулық сақтау мен экологияның өткір проблемаларын шешудегі өзара іс-қимылға

3. Сөйлемді аяқтаңыз. Ресей, Қытай және Орталық Азия бағыттарындағы Қазақстан дипломатиясының түпкі мақсаты – ...

- A) инвестиция тарту
- B) елдің егемендігін нығайту
- C) тұрақтылық пен ізгі көршілік аймағын қалыптастыру
- D) Қазақстанның бүкіл шекарасы бойынша қауіпсіздік белдеуін қамтамасыз ету
- E) экономикалық қайта құрулар жүргізу үшін қажетті сыртқы жағдайларды құру

4. Дұрыс жауап(тар)ды табыңыз. Өзбекстан Қазақстанға ... мемлекет

- A) шектес
- B) көршілес
- C) шекаралас
- D) көршілес емес
- E) шекаралас емес

5. Дұрыс жауап(тар)ды табыңыз. Қырғызстан Қазақстанның ... республика

- A) батысындағы
- B) оңтүстігіндегі
- C) шығысындағы
- D) солтүстігіндегі
- E) оңтүстік шығысындағы

6. Біріккен сөз(дер)ді табыңыз

- A) ықпалдастық
- B) көршілік, қауіпсіздік

- C) кеудемсоқтық, көзқарас
- D) халықаралық, шекаралық
- E) ынтымақтастық, қоғамдастық

7. Дұрыс жауап(тар)ды таңдаңыз. Ресей Федерациясымен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуды ...

- A) ынталы
- B) көздейді
- C) қызықты
- D) негіз жасады
- E) мүдделі болды

8. Дұрыс жауап(тар)ды табыңыз. Қазақстанның ... мемлекет ретінде оның әлемдік қоғамдастығындағы позициясын нығайтады

- A) ішкі саяси тұрақтылығы
- B) сыртқы саясатын болжап білуге болатындығы
- C) сыртқы саясатын болжап білуге болмайтындығы
- D) барлық негізгі бағыттардағы сыртқы саясатының ашықтығы
- E) барлық негізгі бағыттардағы сыртқы саясатының ұғынықтылығы

9. Бір үлгімен жасалған сөз(дер)ді көрсетіңіз

- A) қызмет, қабілет
- B) кепілдік, өкілеттік
- C) егемендік, мүдделілік
- D) әріптестік, серіктестік
- E) сауатсыздық, қауіпсіздік

10. Берілген сөздердің балама(лар)ын көрсетіңіз. Сообщество, сотрудничество, партнерство

- A) аумақ, әлеует, міндеттеме
- B) татулық, бірлік, мүдделілік
- C) кепілдік, қызметтестік, достық
- D) қоғамдастық, ынтымақтастық, әріптестік
- E) қауымдастық, ықпалдастық, ынтымақтастық

4-сабақ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСҚА ЕЛДЕРМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ СЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

1-тапсырма. Жаңа сөздермен танысыңыз:

жаһандандыру, артықшылықтар, бедел, тасымалдау, алғышарттар.

2-тапсырма. Жоғарыдағы сөздермен бірнеше сөз тіркестерін құраңыз.

Үлгі: саяси бедел, ұтымды дипломатия, ...

3-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерінің қазақша баламасын беріңіз.

Экономикалық артықшылықтар, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, саяси бедел, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, мұнайды тасымалдау, балама бағыт, қаржылық мүмкіндіктері, алғышарттар жасайды, ұлттық мүдделер.

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін аударып, қажетті септік тұлғада қойыңыз.

Жапония мен Қазақстанның байланыстарын жандандыру (большие политические преимущества) береді. Қазақстанның алдында Анкарамен саяси, экономикалық ынтымақтастықтың (значительный потенциал) іске қосу міндеті тұр. Араб әлемінде Египет Араб Республикасының (политический вес и влияние) ескере отырып, Қазақстан осы елмен жақсы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Таяу Шығыс аймағындағы елдермен сауда-саттық тек мұнай өндіру салаларындағы (взаимовыгодное сотрудничество) орнату маңызды фактор болып табылады. Еуропалық одақпен әріптестік Қазақстанның халықаралық саяси және (экономическое сообщество) кірігуіне жәрдемдеседі.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Әлем экономикасындағы жетекші орындардың бірін иемденетін әрі ірі донор, ал болашақта еліміздің экономикасының маңызды инвесторы бола алатын Жапония мен Қазақстанның байланыстарын жандандыру ірі саяси және экономикалық артықшылықтар береді. Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігіне өту талабын Қазақстанның қолдауы екі жақты қатынастарды дамытудың түпкі мүдделеріне жауап береді.

Экономикалық және саяси байланыстарды дамыту, Қазақстанның Азиядағы рөлі мен орнын нығайту, сондай-ақ қарқынды дамып келе жатқан азиялық рыноктарға орналасуды кеңейту тұрғысынан – Сингапур, Корея республикасы, Малайзия, Таиланд, Индонезия, Вьетнам сияқты жаңа индустриалды елдердің біздің еліміз үшін маңызы зор. Қазақстандық дипломатияның алдында осы елдермен ұзақ мерзімді перспективаға арналған өзара қарым-қатынастың тиімді жүйесін құру міндеті тұр.

Оңтүстік Азияда Үндістанмен және Пәкістанмен қарым-қатынастың зор мәні бар. Бұл елдердің саяси беделі мен экономикалық әлеуеті және олармен ынтымақтастық жасасуға біздің іс жүзіндегі тұрақты ұмтылысымыз өзара байланысты.

Түркиямен қарым-қатынастың Қазақстан үшін орны бөлек. Қазақстан дипломатиясының алдында екі жақты тұрғыда да, сондай-ақ ЕҚЫҰ, ИКҰ шеңберінде де Анкарамен саяси, экономикалық мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың елеулі әлеуетін іске қосу міндеті тұр. Түркияның өзінің аумағы арқылы мұнайды тасымалдау жобаларын іске асыруға мүдделілігі Қазақстан үшін көліктік коммуникацияның балама бағыты және әлемдік рынокқа шығу жолын қамтамасыз етеді.

Біздің ұзақ мерзімді экономикалық мүдделерімізді қамтамасыз етудің тағы бір бағыты Иранмен байланыстарды дамыту болып табылады. Бұл

орайда осы елдің аймағы маңызды рөлін және Иранның географиялық орналасуын ескеру қажет, мұның өзі Каспий теңізі проблемаларын шешудегі ынтымақтастықтың қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ Иран еліміздің әлемдік коммуникацияларға шығуы үшін қолайлы мүмкіндік ашады. Араб әлемінде Египет Араб Республикасының саяси салмағы мен ықпалын ескере отырып, Қазақстан осы елдермен жоғары деңгейдегі саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты қолдауға ұмтылады. Орасан зор қаржылық және инвестициялық мүмкіндіктері бар, әлемдік отын-энергетика қорында маңызды орын алатын Сауд Аравиясымен және Парсы шығанағындағы басқа да мұнай өндіруші мемлекеттермен ынтымақтастықты дамыту – Қазақстанның Таяу Шығыс аймағындағы елдермен қарым-қатынасын нығайтудағы маңызды фактор. Бұл сауда-саттық, мұнай өндіру және мұнай өңдеу саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға іргетас қалайды.

Ұзақ мерзімді перспективада Еуропалық Одақтың орны бөлек, аталған одақ қазірдің өзінде өзге аймақтардың мемлекеттерімен қарым-қатынаста бүкіл құрлықтың атынан шығып жүр. Еуропалық Одақпен әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім негіз ретінде алынатын құжат болып табылады, осы құжат Қазақстанның халықаралық саяси және экономикалық қоғамдастыққа кірігуіне жәрдемдеседі, еуропалық жетекші мемлекеттермен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға алғышарттар жасайды.

Қазақстан БҰҰ-ны реформалаудың нұсқалары мен жолдарын талқылау барысында белсенді позиция ұстанып келеді. Біздің еліміз басқа халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда, ЕҚЫҰ-ның қызметіне және НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына белсенді түрде қатысуға ұмтылады.

Үшінші мыңжылдықтың басы Қазақстанның сыртқы саясатында жаңа үрдістердің – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің негіздерін нығайтуға және дамытуға бағытталған саяси прагматизмнің пайда болуымен сипатталады. Қазіргі уақытта біздің еліміз осы заманғы әлемдік қоғамдастықтың барлық үрдістерімен тығыз байланыста қаралады. Қазақстан сияқты ірі еуразиялық мемлекет үшін сыртқы саясаттың орасан зор маңызы бар. Біздің мемлекетіміз өзінің жаратылысы бойынша ұлттық мүдделерді қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік құрылысқа белсенді түрде жәрдемдесуге бағытталған ұтымды дипломатияны жүргізуге міндетті (Қ. Тоқаев).

6-тапсырма. Кестенің оң жағы мен сол жағын сәйкестендіріңіз.

1. Қазақстан экономикасының маңызды инвесторы бола алатын бірден-бір ел – ол Жапония.	1. Бұл мұнай өндіру саласындағы ынтымақтастыққа жол ашады.
2. Қазақстанның Азиядағы рөлі мен орнын нығайту өте маңызды.	2. Бұл Түркияның өз аумағында мұнайды тасымалдау жобаларын іске асыруға мүдделілігі арқылы жүзеге асады.
3. Қазақстан өзінің көліктік коммуникациясын әлемдік рынокқа шығара алады.	3. Сондықтан Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелігіне өту талабын Қазақстан қолдайды.
4. Иранның географиялық орналасуы Қазақстан үшін өте қолайлы.	4. Ол Қазақстан еуропалық жетекші мемлекеттермен қарым-қатынас жасаумен мүмкіндік береді.
5. Қазақстанға Сауд Арабиясы және Парсы Шығанағындағы елдермен ынтымақтастықты дамыту қажет.	5. Бұл тұрғыда Сингапур, Корея, Малайзия, Индонезия сияқты елдердің біздің еліміз үшін маңызы өте зор.
6. Ұзақ мерзімді перспективада Еуропалық Одақтың орны бөлек.	6. Өйткені Иран еліміздің әлемдік коммуникацияға шығуына мүмкіндік береді.

7-тапсырма. Мәтіннен мына сөз тіркестері кездесетін сөйлемдерді тауып, оқыңыз.

Түркі мүдделері, қарқынды дамыған, ынтымақтастық жасасу, елеулі әлеует, отын-энергетика қоры, құрлықтың атынан, белсенді позиция, саяси прагматизм, ұлттық мүдделер.

8-тапсырма. Қазақстанның төмендегі елдермен ынтымақтастығы елімізге қандай мүмкіндіктер береді деген сұраққа жауап беріңіз.

- Ресей Федерациясы
- Қытай Халық Республикасы
- Жапония
- Египет Араб Республикасы
- Сауд Арабиясы
- Түркия

9-тапсырма. Сөйлемдерді оқыңыз. Жақшаның ішіндегі етістіктерді осы, өткен, келер шақтарда көрсетіңіз.

Үлгі: Жапониямен ынтымақтастық Қазақстанға көптеген экономикалық артықшылықтар (беру) – береді, берді, бермек.

Қазақстан Анкарамен саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың әлеуетін (іске қосу). Иранмен байланыстарды дамыту біздің ұзақ мерзімді экономикалық мүдделерімізді (қамтамасыз ету). Қазақстан араб әлемімен ынтымақтастықты қолдауға (ұмтылу). Таяу Шығыс елдермен қарым-қатынасты нығайту мұнай өндіру саласындағы

тиімді байланыстарды орнатуға іргетас (қалау). Еуропалық Одақпен әріптестік Еуропалық жетекші мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыстарды тиімділігін арттыруға алғышарттар (жасау).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Жаңа сөздермен танысайық: қашық шетелдер, серіктес, халық шаруашылығы, салалар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Атом бомбасын сынайтын алаң Америка Құрама Штаттарының қай штатында орналасқан?

2 Семей полигоны қай жылы жабылды?

3 «Невада-Семей» қозғалысының ұйымдастырушысы кім?

3-тапсырма. Семей полигоны жайлы хабарлама дайындап келіңіз.

4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, екі мәтінмен жұмыс істеңіздер. Мәтінмен оқып танысыңыз, аударыңыз.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АМЕРИКА

Қазақстанның қашық шетелдерден аса маңызды серіктесі – Америка Құрама Штаты. Ол – әлемдегі ең ірі елдің бірі. Алғашында Америкамен қатынасымыз ядролық қаруға байланысты болды, ал кейін қатынастың жаңа негізі қалыптасты.

«Рахат» компаниясы әлемге әйгілі Американың BaNeINaN2 компаниясымен бірлесіп РБФ – «Рахат Банфайнама» біріккен мекемесін құрды. Оның негізгі мақсаты – Қазақстанның мекемелерін және экономикасын әлемдік банк, қаржы ұйымдарымен және көптеген қоғамдық қорлармен, мемлекеттік ұйымдармен жақындастыру. «Рахат» біріккен мекемесі Қазақстан нарығында он жылдан аса жұмыс істеп келеді. Сол мерзімнен бері республикадағы бірінші бес қабатты «Рахат Палас» қонақ үйін іске қосты, сонымен қатар 16 кіші компаниялар құрып, Қазақстанның халық шаруашылығының сан қырлы салаларында тиімді жұмыс істеуде. 1997 жылы «Рахаттың» түрлі фирмаларында 2300 адам жұмыс істеді.

Қазақстан 1993 жылы халықаралық уран нарығына дербес шықты. 1993-1996 жылдар арасында, яғни 4 жылда, Қазақстан әлемдік нарықта 7 мың тонна уран сатты, оның 3 мың тоннасы Америка нарығына сатылды.

ҚЫТАЙМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1992 жыл – Қытаймен дипломатиялық қатынас орнаған жыл. Осы мерзімнен бері Қазақстан Республикасының Қытаймен барлық жағынан қарым-қатынасы нығая түсті. Екі елдің сенімі Еуразиялық темір жол қатынасын кеңейтуге байланысты.

Екі ел арасында 50-ге жуық құжаттарға қол қойылды, кейбір проблемаларды шешу жолдары анықталды.

Қытайда шағын тиражды трактор зауыты бар (Синьзян трактор зауыты). Оның тракторының салмағы жеңіл, ол өтімділігі тиімді, жанар-жағар майды пайдалануынан «Беларусь» тракторынан әлдеқайда үнемді. Бұл тракторды Қытай өз ішінде ғана пайдаланбайды, сонымен қатар шетелге де шығарады, әсіресе Қазақстанға. Оның бағасы Ресей және Беларусь тракторынан бірнеше есе төмен. Мысалы, 15 аттық күші бар трактор 3 мың, 20 аттық күші бар трактор 3-5 мың доллар, 50 аттық күші бар трактор 7 мың доллар тұрады.

Алматы облысының шаруашылықтары Қытай тракторларын кең пайдалануда. 1997 жылдың мамыр айында Қытайдың ұлттық мұнай корпорациясы тендерге қатысып, «Актюбенефть» акционерлік қоғамының акциясын сатып алды.

5-тапсырма. Мәтіндердегі негізгі ойды анықтаңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Қ. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» деген кітабын пайдалана отырып, «Қазақстан және Еуропа елдері» деген тақырыпта ауызша ақпарат дайындаңыз.

2-тапсырма. «Қазақстанның шетелдермен экономикалық, мәдени және саяси байланыстары» атты сұхбат құрастырыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Қазақстанның азиялық рыноктарға орналасуын кеңейту үшін – ... сияқты жаңа индустриалды елдердің маңызы зор.

- A) Вьетнам
- B) Қытай, Жапония
- C) Сингапур, Таиланд
- D) Корея республикасы
- E) Индонезия, Малайзия

2. Еліміздің тәуелсіздігін алғашқы болып таныған елді көрсетіңіз

- A) Ресей
- B) Түркия
- C) Өзбекстан
- D) Моңғолия
- E) Қырғызстан

3. Қазақстан Каспий теңізі арқылы ... шектеседі

- A) Иранмен

- B) Ресеймен
- C) Қытаймен
- D) Әзірбайжанмен
- E) Түрікменстанмен

4. Істің сөйлеп тұрған кезде орындалып жатқанын білдіретін сөйлемді анықтаңыз

- A) Қытайда шағын тиражды трактор зауыты бар
- B) Америка Құрама Штаты – әлемдегі ең ірі елдің бірі
- C) Екі ел арасында 50-ден астам құжаттарға қол қойылды
- D) АҚШ-тың атом бомбасын сынайтын алаңы Невада штатында орналасқан
- E) Елбасы еліміздің Таяу Шығыс аймағындағы елдермен қарым-қатынасын нығайтуды қолдап отыр

5. Істің дағдылы түрде болып тұратынын білдіретін сөйлемді белгілеңіз

- A) 1992 жыл – Қытаймен дипломатиялық қатынас орнаған жыл
- B) Еліміз ЕҚЫҰ-ның қызметіне белсенді түрде қатысуға ұмтылады
- C) Қазақстанның қашық шетелдерден аса маңызды серіктесі – АҚШ
- D) Жапония – әлем экономикасындағы жетекші орындардың бірін иемденетін ел
- E) Қазақстан сияқты ірі еуразиялық мемлекет үшін сыртқы саясаттың маңызы өте зор

6. Жақын арада, жуықта болған іс-әрекетті көрсетіңіз

- A) Азиада спортшыларымыз жақсы нәтиже көрсетер
- B) Астанада журналистердің халықаралық форумы өтті
- C) Елімізге ресми іс-сапармен Моңғолиядан делегация келді
- D) Ұзақ мерзімді перспективада Еуропалық Одақтың орны ерекше
- E) Біздің еліміз мемлекеттік құрылысқа белсенді түрде жәрдемдесуге бағытталған ұтымды дипломатияны жүргізуге міндетті

7. Бұрын болып өткен іс-әрекетті табыңыз

- A) Ата-бабамыз мирас еткен ұлан-байтақ жеріміз бар
- B) Әлемге әйгілі болған Жібек жолы Қазақстан жері арқылы өтетін
- C) Алғашында АҚШ-пен қатынасымыз ядролық қаруға байланысты болған
- D) Қазақстанда ИКҰ, ЕҚЫҰ сияқты беделді ұйымдармен қарым-қатынастар жолға қойылған
- E) Қазақстан үшін Оңтүстік Азияда Үндістанмен және Пәкістанмен қарым-қатынастың зор мәні бар

8. Болып өткен, дағдыға айналған қимыл-әрекетті белгілеңіз

- A) Елімізді көркейтетін – жастар
- B) Еліміз әрқашан егемендікті құрмет тұтатын
- C) Түркиямен қарым-қатынастың орны Қазақстан үшін бөлек
- D) Қазақ халқы ежелден татулық пен бейбітшілікті ұнататын
- E) Қазақстан НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы шеңберінде әрекет етіп келеді

9. Келешекте мақсат етіле орындалатын іс-әрекетті анықтаңыз

- A) Еліміз Египет Араб Республикасымен байланыстар орнатпақ
- B) Қазақстан 1993 жылы халықаралық уран нарығына дербес шықты
- C) Қазақстан Республикасының Қытаймен барлық жағынан қарым-қатынасы нығая түсті
- D) Қазақстан басқа елдермен экономикалық, мәдени қарым-қатынастарын жолға қоймақ
- E) Қазақстанның сыртқы саясаты – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің негіздерін нығайту, дамыту

10. Дұрыс жауапты көрсетіңіз. Сотрудничество с Японией дает Казахстану многочисленные экономические приоритеты

- A) Жапониямен әріптестік Қазақстанға экономикалық басымдық әкеледі
- B) Жапониямен татулық Қазақстан экономикасының дамуына жол ашады
- C) Жапониямен ынтымақтастық Қазақстанға экономикалық артықшылықтар әпереді
- D) Жапониямен ынтымақтастық Қазақстанға көптеген экономикалық артықшылықтар береді
- E) Жапониямен қарым-қатынас орнату Қазақстанға экономикалық артықшылықтар әкелмек

5-сабақ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕРДЕГІ
ӨКІЛДІКТЕРІ**

1-тапсырма. Мына сөздерді қалай түсінесіз:

көп векторлы саясат, байсалды саясат, екі жақты, көп жақты қарым-қатынастар, алыс-жақын шет мемлекеттер.

2-тапсырма. Мына тіркестерді пайдаланып, сөйлем құраңыз:

бейбітшілікті қорғау, бейбітшілікті қолдау, бейбіт қатар өмір сүру, бейбіт сүйгіш елдер, бейбіт өмірді аңсау, бейбітшілікке және өзара түсіністікке қол жеткізу.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

ЕЛДЕР ЖӘНЕ ЕЛШІЛЕР

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы сыртқы саясат Мәскеу арқылы жүргізіліп келгені белгілі. Кремльдегі «ақсақалдар» не айтса, сол дүйім елге дәрі болып, әлемге сол қалпында тарайтын еді. Қазақ жерінде туып өскен дипломаттардың саны некен-саяқ қана болды. Жалпы бұл салада жұмыс істейтін мамандардың дені славян халықтарынан шықты.

Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері Қазақстан Сыртқы істер министрлігі республикамыздың көп векторлы және байсалды саясатын әлемге танытуда едәуір еңбек сіңірді.

Жетпіс жыл бойы Қазақстаннан бар-жоғы жоғары жеті-ақ мәмлегер (дипломат) шықса, тәуелсіздіктің алғашқы жеті жылында елшілер қатары үлкен корпусқа айналды.

Бүгінгі күні Қазақ елінің тәуелсіздігін жер шары мемлекеттерінің басым көпшілігі мойындады. Осы жылдар ішінде әлемнің барлық құрлықтарындағы 112-ден астам елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. 34 мемлекетте Қазақстанның елшіліктері, 31 мемлекетте консулдықтар еліміздің байсалды саясатын іске асыруға ұйытқы болып отыр. Елден жырақта жүрген отандастарымыздың қатары білікті де білімдар мамандармен жыл сайын толықтырылуда.


Ал Қазақстанда алыс-жақын 44 шет мемлекеттің елшілігі, 3 консулдық жұмыс істеуде. Бұдан басқа 20 халықаралық ұйымның өкілдіктері бар.

Қазақ елінің жаңа орталығына 8 елшілік пен олардың бөлімшелері қоныс аударды. Қазір күннен-күнге құлпырып, көз тартар келбетке ие болып келе жатқан Астананың әр бұрышынан Қазақ еліне достастықпен, ізгі ниетпен аяқ басқан халықтардың өкілдіктері – елшіліктері бой көтеруде.

Қазақстанда тұрақты елшіліктерін ұстамаққа ниет білдірген мемлекеттер қатары молайып келеді. Ондайға жағдайы жоқ елдер өздерінің Ресейдегі дипломаттарын біздің республикаға тіркеп отыр. Жақында Мәскеудегі Кувейт мемлекетінің елшісі Астанада жұмыс істеуге тіркелді.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы қатарындағы туысқан көршілес республикалармен де екі жақты, көп жақты қарым-қатынастар орнатылған.

4-тапсырма. Берілген жүйені пайдаланып «Өзара достас елдер арасындағы байланыс» тақырыбына әңгіме құраңыз



5-тапсырма. Күрделі етістіктермен сөйлем құрастырыңыз (осы шақ, келер шақ, өткен шақта; бірінші, екінші немесе үшінші жақта; жекеше немесе көпше түрде).

Келіп кет, алып кет, көріп кет, шығып кет, беріп кет, қайтып кет, алып кел, барып кел, қайтып кел, айтып кел, біліп кел, сұрап кел, беріп кел, жүріп кел, озып кел.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Мәтінде кездесетін дипломатиялық терминдердің мағынасын түсіндіріңіз.

Халықаралық қатынастарда мемлекетаралық қатынастар негізгі рөл атқарады. Халықаралық қатынастар – дүниежүзілік деңгейде жұмыс істейтін экономикалық саяси күштер, ұйымдар, қозғалыстар арасындағы құқықтық, дипломатиялық, экономикалық, саяси байланыстар мен өзара қарым-қатынастар жиынтығы.

Халықаралық байланыстарды, мемлекетаралық қатынастарды дамытуда мемлекеттік сапарлар маңызды болып табылады. Мемлекеттік сапарларға мемлекет, үкімет басшыларының сапарлары жатады.

Халықаралық қатынастардың маңызды факторларының бірі – қосылмаушылық болып табылады (движение неприсоединения).

2-тапсырма. Газеттерден бір елдің үкімет басшысы немесе президентінің келуі туралы мақала, хабарларды оқып, талқылаңыздар.

1 Газетте қай мемлекет басшысының келуі туралы хабар берілген?

2 Олар қашан, қайда келді?

3 Мемлекет басшысы кімнің шақыруы бойынша келді?

4 Әуежайда қонақтарды кім қарсы алды?

5 Қарсы алу құрметі қалай өтті?

6 Сапар қашан аяқталды?

3-тапсырма. Өзіңіз оқыған мемлекеттік сапарлар туралы әңгімеленіңіз.

4-тапсырма. Мәтінмен оқып танысыңыз.

5-тапсырма. Екінші абзацтағы негізгі ойды анықтаңыз.

«ТАСИС» БАҒДАРЛАМАСЫ

ЕО Балтық елдерінен өзге бұрынғы Кеңес Одағынан бөлінген жаңа тәуелсіз мемлекеттермен экономикалық және саяси берік байланыстар орнату мақсатымен «Тасис» бағдарламасын жасады.

Бағдарламаның мақсаты – әріптес елдердің саяси бостандық пен экономикалық гүлденуге негізделген қоғам құруына жәрдемдесу. Тасис бұл мақсатқа демократиялық қоғам мен нарықтық экономикаға көшу барысында қайтарымыз қаржы бөлу жолымен келе жатыр. Бұл бағдарлама 1991 жылы 400 миллион ЭКЮ мөлшеріндегі бюджетпен қызметін бастады. Сол кезде ЕО тарапынан кешіктірілмей көмек көрсетілуін қажет ететін бес басым бағытты анықтаған көрсеткіштік жоспар жасалды. Қазіргі уақыттарда сол салаларда әріптес елдердің экономикалық дамуына көмектесетін бірнеше жобалар іске қосылып отыр.

«Тасис» қаржыландыратын негізгі салалар төмендегілер болып табылады: мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру мен жеке секторды дамыту, өндірістің тиімді жүйесін құру, азық-түлікті өңдеу мен бөлу,

энергетиканың, көлік пен байланыстың инфрақұрылымдарын дамыту, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, айналадағы ортаны қорғау, мемлекеттік басқару жүйесін реформалау, әлеуметтік қорғау мен білім беру. Әр ел өз сұраныстарына байланысты негізгі секторды өздері таңдайды.

6-тапсырма. Мәтінге сұрақты жоспар құрастырыңыз.

7-тапсырма. Өзіңіз құрастырған жоспар бойынша түсінгеніңізді әңгімеленіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. ҚР шетелдердегі өкілдіктері жайлы «Дипломатия хабаршысы» журналынан жаңа мәліметтер, хабарламалар жинаңыздар.

2-тапсырма. Журналист ретінде Қазақстанның СІМ-нен шетелдердегі өкілдіктер жайлы сұхбат (интервью) алыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Таяуда Ресей мемлекетінің басшысы ҚР үкіметінің шақыруы бойынша елімізге ...

- A) келіп кетті
- B) көріп кетер
- C) біліп келмек
- D) алып кететін
- E) айтып келген

2. Күрделі етістіктің мағынасын анықтаңыз. Елшіліктеріміз бен консулдықтарымыз еліміздің байсалды саясатын іске асыруға ұйытқы болып отыр

- A) істің тездігін көрсетеді
- B) істің басталуын көрсетеді
- C) істің созыңқылығын көрсетеді
- D) істің тұжырымдылығын көрсетеді
- E) істің мезгілге байланысты халін, күйін көрсетеді

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Мемлекеттік сапарларға ... сапарлары жатады

- A) елшілердің
- B) консулдардың
- C) мәмлегерлердің
- D) үкімет басшыларының
- E) мемлекет басшыларының

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазақстанда тұрақты елшіліктерін ұстамаққа ниет білдірген мемлекеттер қатары ... келеді

- A) көбейіп
- B) гүлденіп
- C) жетерлік
- D) көптеген
- E) молайып

5. Негізгі етістіктің де, көмекші етістіктің де орнына жұмсала беретін етістіктерді көрсетіңіз

- A) баста, таста
- B) ет, қой, жібер
- C) де, кел, қара, көр
- D) тұр, отыр, жатыр, жүр
- E) бол, ал, е, қал, сал, бер

6. Күрделі етістіктің мағынасын анықтаңыз. Қазақстанда халықаралық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар жиі өткізіліп тұрады

- A) істің бітуін көрсетеді
- B) істің дүркінділік сипатын көрсетеді
- C) істің бағытын, іске асу барысын білдіреді
- D) істің болу-болмау мүмкіншілігін білдіреді
- E) істің аяқталғандығын я аяқталатынын білдіреді

7. Дұрыс жауап(тар)ды табыңыз. «Тасис» бағдарламасы аясында ... басым бағыт бойынша көмек көрсетіледі

- A) үш
- B) бес
- C) жеті
- D) төрт
- E) алты

8. Сөйлемді толықтырыңыз. «Тасис» қаржыландыратын негізгі салалар:...

- A) әлеуметтік қорғау мен білім беру; ынтымақтастықты дамыту
- B) ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; қарулы күштерді нығайту
- C) мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру мен жеке секторды дамыту
- D) энергетиканың, көлік пен байланыстың инфрақұрылымдарын дамыту
- E) мемлекеттік басқару жүйесін реформалау; өндірістің тиімді жүйесін құру

9. Сөйлемді толықтырыңыз. «Тасис» – ... қаржыландыратын бағдарлама

- A) ЕО
- B) БҰҰ
- C) ИКҰ
- D) НАТО
- E) ЕҚЫҰ

10. Сөйлемді толықтырыңыз. «Тасис» – ... жәрдемдесуге арнайы дайындалған бағдарлама

- A) Балтық елдеріне
- B) Кеңес Одағынан бөлінген Балтық елдеріне
- C) Кеңес Одағынан бөлінген жаңа тәуелсіз мемлекеттерге
- D) барлық Кеңес Одағынан бөлінген жаңа тәуелсіз мемлекеттерге
- E) Балтық елдерінен өзге Кеңес Одағынан бөлінген жас тәуелсіз мемлекеттерге

6-сабақ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1-тапсырма. Тірек сөздер мен сөз тіркестері:

әлеуметтік нормалар, құқықтың пайда болуы, құқықтың адам өміріндегі рөлі, адамдардың өзін ұстау ережелері, дәстүр, мораль, этикет, мемлекет пәрменімен, нормативті актілер.

2-тапсырма. Ережелерді есте сақтаңыз.

Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі. Азаматтық деп белгілі бір мемлекеттің заңдылықтарымен орнықтырылған құқықтарды пайдаланып, міндеттерді атқаратын, сондықтан да құқықтары мемлекет тарапынан қорғалатын адамның сол мемлекетке тәнділігін айтамыз.

Құқықтық мемлекет дегеніміз – құқық жүйесі қалыптасқан, заң бәрінен жоғары тұратын, заң талаптарының барлық субъектілерге міндеттілігі қамтамасыз етілетін, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметі түгелдей қабылданған заңдарға негізделіп жүргізілетін мемлекет.

3-тапсырма. Сөздерді аударып, есімді және етістікті тіркестер құрастырыңыз.

Құқық, тарихи деректер, дәстүр, тайпа, ру, заңдылық, реттеу, заңды мүдде, қамтамасыз ету, күштеу құралдары, қайшы келмеу.

4-тапсырма. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Халықаралық құқық, құқықтық мемлекет, халықаралық қылмыстық құқық, құқықтық реттеу, адам құқығы, құқықтық қатынас, конституциялық құқық.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Халықаралық құқық қоғамның даму барысында пайда болды. Тарихи деректерге қарағанда, алғашқы қауымдар мен тайпалар өздерінің ең бастапқы даму кезеңдерінде-ақ әрқайсысы жеке өмір сүрмей, жазылмаған рулық заңдармен қарым-қатынас жасаған.

Халықаралық құқық ұғымының алғашқы мағынасы халықтар арасындағы құқық (jus inter gentes) дегенді білдірген. Халықаралық құқықтың бірінші нормалары мемлекеттер қалыптасқанға дейін алғашқы қауымдық құрылыс кезінде пайда бола бастаған.

Археологиялық қазбалар көрсеткендей, тайпалардың одақтық байланысы сыртқы жаулардан қорғануды ғана білдірген жоқ, сонымен қатар тағы да басқа көптеген қарым-қатынас нормаларын қамтыды. Ал бұлар өз ретінде уақыт өткен сайын құқықтық дәстүр түрінде көрінуіне әкелді.

Халықаралық құқық – адамзат қоғамы дамуының нәтижесі. Халықаралық құқықтың даму заңдылықтары халықаралық қатынастардың заңдылықтарына сәйкес болады. Халықаралық қатынастардың әсерінен халықаралық құқық қалыптасып қана қоймайды, керісінше ол халықаралық қатынасқа белсенді ықпал етеді.

Халықаралық құқықтың реттеушілік қызметі мемлекеттердің бұзуға болмайтын ережелерді қабылдауынан көрінеді. Бұл ережелерсіз мемлекеттердің бірлесіп өмір сүруі және қатынасуы мүмкін емес.

Мемлекеттер жүріп-тұрудың белгілі бір ережелерін қолданады. Осы ережелерден халықаралық құқықтың қамтамасыз ету қызметі көрінеді.

Халықаралық құқық мемлекеттердің заңды құқығы мен мүддесін қорғайды. Бұл – халықаралық құқықтың қорғаушылық қызметін қалыптастырады.

Халықаралық қатынастарда мемлекеттерге үстемдік ететін күштеу құралдары халықаралық құқық нормаларында болмайды. Бұл – халықаралық құқықтың ерекшелігі. Бірақ қажет болған жағдайда халықаралық құқықтық тәртіпті қолдауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттер өздері ұжымдық түрде келісіп, күштеу құралдарын қолдануы да мүмкін.

Сыртқы саясат мемлекеттің халықаралық істерінің жалпы бағытын айқындайды. Дипломатия – сыртқы саясатты іске асырудың ең маңызды құралы. Дипломатиялық қызмет пен сыртқы саясат халықаралық құқыққа сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттердің жүргізіп отырған сыртқы саясатының әсері халықаралық құқықтан байқалады. Дипломатия – халықаралық құқықтың нормаларын жасаудың маңызды құралдарының бірі. Халықаралық қатынастар жүйесі халықаралық құқық пен дипломатияның және сыртқы саясаттың диалектикалық бірлігі мен өзара іс-әрекетінен тұрады. Бірақ сыртқы саясат пен дипломатия халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптеріне қайшы келмейді.

6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға мәтіннің мазмұнын пайдаланып, жауап беріңіз.

- 1 Халықаралық құқық ұғымы қашан пайда болды?
- 2 Халықаралық құқықтың алғашқы мағынасы нені білдіреді?
- 3 Халықаралық құқық мемлекеттердің өзара қатынастарына қалай ықпал жасайды?

4 Халықаралық құқық нормаларында мемлекеттің үстінен қолданылатын күштеу құралдары бола ма?

5 Халықаралық қатынастар жүйесін қалай түсінесіз?

7-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестеріне қажетті жалғаулар қосып, сөйлем құраңыз.

1 құқық, халықаралық, пайда болды, даму, қоғам, барысы;

2 халықаралық, адамзат, даму, нәтижесі, құқық, қоғамы;

3 ережелер, белгілі, мемлекеттер, жүріп-тұру, бір, қолданады;

4 сәйкес, дипломатиялық қызмет, құқық, жүргізіледі, сыртқы саясат, халықаралық, пен.

8-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақтар қойыңыз.

1 Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттеушілік қызметін атқарады.

2 Халықаралық құқықтың реттеушілік қызметі мемлекеттердің бұзуға болмайтын ережелерді қабылдауынан көрінеді.

3 Халықаралық құқық мемлекеттердің заңды құқығы мен мүддесін қорғайды.

4 Сыртқы саясат мемлекеттің халықаралық істерінің жалпы бағытын айқындайды.

5 Дипломатия – сыртқы саясатты іске асырудың ең маңызды құралы.

9-тапсырма. Анықтаңыз: шын немесе жалған.

1 Халықаралық құқық ұғымының алғашқы мағынасы халықтар арасындағы құқықты білдірген. ...

2 Уақыт өткен сайын құқықтың дәстүр түрінде көрінуіне әкелді. ...

3 Халықаралық құқықтың даму заңдылықтары халықаралық қатынастардың заңдылықтарына сәйкес болмайды. ...

4 Халықаралық құқықтың реттеушілік қызметі мемлекеттердің бұзуға болмайтын ережелерді қабылдауынан көрінбейді. ...

5 Халықаралық қатынастарда мемлекеттерге үстемдік ететін күштеу құралдары халықаралық құқықтың нормаларында болмайды. ...

6 Дипломатия халықаралық құқықтың нормаларын жасаудың маңызды құралдарының бірі емес. ...

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Тірек сөздермен сөйлем құраңыз.

Адамның азаматтық алуы, жеке бас бостандығы, өрескел қателіктер, жеке өмірге қол сұғу, адамның ары мен абыройы.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда прокуратураның рөлі қандай?

2 Президенттің мемлекеттік билік жүйесіндегі орны, рөлі, атқаратын функциясы қандай деп ойлайсыз?

3 Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қандай жағдайда шек қойылады?

3-тапсырма. Ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының функцияларына сипаттама беріңіз.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАР

БҰҰ-ның Бас ассамблеясы 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын» қабылдаған болатын. Қазір бұл құжат өркениетті адамзат түгел мойындаған, адам атаулының бәріне бірдей, дүние жүзінің прогресшіл күштері түгел таныған, адам құқықтары туралы негізгі құжат болып табылады.

Декларация мәтінінен орын алған адам құқықтарын сипатына қарай үш топқа жіктеуге болады. *Бірінші топқа адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтары* жатады. Адамның өмір сүру құқығы, оның жеке басының бостандығы, құлдықтан азат болу құқықтары – осының мысалдары. Әр адам туылғаннан пешенесіне жазылған, қасиетті және қастерлі құқықтарына ешкімнің қол сұғуға қақысы жоқ. Адамды азапқа салуға, оған өрескел қаталдық көрсетуге немесе оның намысын қорлайтын шаралар қолдануға, оның жеке өміріне қол сұғуға тыйым салынады. Адамның арына, абыройына тиетін әрекеттерге, оның тұрғын орнына басып кіруге, мүлкіне қол сұғуға жол берілмеуі тиіс.

Екінші топқа азаматтыққа байланысты құқықтар мен бостандықтар жатады. Бұлар – адамның азаматтық алу, еркін жүру, тұрғылықты жерін таңдап алу, некеге отыру, отбасын құру, баспана иесі болу, ұждан бостандығы; шерулерге қатысу; мемлекет істерін басқаруға қатысу құқықтары.

Үшінші топқа – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жатады. Бұлар – адамның еңбек ету, өз қалауы бойынша жұмыс таңдау, еңбегіне сай ақы алу, меншік иесі болу, кәсіптік одақтарға бірігу, қоғамдық бірлестіктердің жұмысына қатысу, демалу, білім алу, адамға лайық тұрмыс құру құқықтары.

Қоғам адамдарды жынысына, тегіне, нанымдына, лауазымына, ұлтына, материалдық жағдайына, жасына, өзге де әлеуметтік белгілеріне қарап алаламауы керек. *Заң алдында жұрттың бәрі тең.*

Адамдар алған білімдері арқылы тек өздеріне ғана емес, қоғамға да пайда келтіреді. Еңбек ету бостандығына ие азаматтар тек өздері үшін ғана емес, қоғам үшін де материалдық және рухани игіліктер жасайды.

5-тапсырма. Мәтін бойынша өз пікіріңізді айтыңыз.

6-тапсырма. Айналамыздағы қоршаған адамдардың әрекеттерінен мысал келтіре отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының өз міндеттерін қалай өтеп жүргендері туралы пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

7-тапсырма. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

1. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі түсінігі бойынша – ...	1 қылмыс деп танылады.
2. Біреудің сыртынан мәлімет жинау үшін, ...	2 деген мақалы арды аса қастерлеудің көрінісі болып табылады.
3. Заң адамды басқа біреудің ...	3 Отан қорғау ең қасиетті борыш болып табылады.
4. Заң бойынша, біреуді қорлау – ...	4 адам мен азамат құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге басты назар аударады.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясында халық ұғымы ...	5 барлық ұлттық топтарды түгел қамтитын, тұтас әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастырылады.
6. Өзін өркениетті қоғам деп санайтын кез келген мемлекет ...	6 оның өзінің келісімі керек, мұндай мәліметті сақтаудың және пайдаланудың реттілігін білу керек.
7. Қазақ халқының «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» ...	7 күш көрсетуінен сақтап отырады.

8-тапсырма. Жағдаяттар бойынша сөйлеңіз.

- сот немесе тергеуші өзінің қызмет бабын пайдаланды.
- айыпталушыдан күш жұмсау арқылы айғақ алынды.
- бір азамат екінші азаматтың құқығы мен бостандығына нұқсан келтірді.

9-тапсырма. Мына сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Құқық және мемлекет, адам бостандығы, заң бұзушылық, құқық қорғау ұйымдары, заң алдындағы теңдік.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Адам қоғамының заңсыз өмір сүре алмайтыны белгілі. Ал қоғамды заңмен басқару үшін нормативті актілердің саны қанша болуы керектігін ешкім де дәл тауып айта алмас еді. Дамыған демократиялы елдерде әрекет ететін заңдар мындап саналады. Сол заңдардың бәрінің бастау алар негізі Конституция болып табылады.

Өркениетті қоғам конституциялық заңдылыққа бағына отырып дамиды. Конституцияда мемлекеттік құрылым түрлері, мемлекеттік басқарудың формалары анықталады. Азаматтардың негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері көрсетіледі. Сонымен Мемлекет пен қоғамның Негізгі заңы ретінде Конституция бүкіл заң шығару ісінің қайнар көзі болып табылады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдап, Қазақстанның халықаралық құқықтық субъект

ретінде жария етілуі елдің тәуелсіздік мәртебесіне сай заңын – Конституциясын қабылдау қажеттігін туғызды. 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан Республикасының Негізгі заңы – Конституциясы қабылданды. Бұл заң өтпелі кезеңнің негізгі заңы ретінде екі жыл өз миссиясын атқарып, ел тарихында қалды.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады. Онда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету ұстанымдары белгіленген. Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі ретіндегі адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары және міндеттері баян етілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында халық ұғымы барлық ұлттық топтарды түгел қамтитын, тұтас әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде түсіндіріледі. Халық әлеуметтік таптарға, топтарға бөлінбейді, сонысымен қоғамда бейбітшілікті сақтауда маңызды рөл атқара алады. Конституция адамдарды мүліктік жағдайына қарай алаламайды, түрлі әлеуметтік топтардың ешқайсысын жақтап шықпайды. Конституция мемлекетті әлеуметтік деп, яғни бүкілхалықтық деп таниды. Мұның мәні: мемлекет халықтың бір тобының есесінен оның екінші бір тобына артықшылық бермейді.

Көп ұлтты Қазақстан қоғамының жағдайында «халық» деген ұғымға қазақ ұлтымен қатар барлық ұлттық диаспоралар мен этностар өкілдері де кіреді. Қазақ ұлты мемлекеттің, яғни бүкіл халықтың әлеуметтік базасының ұйытқысы болғанымен, оған айрықша құқықтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени артықшылықтар берілмейді.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін артықшылық деп санауға болмайды. Өйткені ол – қазақ тілінің табиғи құқығы. Егер Қазақстанның байырғы тұрғындары қазақтар бола тұра, ол халықтың тілінің мемлекеттік мәртебесі болмаса, онда ол тілді қолданушылардың құқығы табанға тапталған болып шығар еді.

10-тапсырма. Мәтінге сәйкес берілген сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Адам қоғамының заңсыз 2. Дамыған демократиялы елдерде
3. Сонымен Мемлекет пен қоғамның Негізгі заңы ретінде Конституция
4. 1993 жылы 28 қаңтарда 5. Халық әлеуметтік таптарға, топтарға бөлінбейді, 6. Конституция адамдарды мүліктік жағдайына қарай алаламайды, 7. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін артықшылық
8. Егер Қазақстанның байырғы тұрғындары қазақтар бола тұра, ол халықтың тілінің мемлекеттік мәртебесі болмаса,

11-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріп көріңіз.

- 1 Құқық пен заң арасында қандай байланыс бар?
- 2 Қазақ халқының ұлттық құқықтық жүйесі қашан қалыптасты деп ойлайсыз?

3. Қандай халықаралық құқық қорғау ұйымдарын білесіз?
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Қазақстанның қазіргі Конституциясы қандай бөлімдерден тұратынын, бөлімдерде не тұжырымдалатынын қысқаша дәптерлеріңізге жазыңыз.

2-тапсырма. Болашақ мамандығыңыздың тәртіптік және әкімшілік-құқықтық жауапкершілігі туралы әңгіме құрастырыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық қатынастарда халықаралық құқықтың ... қызметі көрінеді

- A) реттеушілік
- B) қорғаушылық
- C) жазалаушылық
- D) тәрбиелеушілік
- E) қамтамасыз етушілік

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық құқық ... заңды құқығы мен мүддесін қорғайды

- A) адамдардың
- B) азаматтардың
- C) мемлекеттердің
- D) жеке тұлғалардың
- E) заңды тұлғалардың

3. Бірыңғай етістіктерден құралған тіркестерді көрсетіңіз

- A) рөл атқара алады
- B) қалыптасып келеді
- C) тауып айта алмас еді
- D) жарияланған болатын
- E) қабылдау қажеттігін туғызды

4. Есімдер мен етістіктердің тіркесінен құралған тіркестерді көрсетіңіз

- A) демалу
- B) білім алу
- C) болып шығар еді
- D) құқықтық реттеу
- E) өз қалауы бойынша жұмыс таңдау

5. Мағыналас сөздері табыңыз

- A) Заң алдында жұрттың бәрі тең
- B) Заң алдында жұрттың бәрі бірдей
- C) Заң алдында жұрттың бәрі қадірлі

D) Заң алдында жұрттың бәрі міндетті

E) Заң алдында жұрттың бәрі жауапты

6. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық қатынастар жүйесі ... , ... және ... диалектикалық бірлігі мен өзара іс-әрекетінен тұрады

A) ішкі саясаттың

B) дипломатияның

C) конституцияның

D) сыртқы саясаттың

E) халықаралық құқықтың

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Декларацияда адам құқықтары сипатына қарай ... топқа жіктеледі

A) екі

B) үш

C) бес

D) төрт

E) алты

8. Сөйлемді аяқтаңыз. Декларация мәтінінен орын алған адам құқықтарын былайша топтауға болады: ...

A) конституциялық құқық және еңбек құқығы

B) адам бостандығы және халықаралық құқықтар

C) адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтары

D) экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар

E) азаматтыққа байланысты құқықтар мен бостандықтар

9. Адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтарына жатпайтын құқықтарды анықтаңыз

A) өмір сүру құқығы

B) жеке басының бостандығы

C) құлдықтан азат болу құқықтары

D) тұрғылықты жерін таңдап алу құқығы

E) некеге отыру, отбасын құру, баспана иесі болу құқығы

10. Сөйлемді аяқтаңыз. Азаматтыққа байланысты құқықтар мен бостандықтар: ...

A) шерулерге қатысу

B) ұждан бостандығы

C) еңбек ету, еңбегіне сай ақы алу

D) меншік иесі болу, кәсіптік одақтарға бірігу

E) мемлекет істерін басқаруға қатысу құқықтары

7-сабақ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1-тапсырма. Сөздермен жұмыс істеңіз.

Басшылыққа алу, міндетті, шектеу, тұрақтану, бесаспаптылық, жарғы, қауіп-қатер, қол сұқпау.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Халықаралық құқық принциптері барлық субъектілердің өз іс-әрекетінде басшылыққа алатын ережелерден тұрады. Бұл ережелер – қалыптасқан халықаралық қатынастар тәжірибесінің жалпы көрінісі. Халықаралық құқық принциптері – барлық субъектілер үшін міндетті болып табылатын халықаралық құқық нормалары. Халықаралық құқықтың принциптерін қатаң сақтау барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Оны бір немесе бірнеше мемлекет өзгертіп бұза алмайды.

Халықаралық құқық принциптері әдетте шарт жасау жолымен қалыптасады. Олар бір мезгілде екі қызметті атқарады: халықаралық қатынастарды белгілі бір көлемде шектеу арқылы оның тұрақтануына әсер етеді және халықаралық қатынастар тәжірибесінде пайда болып жатқан барлық жаңалықтарды бекіту арқылы оның дамуына ықпал етеді.

Халықаралық құқық принциптерін бұзу арқылы халықаралық қатынастардың басқа да субъектілерінің заңды мүдделері қозғалатын болғандықтан, халықаралық құқықтың барлық субъектілері принциптерді қатаң сақтауға міндетті. Халықаралық құқық принциптері барлық халықаралық құқықтық нормалар жүйесінің өлшемі болып табылады. Сондықтан бұл принциптер – халықаралық құқықтық тәртіптің негізі.

Халықаралық құқықтың негізгі принциптері БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген. Халықаралық құқық принциптері бір-бірімен тығыз байланысты және әрқайсысы басқа принциптердің аясында қарастырылуға тиіс.

Халықаралық құқық принциптері:

- мемлекеттер егемендігінің теңдігі;
- мемлекеттер шекараларының беріктігі;
- қауіп-қатерді күшпен шешпеу және күш қолданбау
- мемлекеттер аумағының тұтастығы;
- халықаралық дауларды бейбіт шешу;
- ішкі істерге қол сұқпау;
- адам құқығын жалпы құрметтеу;
- ұлттар мен халықтардың өзін-өзі билеуі;
- ынтымақтастық;
- халықаралық міндеттерді адал орындау.

3-тапсырма. Халықаралық құқық принциптерінің әрқайсысына түсінік беріңіз.

4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға мәтіннің мазмұнын пайдаланып, жауап беріңіз:

1 Халықаралық қатынастың барлық субъектілері өз іс-әрекетінде нені басшылыққа алады?

2 Мемлекеттер халықаралық құқық принциптерін қатаң сақтауға міндетті ме? Неге?

3 Халықаралық құқық принциптері қалай қалыптасады?

4 Халықаралық құқық принциптерін бұзуға немесе өзгертуге бола ма?

5 Халықаралық құқық принциптерінің өзіне тән қандай ерекшелігі бар?

6 Халықаралық құқықтың негізгі принциптері қайда көрсетілген?

7 Халықаралық құқық принциптерін жатқа айтыңыз.

5-тапсырма. Анықтаңыз: шын немесе жалған.

1 Халықаралық құқық принциптерін барлық субъектілері өз іс-әрекетінде басшылыққа алмайды. ...

2 Халықаралық құқық принциптері барлық субъектілер үшін міндетті. ...

3 Халықаралық құқық принциптері әдеттегі шарт жасасу жолдарымен қалыптаспайды. ...

4 Халықаралық құқықтың негізгі принциптері БҰҰ-ның Жарғысында жазылған жоқ. ...

6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестеріне қажетті жалғаулар қосып сөйлем құраңыз.

1 Принциптер, сақтау, қатаң, субъектілер үшін, халықаралық, міндетті, құқық, болып табылады.

2 Шарт жасасу, халықаралық құқық, жолымен, принциптері, қалыптасады.

3 Негізгі принциптері, халықаралық құқық, Жарғы, БҰҰ, көрсету.

4 Бір-бірімен, тығыз, халықаралық құқық принциптері, байланысты.

7-тапсырма. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1 Халықаралық құқық принциптерін бір немесе бірнеше мемлекет өзгертіп бұза алмайды.

2 Халықаралық құқық принциптері барлық субъектілердің өз іс-әрекетінде басшылыққа алатын ережелерден тұрады.

3 Халықаралық құқық принциптері әдетте шарт жасасу жолымен қалыптасады.

4 Халықаралық қатынастарды белгілі бір көлемде шектеу арқылы оның тұрақтануына әсер етеді.

5 Халықаралық құқық принциптері барлық халықаралық құқықтық нормалар жүйесінің өлшемі болып табылады.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қойылатын қажетті сөздерді мәтіннен тауып жазыңыз.

1 Халықаралық құқықтың нормалары ...

2 Халықаралық құқықтың негізгі принциптері ... көрсетілген.

3 Халықаралық құқық принциптері – барлық субъектілері үшін ...

4 Халықаралық құқық принциптері – халықаралық құқықтық тәртіптің ...

5 Халықаралық құқық принциптерін бұзу арқылы халықаралық қатынастардың басқа да субъектілердің ... қозғалады.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАС БОСТАНДЫҒЫ МЕН АБЫРОЙЫ

Адамның жеке басының қоғамдағы жағдайы – мемлекеттің даму деңгейін білдіретін көрсеткіш. Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа заңдарында азаматтардың бас бостандығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылған. Егер өзінің өміріне, денсаулығына, қадіріне нұқсан келетін жағдай болса, адам мемлекеттік органдардан қорғаныс іздеуге, заң бойынша көмек сұрауға, президенттің өзіне шағым етуге құқылы.

Адамның ең қарапайым да табиғи құқығы өмір сүру құқығы болып табылады. ҚР Конституциясы бойынша ешкімнің өз бетінше азаматты өмір сүру құқығынан айыруға, адам өмірін жоюға хақысы жоқ. Бұл тұрғыда ҚР Конституциясы тұжырымдары «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында» көрсетілген бағыттарға сәйкес келеді.

Адамның жеке басының бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын Конституция қорғайды. «Ешкімді азаптауға, оған зорлық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық абыройын қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» деп көрсетілген Қазақстан Республикасы Конституциясында.

Заң адамды басқа біреудің күш көрсетуінен қорғап отырады. Әдетте, мұндай әрекет күш жұмсау немесе күш қолдануды ескерту тәсілімен жүзеге асырылуы мүмкін. Өзінің азаматтық міндетін орындау үстінде қылмыскерді ұстау немесе оны тәртіп қорғау органдарына тапсыру үшін күш жұмсаған адам жауапқа тартылмайды.

Сот және тергеу жұмыстарында куәгердің көрсетуінің маңызы зор. Куәгер тергеу үрдісінде, сотта айғақ болудан бас тарта алады. Мұны әр адам түсінуі тиіс. Егер адам біреудің қоғамдық не мемлекеттік заңды құқығына зиян келтіретін ісіне куә болса, істің шындығын айтып, тергеу органы мен сотқа көмектесу оның азаматтық борышы болып табылады. Сот қызметкерлері мен тергеушілер шындықты көрсетіп беретін куәгер көпшілікке кеңінен мәлім болып кетсе, қылмыскердің одан кек алу үшін әрекет жасайтынын ұмытпауы керек. Куәгердің өзінің азаматтық борышын өтегені үшін қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Конституция адамның өнегелі сапасы – оның ары мен абыройын жоғары ұстайды. Барлық халықта ар мен абырой кісінің жоғары бағалайтын құндылықтарының бірі саналады. Қазақ халқының «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген мақалы арды қастерлеудің көрінісі болып табылады. Адамгершілікке негізделген қоғамда ар мен намыс заң жүзінде қорғалады. ҚР Конституциясы адамның ар мен абыройына қол сұғуға жол бермейді.

Заң бойынша, біреуді қорлау қылмыс деп танылады. Тіл тигізу жалпы адамзаттық ұстаным қағидасынан алып қарағанда, адамның қадірін қорлау болып табылады. Заң жеке адамның арын, ұжданын және абыройын қорғаумен бірге, оның өміріне басқа біреудің озбырлық жасауына жол бермейді.

2-тапсырма. Ар, намыс, абырой деген сөздерге түсініктеме беріңіз.

3-тапсырма. Мәтіндегі мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?

4-тапсырма. Адамның ары мен абыройына нұқсан келген жағдайларға мысал келтіріңіз.

5-тапсырма. Халықаралық құқық қорғау органдарын атап шығыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. «Халықаралық құқық принциптері» тақырыбын қорытындылау үшін оның принциптерінің бірін тақырып етіп алып, монолог даярлаңыз. Монологті даярлаған кезде мына мәселелерге назар аударыңыздар:

– таңдаған принципіңізге өмірден мысалдар келтіріңіз;
– таңдаған принципіңіздің ерекшелігі мен маңызы неде екенін көрсетіңіз.

2-тапсырма. «Интерпол» деген не ұйым және ол немен айналысады» деген тақырыпта мәліметтер жинаңыз.

3-тапсырма. «Адам саудасы», ұзақ мерзімді миграция, тұрақты мекенін ауыстыру, босқындар, иммиграция, эмиграция, миграция, оралмандар (реэмигранты) дегенді қалай түсінесіз? Осы терминдердің анықтамасын дәптеріңізге жазып алыңыз. Оларды пайдаланып, «Қазақстандағы миграция» туралы мақала жазыңыз

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Халықаралық құқық принциптері ...

- A) шарт жасасу жолымен қалыптасады
- B) халықаралық қатынастардың дамуына ықпал етеді

- C) халықаралық қатынастардың тұрақтануына әсер етеді
- D) оларды кез келген субъектінің талабымен өзгертуге болады
- E) оларды кез келген субъектінің өтінішімен өзгертуге болады

2. Сөйлемді аяқтаңыз. Халықаралық құқық принциптерінің ...

- A) бір-біріне қатысы жоқ
- B) барлығы дербес ережелер
- C) барлығы бір-бірімен тығыз байланысты
- D) барлығын бір-бірінен ажыратуға болмайды
- E) әрқайсысы әдетте, басқа принциптердің аясында қарастырылады

3. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз. Заң жеке адамның арын, ұжданын және абыройын қорғайды

- A) неде? қайда?
- B) нені? нелерді?
- C) неден? қайдан?
- D) неге? неліктен?
- E) немен? нелермен?

4. Сөйлемді аяқтаңыз. Барлық субъектілер үшін халықаралық құқықтың принциптерін қатаң сақтау – ...

- A) парыз
- B) жауап
- C) міндет
- D) борыш
- E) мақсат

5. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз. Заң жеке адамның өміріне басқа біреудің озбырлық жасауына жол бермейді.

- A) неге?
- B) кімге?
- C) қайда?
- D) қаншада?
- E) не себепті?

6. Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз. Халықаралық құқық принциптері халықаралық қатынастардың тұрақтануымен қоса дамуына да ықпал етеді

- C) не?
- A) неге?
- B) немен?
- C) не үшін?
- D) неліктен?
- E) не себепті?

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық құқық принциптерінің бірі – ... егемендігінің теңдігі

- A) елдермен
- B) халықтарды
- C) мемлекеттер

D) субъектілерден

E) ұлттар мен ұлыстарға

8. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық құқық принциптері барлық субъектілер бұлжытпай орындайтын ... тұрады

A) заңды

B) заңмен

C) ережелерді

D) ережелерден

E) жарғыларымен

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазақстан Республикасы ... тіл тигізу – адамның қадірін қорлау болып табылады делінген

A) Жарғысын

B) Ата Заңының

C) Тіл туралы Заңына

D) Конституциясында

E) Қылмыстық кодексіне

10. Мамандыққа қатысты лексиканы көрсетіңіз

A) халықаралық құқық принциптері – құқықтық нормалар

B) оны бір немесе бірнеше мемлекет өзгертіп бұза алмайды

C) барлық мемлекеттер оған бағынуға, оны қатаң сақтауға тиіс

D) ар, абырой кісінің жоғары бағаланатын құндылықтарының бірі

E) халықаралық құқықтың принциптері БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген

8-сабақ

МЕМЛЕКЕТТІҢ АУМАҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫС

1-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздіктен қарап, жазып алыңыз.

Аумақ, мемлекеттің аумағы, мемлекеттік құрылыс, мемлекеттік құрылым. **2-тапсырма. Мәтінмен оқып танысыңыз.**

Мемлекеттің аумағы – жер шарының белгілі бір елдің егемендігінде болатын бір бөлігі. Мемлекеттік аумақ құрамына қойнауымен бірге құрлық, су және әуе кеңістігі кіреді. Су аумағына ішкі сумен бірге аумақтық сулар кіреді, ал соңғысының мәнісі Дүниежүзілік мұхиттың құрлыққа іргелес 12 теңіз милі шеңберіндегі су деген сөз.

Бұған қоса 200 мильдік экномикалық аймақ деген ұғым бар. 12 мильдік аумақтық судан басқаша экономикалық аймақ жағадағы мемлекеттің егемендігінде болмайды. Ол мұнда табиғи ресурстарды өндіріп ала алады. Ал басқа мемлекеттер бұл аймақта тек кеме және әуе қатынасы, кабельдер мен құбырлар тарту еркіндігін пайдаланады.

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Егемен елдерде мемлекеттің ұйымдасуының әркілы түрлері бар. Олардың ең маңыздысы – мемлекеттік құрылыс. Ол монархиялық және республикалық болуы мүмкін.

Монархия дегеніміз – жоғары мемлекеттік өкімет монарх корольдің, князьдің, сұлтанның, шахтың, әмірдің қолында болатын және мұраға берілетін басқару түрі. Монархия абсолютті болуы мүмкін. Ондайда монархтың билігі шексіз дерлік болады немесе конституциялық болуы мүмкін. Ондайда жоғары мемлекеттік билік конституциямен шектеледі. Қазіргі дүние жүзінде конституциялық монархиялар неғұрлым көп тараған. Монархияның тағы бір түрі – монарх – шіркеу басшысы болатын теократиялық монархия.

Республика дегеніміз – мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары сайланатын, оларды жалпыұлттық өкілетті мекемелер – парламенттер құратын басқару түрі.

Дүние жүзінің барлық мемлекеттері унитарлық және федерациялық елдер деп сараланады.

Унитарлық мемлекет дегеніміз – оның аумағының құрамында өзін-өзі басқаратын түзілімдер болмайтын **мемлекеттік құрылым** түрі. Мұндай мемлекетте бірыңғай конституция, мемлекеттік өкімет органдарының бірыңғай жүйесі болады. Әкімшілік бірліктердің заң шығарушылық емес, атқарушылық қана билігі болады. Қазіргі дүние жүзі мемлекеттерінің көпшілігі унитарлық.

Федерациялық мемлекет – өзінің аумағында өзін-өзі басқаратын түзілім болатын мемлекеттік құрылым түрі. Мұндай түзілімдер одақтық бір мемлекетке кіргенімен, біршама саяси дербестігі болады. Мұндай федерациялық бірліктердің (республикалар, штаттар, жерлер, провинциялар және т.б.) әдетте өз конституциясы, өкімет органдары болады.

Мемлекеттердің бірігуінің енді бір түрі – конфедерация біршама сирек кездеседі.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Абсолюттік монархия деген не?
- 2 Қай елдерде абсолюттік монархия орнаған?
- 3 Конституциялық монархияны қалай түсінесіз?
- 4 Қай елдерде конституциялық монархия орнаған?
- 5 Теократиялық монархия деген не?
- 6 Қай елде теократиялық монархия орнаған?

5-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.

- 1 Қазіргі дүние жүзі мемлекеттерінің көпшілігі унитарлық. Мысалы:
..., ..., ...,
- 2 Федерациялық мемлекеттер: ..., ..., ..., ...,
- 3 Егемен елдерде мемлекеттің ұйымдасуының әрқилы түрлері бар.
Мәселен, ...,

6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген терминдердің мағыналарын ашыңыз.

7-тапсырма. Мәтін мәліметтерін пайдаланып, кроссворд құрастырыңыз, өзіңіз ат ойлап табыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мемлекеттік құрылысы әртүрлі елдердің заң шығару, басқару органдарын салыстырыңыз.

2-тапсырма. Қазақстандағы заң шығару, құқық қорғау органдары туралы білімдеріңізбен бөлісіңіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. «ҚР-ның саяси жүйесі» атты реферат дайындап, қорғаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Мемлекеттік аумақ құрамына ... кіреді

- A) ішкі сулар
- B) әуе кеңістігі
- C) аумақтық сулар
- D) қойнауымен бірге құрлық
- E) 200 мильдік экномикалық аймақ

2. Аумағының құрамында өзін-өзі басқаратын түзілімдер болмайтын мемлекеттік құрылым

- A) конфедерация
- B) құрама штаттар
- C) одақтық мемлекет
- D) унитарлық мемлекет
- E) федерациялық мемлекет

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Мемлекетте ... болса, монархтың билігі шексіз дерлік болады

- A) Республика
- B) конфедерация
- C) абсолюттік монархия
- D) теократиялық монархия
- E) конституциялық монархия

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Монархия дегеніміз – жоғары мемлекеттік өкімет ... қолында болатын және мұраға берілетін басқару түрі

- A) әмірдің
- B) князьдің
- C) сұлтанның

- D) монарх корольдің
- E) премьер-министрдің

5. Сөйлемді аяқтаңыз. 200 мильдік экономикалық аймақта жағадағы мемлекеттен басқа мемлекеттер ...

- A) табиғи ресурстарды өндіре алады
- B) әуе қатынасы еркіндігін пайдаланады
- C) кеме қатынасы еркіндігін пайдаланады
- D) құбырлар тарту еркіндігін пайдаланады
- E) кабельдер тарту еркіндігін пайдаланады

6. Сөйлемді толықтырыңыз. ... – унитарлық мемлекет.

- A) Англия
- B) Ресей Федерациясы
- C) Қазақстан Республикасы
- D) Америка Құрама штаттары
- E) Қытай Халық Республикасы

7. Сөйлемді аяқтаңыз. «Күншығыс» елінің мемлекеттік құрылымы – ...

- A) федерация
- B) конфедерация
- C) абсолюттік монархия
- D) теократиялық монархия
- E) конституциялық монархия

8. Сөйлемді аяқтаңыз. Қазақстандағы заң шығару органы ...

- A) Үкімет
- B) Президент
- C) депутаттар
- D) Парламент
- E) министрлер

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Федерациялық бірліктерге ... жатады

- A) жерлер
- B) қалалар
- C) штаттар
- D) провинциялар
- E) республикалар

10. Мамандыққа қатысты лексиканы көрсетіңіз

- A) қазақ топырағы
- B) мемлекеттік аумақ
- C) экономикалық аймақ
- D) мемлекеттік құрылыс
- E) мемлекеттік құрылым

9-сабақ

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1-тапсырма. Сөздермен жұмыс істеңіздер, сөздікті пайдаланыңыз.
Хатталған, мойындалған, дербес, шекара сызығы, шарт, құқық, мызғымастық, тұтастық, құрметтеу.

2-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1 Халықаралық құқықтың қандай маңызды принциптерін білесіздер?
- 2 Аумақ деген не, аймақ деген не?
- 3 Мемлекеттің елтаңбасын, туын, әнұранын, астанасын кім айқындайды?
- 4 Мемлекеттік шекара сызығы нені талап етеді?
- 5 Кез келген мемлекеттің аса маңызды сипаты не?

3-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздіктен қарап, жазып алыңыз. Шекара, мызғымас, тұтастық.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ШЕКАРА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Заңдық негізде хатталған және халықаралық тұрғыда мойындалған шекара – бұл кез келген мемлекеттің аса маңызды сипаты. Егер елтаңбасын, туын, әнұранын, астанасын және тағы басқаларын әр ел өзі дербес айқындайтын болса, ал мемлекеттік шекара сызығының өтуі тиісті халықаралық шарттардың жасалуын талап етеді.

Ал ең бастысы – заңдық негізде хатталған шекара халықаралық құқықтың екі маңызды принципін: шекараның мызғымастығы принципі мен мемлекеттің аумақтық тұтастығы принципін мұлткісіз сақталуына жәрдемдеседі. 1945 жылы БҰҰ Жарғысы бойынша, кейінірек 1970 жылғы Халықаралық құқық принциптері туралы Декларация бойынша қатысушы мемлекеттер бір-бірінің аумақтық тұтастығын құрметтеуі тиіс.

5-тапсырма. Анықтаңыз: шын немесе жалған.

- 1 Заңдық негізде хатталған және халықаралық тұрғыда мойындалған шекара кез келген мемлекеттің аса маңызды сипаты. ...
- 2 Рәміздерді, астананы әр ел өзі дербес айқындайды. ...
- 3 Мемлекеттік шекара сызығының өтуі тиісті халықаралық шарттардың жасалуын талап етеді. ...
- 4 Заңды негізде хатталған шекара халықаралық құқықтың екі маңызды принципін мұлткісіз сақталуына жәрдемдеспейді. ...
- 5 Халықаралық құқық принциптері туралы Декларация бойынша мемлекеттер бір-бірінің аумақтық тұтастығын құрметтеуі тиіс. ...

6-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар.

- 1 Шекара деген не?
- 2 Мемлекеттік шекара деген не?

7-тапсырма. Мәтіннен біріккен сөздерді табыңыз.

8-тапсырма. Шекара сөзіне анықтауыш болатын сөздерді табыңыз Мысалы, мемлекеттік шекара,

9-тапсырма. Төменде берілген мәтіннен Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы фактілерге назар аударыңыз.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ШЕКАРАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстанның Қытаймен шекарасының ұзындығы қазір 1700 шақырымдай деп жүрміз. Бұл тұрғыдағы нақты цифр шекараны демаркациялаудан кейін, яғни жергілікті орында шекаралық белгілермен белгіленген соң анықталады.

Бұрын ол мынадай шарт құжаттарының негізінде белгіленген болатын:

– 1860 жылғы 2 қарашадағы Пекин қосымша шарты (шекараның жалпы бағытын анықтайды);

– 1864 жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург шарты. Бұл көрсетілген құжаттар шекаралық мәселенің тарихына қатысты жайлар.

1994 жылы 26 сәуірде мемлекет басшылары Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімге қол қойды. Ол 1995 жылғы 11 қыркүйекте бекіту грамоталарын алмасқаннан кейін күшіне енді. Осы кезде шекараның екі учаскесі бойынша келісімге қол жетпеді. Біріншісі – Сарышілде өзені ауданындағы учаске (Алматы облысының Алакөл ауданы). Екіншісі – Шаған-Оба және Баймырза асулары ауданындағы учаске (Шығыс Қазақстан, Зайсан ауданы).

1998 жылы 4 шілдеде қол қойылған қосымша келісім бойынша келісілмеген екі учаскенің шамамен 944 шаршы шақырым жалпы ауданынан Қазақстанға 537 шаршы шақырым, Қытайға 407 шаршы шақырым бекітілді.

Тарихи құжаттарға қарай отырып, шекараның дәлелденуі нәтижесінде тараптар заңдық негізде хатталған шекараға ие болды («Егемен Қазақстан». 1998ж., 17 шілде).

10-тапсырма. Мәтінде берілген құжаттарды атаңыз.

11-тапсырма. Тәуелді септеуді естеріңізге түсіріңіз. Хаттама, шекара, келісім, шарт сөздерін тәуелді септеңіз.

12-тапсырма. Қазақстан мен Ресейдің мәңгілік достық Декларациясында сізге таныс қандай халықаралық құқық принциптері көрсетілген?

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өз қарым-қатынастарын кең ауқымдағы ынтымақтастық, өзара сенім, бір-бірінің тәуелсіздігін, егемендігін құрметтеу, территориялық тұтастығын сақтау және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын орнықтыру, даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу және күш көрсетпеу немесе қоқан-лоқы жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, тең және өзара тиімділік негізінде жүргізетін болады («Егемен Қазақстан». 1998, 7 шілде).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Африканың саяси картасын пайдаланып, осы континент елдерінің мемлекеттік шекараларына талдау жасаңыз. Неліктен мұндағы мемлекеттік шекаралар түзу сызық болып келеді?

2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыз.

Қазіргі дүние жүзінің саяси картасында 200-ден астам мемлекеттік құрылым бар. Олардың ішінде 38 мемлекеттің Мұхитқа шығар жолы жоқ. Олар Еуразияда – 18 («ергежейлі» мемлекеттерді қосқанда), Оңтүстік Америкада – 2, Африкада – 14.

3-тапсырма. Дүние жүзінің саяси картасын қолыңызға алыңыз. Мәтінде сөз болып отырған мемлекеттерді картадан табыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Төмендегі терминдердің аудармасын тауып, дәптеріңізге жазыңыз, жаттап алыңыз. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

Шекараны түзету, шекаралық бақылау, шекараны жүргізу, шекаралық шарттар, шекараны айқындау, шекараны қайта жүргізу

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. ҚР-мен шекаралас елдер: ...

- A) Қытай
- B) Өзбекстан
- C) Тәжікстан
- D) Моңғолия
- E) Қырғызстан

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Әр ел ... өзі дербес айқындайды

- A) мемлекеттік туын
- B) мемлекеттік әнұранын
- C) мемлекеттік астанасын
- D) мемлекеттік шекарасын
- E) мемлекеттік елтаңбасын

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Зандық негізде хатталған шекара халықаралық құқықтың ... мүлтіксіз сақталуына жәрдемдеседі

- A) ішкі істерге қол сұқпау принципін
- B) шекараның мызғымастығы принципін
- C) адам құқығын жалпы құрметтеу принципін

- D) мемлекеттің аумақтық тұтастығы принципін
- E) ұлттар мен халықтардың өзін-өзі билеуі принципін

4. Сөйлемді толықтырыңыз. ... мемлекетінің Мұхитқа шығар жолы жоқ

- A) Непал
- B) Пәкістан
- C) Тәжікстан
- D) Моңғолия
- E) Ауғанстан

5. Сөйлемді толықтырыңыз. ... мәңгілік достық Декларациясын жасасты

- A) Қытай мен Ресей
- B) Қазақстан мен Ресей
- C) Қазақстан мен Қытай
- D) Қазақстан мен Түркия
- E) Қазақстан мен Қырғызстан

6. Сөйлемді толықтырыңыз. ... мемлекет басшылары Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімге қол қойды

- A) 1994 жылы 26 сәуірде
- B) 1998 жылғы 7 шілдеде
- C) 1864 жылғы 12 ақпанда
- D) 1995 жылғы 11 қыркүйекте
- E) 1991 жылғы 16 желтоқсанда

7. Дұрыс құрылған сөйлемді таңдаңыз. Тұтастығын (1), мемлекеттер (2), құрметтеуі тиіс (3), аумақтық (4), бір-бірінің (5)

- A) 4, 1, 2, 5, 3
- B) 5, 1, 3, 4, 2
- C) 2, 5, 4, 1, 3
- D) 2, 3, 4, 1, 5
- E) 4, 1, 2, 5, 3

8. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазіргі дүние жүзінің ... 200-ден астам мемлекеттік құрылым бар

- A) саяси картада
- B) саяси картаның
- C) саяси карталары
- D) саяси картасында
- E) саяси картасымен

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Мемлекеттер бір-бірінің ... құрметтеуі тиіс

- A) егемендікті
- B) егемендігін
- C) тәуелсіздікті
- D) тәуелсіздігін
- E) аумақтық тұтастығын

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: демаркация границы

- A) Шекараны түзету
- B) Шекараны жүргізу
- C) Шекаралық шарттар
- D) Шекараны айқындау
- E) Шекараны қайта жүргізу

10-сабақ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Қандай халықаралық ұйымдарды білесіз?
 - 2 Халықаралық ұйымдар қандай мақсаттарда құрылуы мүмкін?
 - 3 Қазақстан қандай халықаралық ұйымдарға мүше?
 - 4 Халықаралық ұйымдарға мүше болу Қазақстанға тиімді ме?
- Ойыңызды нақты деректермен дәйектеніз.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

Саясаттың ғаламдануы ұлттық мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлін өзгертуге әкелді. Аймақтандыру және ғаламдастыру процестері жекелеген мемлекеттердің де, сондай-ақ тұтас алғанда халықаралық саяси жүйенің де рөлі мен функциясына үлкен ықпал етуде.

Қалыптасқан геосаяси өмір болмысын және әлемдегі геосаяси күштердің қатарындағы өзінің орнын байсалды бағалай келіп, Қазақстан ТМД, сондай-ақ бүкіл әлем шеңберінде әртүрлі интеграциялық топтардың жұмысына белсенді түрде қатысуда, осы арқылы ол әлемнің ғаламдық проблемаларын шешуге өз үлесін қосып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық мүдделерін шешуге жол ашады.

1992 жылы 2 наурызда Қазақстанның БҰҰ-ға кіруі өзінің маңызы жағынан тарихи акция болды. Қазақстан БҰҰ-ға әлемдік қоғамдастықтың қатардағы жаңа мүшесі ретінде ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманның ең бір өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын, ядролық қарусыздану жолындағы қозғалыстың алғы шебінде тұрған мемлекет ретінде енді.

Әлемдік саяси проблемаларға Қазақстанның тепе-теңдік сақтаған және шынайы көзқарасы БҰҰ БА-ның күн тәртібіндегі өткір мәселелер бойынша дауыс берген кезде осы халықаралық форумда оң бағаланып жүр. Біздің еліміз ЕҚЫҰ-ның, Парламентаралық Одақ пен Экономикалық Ынтымақтастық ұйымының мүшесі болғандықтан осы бірлестіктердің БҰҰ мен ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған Бас Ассамблея қабылдайтын қарарлардың тең авторы болып табылады.

БҰҰ-дағы біздің мемлекетіміздің ұстанымы БҰҰ қарапайым мәселелердің бүкіл кешені бойынша Қазақстанның мүдделерін ескерудің негізінде қалыптасады. Бұл орайда экономика, экология, әлеуметтік даму, халықаралық құқықты прогрессивті дамыту, адам құқығын сақтау саласында, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында БҰҰ мен өзара іс-қимылды нығайтуға айрықша көңіл бөлінеді.

Экономикалық Ынтымақтастық ұйымы 1985 жылы құрылды. 1992 жылғы қарашада жаңа жеті мемлекет, оның ішінде Қазақстан ЭЫҰ құрамына кіргеннен кейін аталған бірлестіктің қызметі елеулі түрді жанданды. ЭЫҰ-ның негізгі міндеті – мүше елдердің үздіксіз әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін, аймақ мемлекеттері экономикасының шаруашылық байланыстарының әлемдік жүйесіне дәйекті түрде және бірте-бірте кірігуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Біздің еліміздің қазіргі заманғы әлемнің жетекші қаржылық және экономикалық институттарымен өзара іс-қимылы Қазақстанның тұрақты экономикалық өсімінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Осындай құрылымдардың қызметіне Қазақстанның қатысуы әлемдік рынокта оның позициясын нығайтуға, сыртқы берешек проблемаларын реттеу және ішкі ақша айналымын тұрақтандыру үшін енгізуге қаржылық ресурстар тартудың перспективасын жақсартады.

Экономикалық реформаларды қаржыландыру, ұлттық экономиканың жекелеген салаларын дамыту жөніндегі арнайы жобаларды іске асыруға арналған заемдар мен несиелерді алу көзқарасы тұрғысынан Қазақстан Халықаралық Валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Еуропалық Қайта құру және Даму банкі, Азиялық Даму банкі, Ислам Даму банкі сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа басымдықты рөл береді (Қ.Тоқаев).

3-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздер мен сөз тіркестерін тауып жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз.

5-тапсырма. Мәтіннен қажеттілік модальділігін білдіретін сөйлемді табыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін сөздікпен анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

Қазақстан – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның (ЕҚЫҰ) толық мүшесі. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым тек қана еуропалық ұйым емес. Ол – өзіне мүше кез келген ел орналасқан аймақ үшін жауапты ұйым. Сондықтан

Қазақстан ТМД аймағында дау-жанжалдарды реттеу мақсатында ЕҚЫҰ-мен ынтымақтасқан.

1994 жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымының (ИКҰ) кезекті басқосуына бақылаушы ретінде қатысты. Ұйымның өкілдері Қазақстанға үлкен қызығушылық танытты. Басқосуда Арал мен Семей апаттарының зардаптарын жоюға көмек беру мәселесі қарастырылды. Білім беру жүйесін дамытуға өздерінің іс жүзінде әзір екендіктерін мәлімдеді.

Қазақстан өз тарапынан Азиядағы өзара бірлескен қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АБСШК) шақыру туралы бастама көтерді. АБСШК идеясы Азия құрлығында қалыптасқан күрделі жағдайларға байланысты туындаған болатын.

1994 жылы қазанда аймақтық 26 мемлекеттің, 3 халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері кездесу өткізеді. Олардың ішінде ЕҚЫҰ өкілдері де болды. Осылайша Қазақстан бастамасын жүзеге асырудың алғашқы қадамы жасалды.

Қазіргі уақытта дүние жүзінің 110-нан астам елдерінде ҚР-ның елшіліктері бар. Қазақстанның сыртқы саясаты мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қосылуы, Лиссабон хаттамасына қол қоюы елдің беделін арттырды. Өз кезегінде АҚШ-пен демократиялық әріптестік туралы хартияға қол қоюы, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай тарапынан қауіпсіздік кепілдемесін алуы елдің егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтты. Аумақтың тұтастығы мен шекараларының мызғымастығын қамтамасыз етті.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Қысқарған сөздерді толық атаңыз.

- 1 ҚР Еуропадағы қандай ұйымның мүшесі?
- 2 ЕҚЫҰ не үшін жауапты?
- 3 ҚР ЕҚЫҰ-мен қандай мақсатта ынтымақтасқан?
- 4 Қазақстан ИКҰ-ның басқосуына қашан қатысты?
- 5 Ұйымның өкілдері Қазақстанды қалай қабылдады?
- 6 ИКҰ ҚР-ға байланысты қандай мәселелер қарастырады?
- 7 АБСШК шақыру идеясы неге байланысты туындады?
- 8 Кеңестің алғашқы басқосуына кімдер қатысты?
- 9 Қазақстанның сыртқы саясаты неге бағытталған?
- 10 ҚР-ның егемендігі мен қауіпсіздігін не нығайтты?

3-тапсырма. Өзіңіз құрған жоспарыңыз бойынша «Қазақстан және халықаралық ұйымдар» мәтінін әңгімеленіз.

4-тапсырма. Мәтіннен тұйық етістіктерді тауып, жасалу жолын, мағынасын анықтаңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы туралы мәтін құрастырыңыз.

2-тапсырма. Сауда-саттыққа байланысты он шақты мақал-мәтел тауып, жаттап алыңыз.

3-тапсырма. Өзіңіз жаттаған мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндіріп беріңіз.

4-тапсырма. «Қазақстан және Халықаралық ұйымдар» атты мақаланың тезисін дайындаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Әлемнің жетекші қаржылық және экономикалық институттарымен өзара іс-қимылы еліміздің әлемдік рынокта ... көмектеседі

- A) позициясын нығайтуға
- B) ішкі ақша айналымын тұрақтандыруға
- C) сыртқы берешек проблемаларын реттеуге
- D) халықаралық қатынастардың тұрақтануына әсер етеді
- E) қаржылық ресурстар тартудың перспективасын жақсартуға

2. Берілген сөзге морфологиялық талдау жасаңыз: баруларыңыз

- A) түбір, көптік жалғауы, тәуелдік жалғауы
- B) тұйық етістік, көптік жалғауы, жіктік жалғауы
- C) түбір, тұйық етістік, көптік жалғауы, тәуелдік жалғауы
- D) түбір, көптік жалғауы, тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы
- E) түбір, тұйық етістік, көптік жалғауы, тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы

3. Іс-әрекеттің атауын білдіретін сөз

- A) ену
- C) реттемек
- D) қалыптастырмас
- E) қаржыландыратын

4. Қажеттілік мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) Қазақстан әлемдік рынокта позициясын нығайтуға мүдделі
- B) Ұлттық экономиканың жекелеген салаларын дамыту қажет
- C) Есірткі бизнесіне қарсы күреске айрықша көңіл бөлу керек
- D) Әлеуметтік даму, адам құқығын сақтау салалары дамып келеді
- E) Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа басымдықты рөл бөріледі

5. Құрамында қажеттілік мәнді тіркестер бар сөйлемді көрсетіңіз

- A) Кездесу үшін алдын ала келісу керек
- B) Елімізге қаржылық ресурстар тарту мәселесі де маңызды

- C) Әлемдік қоғамдастықтың мүшесі болу үшін дайындалу қажет
 - D) Еліміз ядролық қарусыздану жолындағы қозғалыстың алғы шебінде
 - E) Қазақстанның БҰҰ-ға кіруі өзінің маңызы жағынан тарихи акция болды
- 6. Сөйлемді толықтырыңыз. Әлемнің ғаламдық проблемаларын шешуге әр мемлекет өз үлесін ... керек**

- A) қос
- B) қосуы
- C) қосуың
- D) қосуымыз
- E) қосуларын

7. Дұрыс құрылған сөйлемді таңдаңыз

- A) Қазақстан мүшесі қауымдастықтың беделді әлемдік
- B) Қазақстан мүшесі беделді әлемдік қауымдастықтың
- C) Қазақстан әлемдік беделді қауымдастықтың мүшесі
- D) Қазақстан беделді мүшесі әлемдік қауымдастықтың
- E) Қазақстан әлемдік қауымдастықтың беделді мүшесі

8. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық қаржы ұйымдары: ...

- A) Халықаралық даму ассоциациясы
- B) Халықаралық валюталық қор (МВФ)
- C) Ислам конференциясы ұйымы (ИОК)
- D) Халықаралық қайта құру және даму банкі (МБРР)
- E) Инвестицияларға кепілдік беру жөніндегі көп жақты агенттік

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Экономикалық реформаларды қаржыландыру үшін Қазақстан ... сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа ұмтылады

- A) Ислам Даму банкі
- B) Азиялық Даму банкі
- C) Зейнетақы жинақтау қоры
- D) Халықаралық Валюта қоры
- E) Еуропалық Қайта құру және Даму банкі

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: привлечение финансовых ресурсов

- A) заемдар мен несиелер алу
- B) қаржылық ресурстар тарту
- C) ішкі ақша айналымын тұрақтандыру
- D) сыртқы берешек проблемаларын реттеу
- E) әлемнің ғаламдық проблемаларын шешуге өз үлесін қосу

№ 1 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1-НҰСҚА

1. Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып сөйлемді аяқтаңыз, аударыңыз.

1. Әр мемлекетте неғұрлым көбірек тараған тілдер бол... . 2. Кейбірінің өз ішінде мемлекеттік ресми бір тілі бол... . 3. Бір тіл бірнеше мемлекетке ортақ болуы да мүмкін. Сонымен қатар дүние жүзіне көбірек тараған халықаралық тілдер бол... . 4. Жер шарындағы адамзат осындай тілдер арқылы сөйлесіп, түсініс... , қарым-қатынас жаса... . 5. Дүние жүзінде көбірек тараған тілдер – орыс, қытай, ағылшын, испан, француз, неміс, араб, португал, жапон, итальян тілдері. Жер шары халқының алпыс пайыздан астамы осы тілдерде сөйле... .

2. Туынды сөздерді тауып, олардың қалай жасалғандығын түсіндіріңіз.

1. Жаһандану кезеңінде кез келген мемлекет көкейкесті халықаралық проблемаларды шешуге атсалысу керек. 2. Қазақстан ядролық қарудан бас тарту арқылы жетекші ядролық мемлекеттер тарапынан өзінің қауіпсіздігіне кепілдік алды. 3. Қазақстан сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі – Ресеймен ынтымақтастықты нығайту. 4. АҚШ-пен өзара қарым-қатынастарда экономикалық ынтымақтастыққа үлкен назар аударылады. 5. Халықаралық қатынастарда мемлекетаралық қатынастар негізгі рөл атқарады.

3. Берілген сөздер мен сөз тіркесін жекеше, көпше түрде тәуелді септеңіздер:

шекара, мемлекет, тәуелсіздік, Президент, дипломат, өкілдік, халықаралық ұйым.

4. Төмендегі көмекші етістіктерді негізгі етістікпен тіркестіріп, мамандығыңызға қатысты сөйлемдер құрастырыңыз:

кел, е/ет, бол, тұр, отыр, көр, қал, сал, бер.

5. Жақшаның ішіндегі тіркестерді аударып, қажеттілік мәнді сөйлемдер құрастырыңыз.

1. Еліміздің Таяу Шығыс аймағындағы елдермен сауда-саттық қарым-қатынастары мұнай өндіру салаларындағы (взаимовыгодное сотрудничество) орнатуға жол ашу... . 2. Еуропалық Одақпен (ЕО) әріптестік Қазақстанның халықаралық саяси және (экономическое сообщество) кірігуіне жәрдемдесу... деп ойлаймыз. 3. Қазақстанда неміс, ал Германияда қазақ диаспоралары тұрады, сондықтан Қазақстан мен Германия ынтымақтастық қатынастарды жақсарту... .

2-НҮСҚА

1. Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып сөйлемді аяқтаңыз, аударыңыз.

1. Орыс, ағылшын, испан, француз, қытай тілдері халықаралық тілдер ретінде қолданыл... . 2. Дүние жүзіндегі бір-бірімен туыстас тілдердің топтары тілтану ғылымында тіл жанұялары деп аталады... . 3. Олар өзінің ішінен жақын туыстығына қарай бірнеше топтарға бөлін... . 4. Тіл жанұялары алыстан бірігетін макрожанұяларға топтастырыл... . 5. Тілдерді фонетикалық, грамматикалық құрылысына қарай бірнеше типке бөлуге бол... . 6. Қазіргі кезде әлем тілдері төмендегідей тіл жанұяларына бөлін... : 1) Үндіевропа тілдері; 2) Афразиат тілдері; 3) Дравид тілдері; 4) Орал тілдері; 5) Алтай тілдері; 6) Чукот-камчатск тілдері.

2. Туынды сөздерді тауып, олардың қалай жасалғандығын түсіндіріңіз.

1. Қазақстан АҚШ-пен демократиялық әріптестікті дамытуды көздейді. 2. Қазақстан экономикалық, экологиялық, әлеуметтік салалардағы байланыстарды дамыту мақсатында АҚШ әкімшілігімен өзара ықпалдастық аспектілеріне маңызды орын береді. 3. Қазақстанның қауіпсіздігінің кепілдері ретінде біздің еліміздің екі ұлы көршісінің – Ресей мен Қытайдың міндеттеме алуы – маңызды жаңалық болды. 4. Қазақстаннан Қытайға тартылатын мұнай және газ құбырларын салуға екі жақты қызығушылық бар.

3. Берілген сөздер мен сөз тіркесін жекеше, көпше түрде тәуелді септеңіздер:

құқық, аумақ, егемендік, мемлекеттік құрылыс, ел, елші, елшілік.

4. Төмендегі көмекші етістіктерді негізгі етістікпен тіркестіріп, мамандығыңызға қатысты сөйлемдер құрастырыңыз:

қой, жібер, жатыр, де/ет, жүр, баста, таста, ал, қара, бар.

5. Жақшаның ішіндегі тіркестерді аударып, қажеттілік мәнді сөйлемдер құрастырыңыз.

1. Жапония мен Қазақстанның байланыстарын жандандыруға (большие политические преимущества) бер... . 2. Қазақстан Анкарамен саяси, экономикалық ынтымақтастықтың (значительный потенциал) іске қосу... . 3. Араб әлемінде Египет Араб Республикасының (политический вес и влияние) ескере отырып, Қазақстан осы елмен жақсы қарым-қатынас орнатуға ұмтыл... .

11-сабақ

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

1-тапсырма. Төмендегі сөздермен сөйлем құраңыз:

сыртқы істер министрлері, талқылаулар, маңызды келісімдер, халықаралық құқықтықтың жаңа нормалары, қабылданған қарарлар, ұсыныстар, пікірлер, жарғы, бұрынғы отар елдер, шекаралық даулар.

2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, аударыңыз.

3-тапсырма. Мәтінге ат ойлап табыңыз.

БҰҰ-ның қызметін бірқатар органдар, мекемелер мен ұйымдар басқарады. БҰҰ-ның Жарғысымен негізгі 6 орган бекітілген. Олар: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік кеңес, Қамқорлық жөніндегі кеңес, Халықаралық сот, Хатшылық.

Бас Ассамблея. Бас Ассамблея әлем халықтарының барлығына жуығының өкілдерінен құралған. Барлық елдер дәл осында бүкіл әлемге өздерінің алаңдаушылығын білдіре алады. Жер көлемі мен халқының санына немесе экономикалық қуаттылығына қарамастан әр мүше-мемлекет бір дауысқа ие болады. Ассамблеяның мәжілістеріне әр елдің жоғары рангілі дипломаттары, кейде сыртқы істер министрлері немесе мемлекет басшыларының өзі қатынасады. Бас Ассамблеядағы талқылаулар маңызды келісімдер мен халықаралық құқықтың жаңа нормаларын жасауға қол жеткізеді. Ондай келісімдер мен қабылданған қарарларды орындауға мәжбүр етілмейтіндіктен олар тек ұсыныстар болып табылады. Алайда, көпшілік елдердің пікірлерін білдіретіндіктен олардың елеулі маңызы бар.

Қауіпсіздік кеңесі. Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі қызметі – халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтау. Оған 15 ел кіреді. Оның бесеуі Қытай, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей және Франция тұрақты мүшелер. Қалған 10 мүшені географиялық ұсыныс негізінде Ассамблея 2 жыл мерзімге сайлайды және олардың бесеуі жыл сайын сайланады. Жарғыға сәйкес БҰҰ мүшелерінің барлығы ҚК-нің шешіміне бағынады. БҰҰ-ның Бас Ассамблея сияқты өзге органдары үкіметтерге тек ұсыныстар ғана жасаса, Қауіпсіздік Кеңесінің мүше-мемлекеттер орындауға міндетті шешімдер қабылдауға өкілеттілігі бар. Алайда, тұрақты мүшелердің кез келгені қалған 14 мүше қолдап тұрған қандай да бір шешімнің орындалуына кедергі жасай алады. Бұл «Вето» құқығы деп аталады. БҰҰ құрылғаннан бері ірі державалар күштерінің салмағы өзгерді. БҰҰ-ға 100-ден астам жаңа мүше-мемлекеттер кірді. Осындай өзгерістерден кейін Қауіпсіздік Кеңесін қайта құру туралы талаптар барған сайын табанды түрде қойылып келеді.

Экономикалық және әлеуметтік кеңес. ЭӘК үш жылға сайланатын 54 мүшеден құралған, олардың 18-і жыл сайын сайланады. Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Кеңес Бас Ассамблеяда экономикалық даму, экология, адам құқығы және басқа да экономикалық мәселелерге қатысты ұсыныстарды талқылайды, зерттейді және ұсыныстар жасайды.

Қамқорлық жөніндегі кеңес. Кеңес қамқорлық жүйесіне кіргізілген қарамағындағы бұрынғы отар елдер аймақтарының басқарылуын қадағалайды. Оған аталған елдерге жауап беретін мемлекеттердің сол елдердің прогрессивтік бағытта дамып, өзін-өзі билеуге қол жеткізуіне жәрдемдесуін қамтамасыз ету міндеті тапсырылған.

1994 жылы сондай қамқорлықтағы 12 аймақтың соңғысы – Палау тәуелсіздігін алып, сол жылдың желтоқсанында БҰҰ-ға мүше-мемлекеттер қатарына қосылды. Осы кезден бастап Кеңес ресми түрде өз қызметін тоқтатты.

Халықаралық сот. Халықаралық сот Бас Ассамблея сайлайтын 15 судьядан тұрады. Судьялар олардың азаматтығы негізінде емес, іскерлік қабілетіне қарай сайланады. Алайда сот құрамында бір елдің екі азаматы бола алмайды. Соттың орналасқан жері – Нидерландының Гаага қаласы. Мүше-мемлекеттер соттың қарауына шекаралық даулар, балық аулау мен пайдалы қазбаларды өндіру құқықтары мен өзге де Жарғыда көрсетілген мәселелерді бере алады. Бас Ассамблея немесе Қауіпсіздік Кеңесі соттан кез келген мәселеге қатысты консультативтік қорытынды сұрай алады.

Хатшылық. Хатшылық БҰҰ-ның «азаматтық қызметі» болып табылады. Оның 15 000 адамнан тұратын халықаралық қызметкерлері әртүрлі комиссиялар мен мекемелерде қызмет етеді.

Сонымен бірге БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы, БҰҰ-ны дамыту Бағдарламасы сияқты 30-дан астам бағдарламалар мен ЮНЕСКО және Әлемдік Банк тәрізді көптеген басқа да мекемелері бар.

4-тапсырма. БҰҰ-ның әрбір органдарының міндеттері мен мақсаттарын анықтаңыз.

5-тапсырма. Мәтінге сұрақтар құрастырыңыз.

6-тапсырма. Қандай ұйым, мекеме, одақ, қоғам, бірлестік, қауымдастық атауларын және түрлерін білесіз?

Үлгі:	Атауы:	Қысқартылған атауы:	Түрі:
1.	Біріккен Ұлттар Ұйымы қоғам	БҰҰ	Азаматтық
2.	_____	_____	

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Біріккен Ұлттар Ұйымының хатшысынан тележурналист ретінде ұйымның қазіргі жағдайы туралы сұхбат алыңыз.

2-тапсырма. «БҰҰ және Қазақстан» тақырыбына жоба дайындаңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Бірлік, ынтымақтастық, татулық туралы мақал-мәтелдер тауып, жаттап алыңыз (он шақты).

2-тапсырма. Олардың мағыналарын түсіндіріңіз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. БҰҰ-ның органдары: ...

- A) Халықаралық сот
- B) Қауіпсіздік Кеңесі
- C) Министрлер кеңесі
- D) Қамқорлық жөніндегі кеңес
- E) Экономикалық және Әлеуметтік кеңес

2. Сөйлемді аяқтаңыз. БҰҰ хатшылығының бас лауазым иесі –

- A) Судья
- B) Төраға
- C) Бас маман
- D) Президент
- E) Бас хатшы

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Ассамблеяның мәжілістеріне әр елдің ... қатынасады

- A) консулдары
- B) мемлекет басшылары
- C) сыртқы істер министрлері
- D) жоғары рангілі дипломаттары
- E) дипломатиялық шабармандары

4. Сөйлемді толықтырыңыз. БҰҰ-ның орталық мекемелері ... орналасқан

- A) Парижде
- B) Женевада
- C) Лондонда
- D) Нью-Йоркте
- E) Сан-Францискода

5. БҰҰ-ның ресми тілдерінің қатарына енетін тілдер

- A) қытай, орыс
- B) неміс, жапон
- C) корей, итальян
- D) ағылшын, араб
- E) испан, француз

6. Сөйлемді аяқтаңыз. Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі қызметі – ...

- A) қарулы күштерді нығайту
- B) экологиялық апаттың алдын алу
- C) ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- D) халықаралық міндеттерді адал орындау
- E) халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтау

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Мүше-мемлекеттер халықаралық соттың қарауына ... бере алады

- A) шекаралық дауларды
- B) балық аулау құқығын
- C) Жарғыда көрсетілген мәселелерді
- D) пайдалы қазбаларды өндіру құқығын

Е) ішкі экономикалық мәселелерге қатысты ұсыныстарды

8. Сөйлемді аяқтаңыз. ЭӘК Бас Ассамблеяда экономикалық мәселелерге қатысты ұсыныстарды ...

А) зерттейді

В) талқылайды

С) қызмет етеді

Д) тағайындайды

Е) қаржыландырады

9. Сөйлемді толықтырыңыз. Бас Ассамблеяның жұмыс жасау тәртібі ... түрінде өтеді

А) сессия

В) жиналыс

С) конгресс

Д) референдум

Е) конференция

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: резолюция

А) қарар

В) шешім

С) жарғы

Д) келісім

Е) ұсыныс

12-сабақ

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

1-тапсырма. Төмендегі тіркестермен сөйлем құрастырыңыз.

Ядролық қондырғылардың қауіпсіздігі, радиациялық қорғаныш, адамдардың денсаулығы, радиоактивті қалдықтар, ядролық отын, сауатсыздыққа қарсы күрес, бейбітшілікті нығайту, ғылым саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, безгек пен шешекті жою, ауруларға қарсы күрес, карантин және эпидемиологиялық бақылау.

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АТЭХА) – БҰҰ Бас Ассамблеясының шешіміне сәйкес құрылған халықаралық ұйым. Оның басты мақсаттары – біріншіден, дүние жүзі елдерінің ядролық қауіпсіздіктің тиісті нормаларын сақтай отырып атом энергиясын пайдалану соғыс мақсаттарына айналып кетпеуін қадағалау. АТЭХА атом энергиясының ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруда, сондай-ақ радиациялық апаттар болған жағдайда үкіметтердің өтініштері бойынша ақыл-кеңес беріп, көмектесіп отырады. АТЭХА кең көлемді қауіпсіздік бағдарламасын қабылдаған, онда ядролық қондырғылардың қауіпсіздігі, радиациялық қорғаныш, адамдардың денсаулығы, радиоактивті қалдықтар, ядролық отын және басқаларына қатысты шаралар көзделген.

Штаб-пәтері Вена қаласында.

Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) – БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі. ЮНЕСКО-ның қызметінің ауқымы көптеген мәселелерді қамтиды, олар: сауатсыздыққа қарсы күрес; білімді қаржыландыру мен жоспарлау; дамушы елдерде инженер-техник кадрлар даярлайтын орталықтар құру; ғылым саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шаралар; адам құқықтары саласындағы және бейбітшілікті нығайту проблемалары жөніндегі зерттеулер; ғарыштық байланысты білім беру мақсатына пайдалану.

Штаб-пәтері Париж қаласында.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (БДС) – БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі, «барлық халықтардың барынша жоғары денсаулық деңгейіне жетуін» көздейді. БДС ауруларға қарсы, оларды жою жолындағы күресті ұйымдастырады (мысалы, безгек пен шешекті жою жолындағы халықаралық науқан), инфекциялық және басқа да ауруларға қарсы күресте дамушы елдерге көмек көрсетеді, карантин және эпидемиологиялық бақылау, дәрі-дәрмектің сапасын бақылау, есірткілерді бақылау салаларында халықаралық шаралар өткізеді.

Штаб-пәтері Женева қаласында.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 БҰҰ-ның басқа қандай мамандандырылған ұйымдарын білесіз?
- 2 Олар немен айналысады?
- 3 Қазақстанда бұл ұйымдар қандай іс-шаралар ұйымдастырды?

4-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді талдаңыз (құрамына қарай: дара және күрделі, тұлғасына қарай: негізгі және туынды, мағынасына және қызметіне қарай: негізгі және көмекші).

5-тапсырма. Мына сөздерден етістік жасаңыз: бас, көз, құлақ, қол, аяқ, арқа, мойын. Өзіңіз жасаған етістіктермен сөйлем құрастырыңыз.

6-тапсырма. Көмекші етістіктердің негізгі етістіктегі қимыл кезендеріне қатысын білдіретін мысалдар келтіріңіз.

- 1 Қимылдың басталу кезеңіне,
- 2 Қимылдың болып жатқан кезеңіне,
- 3 Қимылдың аяқталып жатқан кезеңіне,
- 4 Қимылдың созыңқылық кезеңіне,
- 5 Қимылдың дүркінділік кезеңіне.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. «Салауатты өмір салты – менің салтым» тақырыбына эссе жазыңыз.

2-тапсырма. Топ болып талқылауға арналған сұрақтар:

1 ғылым саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шаралар адамзатқа қандай пайда әкеледі?

2 Қазақстан үшін ғылым мен білімді қаржыландыру мен жоспарлау қаншалықты маңызды?

3 атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АТЭХА) мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма?

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Біздің еліміздегі БҰҰ-ның бағдарламалары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы газет-журнал беттерінен ақпараттар жинаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. АТЭХА-ның бағдарламасында ... мәселелеріне қатысты шаралар көзделген

- A) ядролық отын
- B) радиациялық қорғаныш
- C) радиоактивті қалдықтар
- D) ядролық қондырғылардың қауіпсіздігі
- E) инженер-техник кадрлар даярлайтын орталықтар құру

2. Сөйлемді толықтырыңыз. БҰҰ-ның ... сияқты бағдарламалары мен мекемелері бар

- A) ЮНЕСКО
- B) Хатшылық
- C) Әлемдік Банк
- D) Бас Ассамблея
- E) Даму Бағдарламасы

3. Берілген ұйымның қысқартылған атауын көрсетіңіз: БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі мамандандырылған ұйымы - ...

- A) ЮНЕП
- B) ПРООН
- C) ЭСКАТО
- D) ЮНЕСКО
- E) ЮНИСЕФ

4. Берілген ұйымның толық атауын көрсетіңіз: МБРР - ...

- A) Қоршаған ортаны қорғау
- B) Халықаралық валюта қоры
- C) Халықаралық даму ассоциациясы
- D) Халықаралық қайта құру және даму банкі

Е) Инвестициялық шиеленістерді реттеуші халықаралық орталық

5. Әрі қарай бөлшектенбейтін, бір морфемадан тұратын қимыл атауын көрсетіңіз

А) Халықтың денсаулығы – мемлекеттің байлығы

В) БҰҰ-ның мамандандырылған ұйымдары көптеген маңызды шаралар өткізді

С) Қазақстанда да БҰҰ жүйесі бойынша жұмыс істейтін Балалар қоры құрылған

Д) ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Абайдың, Мұхтардың мерейтойлары салтанатты түрде аталып өтті

Е) Қоршаған ортаның бүкіл әлемдік қоры (ФГОС) экологиялық бағдарламаларды қаржыландырады

6. Негізгі түбір сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған қимыл атауын көрсетіңіз

А) БДС ауруларға қарсы күресу үшін дамушы елдерді қолдайды

В) БДС есірткілерді бақылау саласында халықаралық шаралар өткізеді

С) Ядролық қондырғылардың қауіпсіздігін АТЭХА қатаң қадағалайды

Д) ЮНЕСКО айналысатын мәселелердің бірі – білімді қаржыландыру мен жоспарлау

Е) АТЭХА-ның қауіпсіздік бағдарламасында радиоактивті қалдықтарға қатысты шаралар көзделген

7. Екі мағыналы етістіктен жасалған біртұтас күрделі қимыл атауын көрсетіңіз

А) ЮНЕСКО-ның секретариаты Парижде орналасқан

В) Қазақстан 1992 жылы БҰҰ-ның мүшелігіне қабылданды

С) Елімізде дәрі-дәрмектің сапасы қатаң бақылауға алынған

Д) 24 қазан БҰҰ-ның ресми құрылған күні ретінде аталып өтіледі

Е) БҰҰ-ның Бас хатшысы Қазақстанның демократияландыру бағытын қолдайтынын атап көрсетті

8. Негізгі етістікке түрлі грамматикалық мағына қосып тұрған етістікті көрсетіңіз

А) АТЭХА-ның штаб-пәтері Вена қаласында орналасқан

В) БДС ауруларды жою жолындағы күресті ұйымдастырады

С) Карантин және эпидемиологиялық бақылау – қауіпсіздік шаралары

Д) Құс тұмауы, шошқа тұмауы сияқты індеттердің алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр

Е) АТЭХА радиациялық апат жағдайында үкіметтердің өтініштері бойынша көмектесіп отырады

9. Сын есімнен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған қимыл атауын көрсетіңіз

А) ЮНЕСКО қызметінің ауқымы көптеген мәселелерді қамтиды

В) Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды

С) ЮНЕСКО дүние жүзі елдеріне сауатсыздыққа қарсы күрес жүргізуге көмектеседі

D) Дүние жүзі елдері біріге қимылдаса, сөз жоқ, Жер-Ана радиоактивті қалдықтардан тазарады

E) Еліміз ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шараларды көбейтпек

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: специализированное учреждение – мамандандырылған ...

A) ұйым

B) қоғам

C) мекеме

D) бірлестік

E) қауымдастық

13-сабақ ЕУРОПА ОДАҒЫ

1-тапсырма. Берілген сөздердің қазақша баламаларын орындарына қойыңыз. Қажетіне қарай сөздікті пайдаланыңыз. Сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Кеңістік, кепілдік, қоғамдастық, үстемдік, сенімсіздік, қайшылық, бітім, қадам, құрылым, дағдарыс, біртұтас, болмыс, ымыра, жанжал, мүлтіксіз, көмір, болат.

Шаг - ...

Конфликт - ...

Недоверие - ...

Единый - ...

Сообщество - ...

Кризис - ...

Сталь - ...

Консенсус - ...

Компромисс - ...

Структура - ...

Пространство - ...

Господство - ...

Гарантия - ...

Противоречие - ...

Уголь - ...

Беспрекословна - ...

2-тапсырма. Бір үлгімен жасалған сөздер қатарын толықтырыңыз. Үлгі: кепілдік,, ..., ..., ; бітім, ..., ..., ..., .

3-тапсырма. Төмендегі етістіктердің мағыналарына назар аударыңыз.

Жойылу, көздеу, ұшырау, түсіндіру, енгізу, қалау.

4-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Күшіне ену, кепілдік беру, қадам басу, табысқа жету, сенімсіздік білдіру, тілек білдіру, шығын келтіру.

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1 Еуропа Одағы қай жылы құрылған?
- 2 Оның құрамына қандай елдер кіреді?
- 3 Еуропа Одағы саяси ұйым ба әлде сауда бірлестігі ме?
- 4 ЕО-ның өз ақша бірлігі бар ма? Ол қалай аталады.

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ЕУРОПА ОДАҒЫ (ЕО)

1951 жылдың 18 сәуірінде Бельгия, Франция, Германия, Италия, Люксембург және Нидерланды «Шуман жоспарын» қолдап, Париж келісіміне қолдарын қойды. 1952 жылдың 10 тамызынан бастап Еуропалық көмір мен болат бірлестігі және оның Парламенттік ассамблеясы қызметін бастады. Осы алты мемлекет 1957 жылдың 25 наурызында Еуропа экономикалық қоғамдастығы мен Еуропалық атом энергиясы жөніндегі қоғамдастықты құрып, Рим шартына қол қойды. Осылайша үш қоғамдастық пайда болды. Еуропалық көмір мен болат бірлестігі және Еуропа экономика қоғамдастығы комиссиясының жоғары басқарушы органдары бірігіп, 1967 жылы Еуропалық қоғамдастықты құрды. Еуропалық қоғамдастық 1993 жылдың 1 қарашасынан бастап Еуропа Одағы (ЕО) деген жаңа атауға ие болды. Бүгінде ЕО-ға халқының жалпы саны 370 млн адам болатын 15 мемлекет мүше. Бұл – әлемдегі ең ірі сауда блогы. 1993 жылдың 1 қаңтарынан Одақ көлеміндегі адам, тауар, қызмет пен капиталдың еркін қозғалуындағы кедергілердің барлығы жойылып, біртұтас еуропалық рынок ресми қызметін бастады. Еуропа одағы туралы Маастрихт шарты күшіне енгелі бері қоғамдастық экономикалық және валюталық одақ құруға қадам басып, бір жағынан, біртұтас валютаны енгізуге, екінші жағынан, саяси одақтас болуды көздеуде. Маастрихт шарты бойынша мүше-мемлекеттердің азаматтары Еуропа азаматтығын алады. 1994 жылдың басынан Қоғамдастық пен барлық Еуропалық Экономикалық Кеңістік күшіне енді. Одақ өзінің алға қойған мақсаттарына ортақ саясат жүргізу және ортақ жобалар мен бағдарламалар жасау арқылы қол жеткізіп отыр.

ЕО табыстарға қол жеткізуі мен жаңа мүшелердің қатары көбеюін оның негізгі үш ерекшелігіне байланысты түсіндіруге болады:

– барған сайын тереңдей беретін өзара тәуелділік пен ынтымақтастықты туғызатын экономикалық негіз;

– еуропалық соттың әрекеті мен Одақ институттарының компетенциясы мен міндеттері айқын белгіленіп, мүлтіксіз орындалатын Шарттар кепілдік беретін заңның үстемдігі;

– ымыра мен бітім принциптеріне негізделген шешім қабылдаудың демократиялық сипаты.

Одақ жетістіктерінің ішінен ең басты екеуін атап көрсетуге болады. Біріншіден, жүздеген жылдар бойы қарулы жанжалдарға қатысқан мүше-мемлекеттер арасында ұзақ мерзімдік бейбітшілік қамтамасыз етілді, екіншіден, Одақ өз мақсаттарына ұлттардың өзіндік болмысы мен жергілікті ерекшеліктеріне үлкен зардап келтіретін шараларға бармай қол жеткізуде.

ЕО мәдениеттерінің ерекшелігі мен алуан түрлілігін ескеріп, олардың әрқайсысына құрметпен қарайды. Әрбір ресми құжат он бір ресми тілге аударылуға тиіс. Аз халықтардың тілдері мен даму мүмкіндіктері артып отыр.

Алайда біршама табыстарға жеткенімен, барлық жұмыстар ойдағыдай бітуде деп айту қиын. ЕО-ның ең үлкен мәселесі – жұмыссыздық 11%-дан төмендемей-ақ қойды. Бірақ жаңа ақша бірлігі – еуроны қабылдау мүше елдердің бәрінде іске асырылды. Дегенмен де шешімін таппаған мәселелер жетерлік. Мәселен, Англия сияқты кейбір елдер ЕО-ның федерациялық құрылымнан гөрі конфедерациялық құрылымда болғанын қалауы, инвестициялардың азаюы, ЕО-ға сенімсіздік білдірушілердің артуы т.б.

Ішкі саясаттағы түрлі қайшылықтармен қатар ЕО сыртқы саясатта да ортақ стратегиялық бағдар белгілеуде қиыншылықтарға ұшырауда. Босния мәселесін АҚШ-тың қатысуынсыз шеше алмаған ЕО Албаниядағы дағдарыс жөнінде де ортақ пікірге келе алмады. Соған қарамастан ЕО-ға мүше болуға тілек білдіруші мемлекеттер аз емес.

7-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұхбатты жалғастырыңыз.

– Мен сізбен Еуропа Одағы жайлы сұхбаттасқым келеді. Оған қалай қарайсыз?

– Қарсы емеспін. Өйткені менің де ЕО туралы ойымды бөліскім келеді.

8-тапсырма. Анықтаңыз: шын немесе жалған.

1 1957 жылдың 25 наурызында Еуропа экономикалық қоғамдастығы мен Еуропалық атом энергиясы қоғамдастықтары құрылды. ...

2 Еуропалық қоғамдастық 1993 жылдың 1 қарашасынан бастап Еуропалық Одақ деп аталады. ...

3 ЕО-ға мүше-мемлекеттердің саны – 17. ...

4 Маастрихт шарты бойынша мүше мемлекеттердің азаматтары Еуропа азаматтығын алды. ...

5 Жүздеген жылдар бойы қарулы жанжалдарға қатысқан мүше-мемлекеттер арасындағы ұзақ мерзімдік бейбітшіліктің сақталуы ЕО-ның жетістігі емес. ...

6 ЕО мәдениеттердің ерекшелігі мен алуан түрлілігін ескеріп, олардың әрқайсысына құрметпен қарай алмай келеді. ...

7 Аз халықтардың тілдері мен даму мүмкіндіктері артып отыр. ...

8 ЕО жұмыссыздық мәселесін толық шешті. ...

9-тапсырма. Түсінігіңізді тексеріңіз, сұрақтарға жауап беріңіз.

1 «Шуман жоспарын» қолдап Париж келісіміне қолдарын қойған мемлекеттерді атай аласыз ба?

2 Біртұтас еуропалық рынок ресми қызметін қай кезден бастады?

3 ЕО Маастрихт шарты күшіне енгелі бері қандай мақсаттарды көздеп отыр?

4 Еуропа экономикалық кеңістігі күшіне қашан енді?

5 ЕО-ның табыстарға қол жеткізуі мен жаңа мүшелер қатарының көбеюін немен түсіндіруге болады?

6 Одақтың ең басты жетістіктері деп нені атаған жөн?

7 Әлі шешімін таппаған мәселелер бар ма?

8 Одаққа мүше елдер қандай мәселелерге байланысты ортақ шешімге келе алмады?

10-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерге болжалды модальдігін білдіретін (болар, шығар, тәрізді, секілді, сияқты) сөздерді тіркестіріп, сөйлем құрастырыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Сауда қатынастары, сауда және ынтымақтастық туралы келісім, әлеуметтік-экономикалық сала, жекешелендіру шаралары.

2-тапсырма. Мәтінді жалғастырыңыз.

ЕУРОПА ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІ

ЕО мен Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан мемлекеттерінің арасындағы сауда қатынастары бұрынғы Кеңес Одағы мен ЕО арасындағы 1989 жылы жасалған сауда және ынтымақтастық туралы келісімге негізделген.

ЕО 1994 жылы Қазақстан мен Қырғызстан республикаларымен әріптестік пен ынтымақтастық туралы жаңа келісім жасады. Жаңа келісімдерде әлеуметтік-экономикалық саладағы жан-жақты ынтымақтастық қарастырылған. Оған білім беру мен мамандар даярлау, жекешелендіру шаралары, энергетика, көлік пен мәдениет те кіреді. Келісімдерде өзара саяси қарым-қатынас пен адам құқығы туралы да ережелер бар.

ЕО комиссиясы Алматыда өз өкілдігін ашты, ол Қырғызстандағы өкілдік қызметін де атқарады. Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстанмен қатынас ЕО Мәскеудегі өкілдігі арқылы жүргізілуде.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Практикалық сабақта өткен мәтінді пайдаланып және ЕО жөнінде өзіңіз білетін мәліметтерді қоса отырып, өз

монологыңызды дайындаңыз. ЕО-ның бүгіні мен болашағы туралы өзіңіздің көзқарасыңызды да қосуыңызға болады.

2-тапсырма. Газеттер мен соңғы кезде шыққан әдебиеттерден ЕО туралы жаңа мәліметтер жинап, шағын хабарлама жасаңыз.

3-тапсырма. Хабарламаны топ болып талқылаңыздар.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. 1951 жылдың 18 сәуірінде ... «Шуман жоспарын» қолдап, Париж келісіміне қолдарын қойды

- A) Испания және Англия
- B) Бельгия және Франция
- C) Германия және Италия
- D) Швейцария және Венгрия
- E) Люксембург және Нидерланды

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Еуропалық қоғамдастық ... бастап Еуропа Одағы (ЕО) деген жаңа атауға ие болды

- A) 1994 жылдың басынан
- B) 1951 жылдың 18 сәуірінен
- C) 1952 жылдың 10 тамызынан
- D) 1993 жылдың 1 қарашасынан
- E) 1957 жылдың 25 наурызынан

3. Сөйлемді аяқтаңыз. Еуропа Одағы – ...

- A) саяси ұйым
- B) аймақтақ ұйым
- C) әскери-саяси одақ
- D) әлемдегі ең ірі сауда блогы
- E) мамандандырылған мекеме

4. Сөйлемді толықтырыңыз. ЕО ... Қазақстанмен әріптестік пен ынтымақтастық туралы жаңа келісім жасады

- A) 1994 жылы
- B) 1992 жылы
- C) 1993 жылы
- D) 1991 жылы
- E) 1989 жылы

5. Сөйлемге болжалдық мән үстейтін сөзді көрсетіңіз. Мүше-мемлекеттер арасындағы ұзақ мерзімдік бейбітшіліктің сақталуы ЕО-ның жетістігі ...

- A) еді
- B) емес
- C) болар
- D) емес пе

Е) болатын

6. Сөйлемді толықтырыңыз. Еуропа экономикалық кеңістігі ... күшіне енді

- A) 1994 жылдың басынан
- B) 1951 жылдың 18 сәуірінен
- C) 1952 жылдың 10 тамызынан
- D) 1993 жылдың 1 қарашасынан
- E) 1957 жылдың 25 наурызынан

7. Сөйлемді толықтырыңыз. ЕО мен Қазақстан арасындағы келісімдерде ... саласындағы ынтымақтастық қарастырылған

- A) жекешелендіру
- B) энергетика, көлік пен мәдениет
- C) қарым-қатынас пен адам құқығы
- D) білім беру мен мамандар даярлау
- E) ядролық қарусыздану, бейбітшілікті нығайту

8. Болжалдық мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) Әлбетте, Одақтың жетістіктері жеткілікті
- B) Әлі шешімін таппаған мәселелер бар сияқты
- C) Шын, ЕО комиссиясы Алматыда өз өкілдігін ашты
- D) Аз халықтардың тілдері мен даму мүмкіндіктері артатын болар
- E) Келісімде әлеуметтік саладағы ынтымақтастық қарастырылған секілді

9. Болжалдық мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) ЕО-ның табыстарға қол жеткізуі мүмкін
- B) Одаққа мүше елдер ортақ шешімге келуі керек
- C) ЕО жұмыссыздық мәселесін толық шешетін тәрізді
- D) Әрине, ЕО Қырғызстанмен ынтымақтастық туралы келісім жасады
- E) Келісімдерде өзара саяси қарым-қатынас туралы ережелер бар шығар

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: кризис, консенсус, компромисс, конфликт

- A) болмыс, келісім, міндет, әрекет
- B) дағдарыс, бәтуа, мәміле, жанжал
- C) үстемдік, қайшылық, мүлтіксіз, дау
- D) кепілдік, сенімсіздік, біртұтас, тәуелділік
- E) кеңістік, қоғамдастық, құрылым, жұмыссыздық

14-сабақ

ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ИНСТИТУТТАРЫ

1-тапсырма. Сөз тіркестерімен жұмыс істеңіз:

Ынта білдіру, қадағалау, жүзеге асыру, сотқа жүгіну,

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ (ЕО) ИНСТИТУТТАРЫ

Еуропа қоғамдастықтарын құру туралы Шарттарда қамтылған міндеттерді орындау үшін бірнеше еуропалық институттар құрылған. Олардың бастылары Еуропалық комиссия, Министрлер кеңесі, Еуропалық парламент, Сот және Еуропалық кеңес болып табылады.

Еуропалық комиссия – Еуропа Одағының атқарушы органы. Оның 20 мүшесі ұлттық өкіметтер тағайындағанымен оларға тәуелсіз қызмет етеді. Комиссияға 5 ірі мүше-мемлекет – Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия мен Испаниядан екі, қалған 10 кіші елден бір өкілден кіреді. Бастапқыда Комиссия мүшелері 4 жылға тағайындалған. Алайда Комиссия мүшесінің Еуропарламент депутатының бесжылдық өкілеттік кезеңімен сәйкес келуі үшін 1995 жылдың қаңтарынан бастап бұл мерзім бес жылға ұзартылды. Сөйтіп, Еуропарламент Комиссия өз міндетін атқаруға кіріспес бұрын Комиссия мүшелерінің кандидатурасын бекіту мүмкіндігіне ие болды.

Комиссия негізгі шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Комиссияның негізгі міндеттері: ынта білдіру, қадағалау және жүзеге асыру. Мүше-мемлекеттер ЕО заңдарын бұзған немесе орындамаған жағдайда Комиссия жазалау шараларын қолдануға, оның ішінде сотқа жүгінуге құқықты. Комиссия әсіресе экономикалық, ауыл шаруашылығы, көлік т.б. салаларда ортақ саясат жүргізу мен бәсеке саласындағы саясатқа қатысты дербес құқықтарға ие.

ЕО-ның шешім қабылдауға өкілетті бас институты **Министрлер кеңесі** болып табылады. Мүше-мемлекеттер үкіметтерінің өкілдері осы институт шеңберінде Қоғамдастықтың заңдық актілерін талқылап, дауыс беру жолымен қабылдайды немесе келіспеушіліктерін білдіреді. Брюссельде ЕО-ның әр мемлекетінің ұлттық министрліктерінің чиновниктері мен дипломаттары жұмыс істейтін тұрақты өкілдігі бар. Өкілдік басшылары тұрақты өкілдер Комитеті шеңберінде аптасына бір рет мәжіліс өткізеді. Осы кезекті мәжілістер кезінде мүше-мемлекеттердің елшілері мен чиновниктері Министрлер кеңесі деңгейінде шешілетін мәселелерді дайындайды.

Еуропалық парламент Еуропа халықтарының демократиялық үні болып табылады. Соңғы сайлау 1994 жылдың маусымында болды. ЕО-ға Австрия, Финляндия мен Швейцария кіруіне байланысты Еуропарламент мүшелерінің саны 567-ден 626-ға дейін өсті. **Парламенттің негізгі қызметі** – ЕО-ның заң шығару процесіне қатысу және Еуропалық комиссияның қызметін бақылау. Біртұтас еуропалық акті – Маастрихт шартына сәйкес Еуропарламенттің өкілеттілігі арта түсті.

Еуропарламент мүшелері ұлттық белгілеріне қарамастан белгілі бір саяси бағытқа қатысына қарай бірігеді. Бұл мүше-мемлекеттердің бағыттас саяси партияларының байланыстарын күшейтіп, сол арқылы шын мәніндегі ұлттан тыс саяси қозғалыстың пайда болуына жол ашты.

Сот. ЕО-ның өзге халықаралық ұйымдардан ерекшелігі оның қол қоюшы мүше-мемлекеттер орындауға міндетті Шарттар негізінде

құрылғандығы. Бұл – Шарттардың баптары мен солардың негізінде жасалған заңдық актілер мүше-мемлекеттердің ұлттық заңдарына кіреді деген сөз. Олардың орындалуы нақты әрі анық түсіндіруді қажет етеді. Осыған орай Соттың қызметі маңызға ие болады. Сот әр мүше-мемлекеттен бір-бірден алынған 15 судьядан және бір судья мен 9 заң кеңесшісінен тұрады. Соттар тәуелсіз болуы керек, оларды өз елдері ұсынып, ЕО-ға Министрлер кеңесі тағайындайды. 6 жыл мерзімге созылатын тағайындау одан әрі ұзартылуы мүмкін. Әр үш жыл сайын судьялар құрамы жаңартылып отырады. Заң кеңесшілері де осы жолмен тағайындалады.

Сот мүше-мемлекеттер, мүше-мемлекеттер мен ЕО, ЕО институттары және ЕО мен жеке немесе заңды тұлғалар арасындағы келіспеушіліктерді реттейді. Сотты еуропалық интеграцияның қозғаушы күші деп атау өте орынды. Мүше-мемлекеттер Сот шешімдерін сақтауға міндетті.

Еуропалық кеңес құру Еуропалық қоғамдастықтарды құру туралы шарттарда қарастырылмағандығына қарамастан, ол ЕО-ның жоғары саяси органына айналды. Ол 1974 жылы мүше-мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшылары, сыртқы істер министрлері мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссияларының төрағаларын және оның орынбасарларын қатыстыра отырып, ЕО шеңберінде тұрақты мәжіліс өткізу туралы шешім қабылдаған кезде құрылған. Содан бері Еуропалық кеңестің рөлі арта түсті. Еуропалық кеңестің мәртебесін ең алғаш Маастрихт шарты белгіледі. Онда «Еуропалық кеңес Одақтың дамуына қажетті серпін беруді және оның жалпы саяси принциптерін айқындауды мақсат етеді» делінген.

2-тапсырма. Мәтінге сұрақ құрастырыңыз.

3-тапсырма. Көршіңізбен, досыңызбен ЕО құрылымдары туралы сұхбаттасыңыз.

4-тапсырма. Міндеттілік модальділігінің жасалу жолын түсіндіріңіз. Мысалдар келтіріңіз.

5-тапсырма. Мәтіндегі кейбір сөйлемдерді міндеттілік модальділігін білдіретін сөйлемдерге айналдырыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Түсінігіңізді тексеріңіз, сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Еуропалық комиссия қандай ұйым?
- 2 Еуропалық комиссияның негізгі міндеттері қандай?
- 3 Министрлер кеңесі немен айналысады?
- 4 Еуропалық Парламенттің негізгі қызметі қандай?
- 5 Сот немен айналысады?
- 6 Еуропалық кеңестің мақсаты не?

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Практикалық сабақта өткен мәтінді пайдаланып және ЕО институттары жөнінде өзіңіз білетін мәліметтерді қоса отырып, өз монологыңызды дайындаңыз.

2-тапсырма. Газеттер мен соңғы кезде шыққан әдебиеттерден ЕО туралы жаңа мәліметтер жинап, шағын хабарлама жасаңыз.

3-тапсырма. Хабарламаны топ болып талқылаңыздар.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Еуропа Одағының институттары ...

- A) Еуропалық кеңес
- B) Министрлер кеңесі
- C) Еуропалық комиссия
- D) Еуропалық парламент
- E) Еуропалық қауымдастық

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Еуропалық комиссия мүшелерінің кандидатурасы ... бекітіледі

- A) Сотта
- B) Еуропарламентте
- C) Еуропалық кеңесте
- D) Министрлер кеңесінде
- E) Еуропалық комиссияда

3. Сөйлемді аяқтаңыз. Министрлер кеңесі – ...

- A) ЕО-ның жоғары саяси органы
- B) ЕО-ның заң шығарушы органы
- C) Еуропа Одағының атқарушы органы
- D) ЕО-ның шешім қабылдауға өкілетті бас институты
- E) Еуропалық комиссияның қызметін бақылаушы орган

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Сот ... арасындағы келіспеушіліктерді реттейді

- A) мүше-мемлекеттер
- B) мүше-мемлекеттер мен ЕО
- C) ЕО институттары және ЕО
- D) жеке немесе заңды тұлғалар
- E) мүше-мемлекеттер мен мүше емес мемлекеттер

5. Еуропалық қоғамдастықтарды құру туралы шарттарда қай институт қарастырылмаған?

- A) Сот
- B) Еуропалық кеңес

- C) Министрлер кеңесі
- D) Еуропалық комиссия
- E) Еуропалық парламент

6. Сөйлемді аяқтаңыз. Еуропалық Комиссияның негізгі міндеттері: ...

- A) сайлау
- B) қадағалау
- C) тағайындау
- D) ынта білдіру
- E) жүзеге асыру

7. Міндеттілік мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) Еурокомиссия сотқа жүгінуге құқықты
- B) Комиссия жазалау шараларын қолдана алады
- C) мүше-мемлекеттер ЕО заңдарын бұзбауға тиіс
- D) Еуропалық кеңес ЕО шеңберінде тұрақты мәжіліс өткізіп тұрады
- E) Комиссияның міндеттері: ынта білдіру, қадағалау және жүзеге асыру

8. Міндеттілік мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) соттар тәуелсіз болуы керек
- B) мүше-мемлекеттер Сот шешімдерін сақтауға міндетті
- C) әр үш жыл сайын судьялар құрамы жаңартылып отырады
- D) соттар 6 жылға тағайындалады және бұл мерзім ұзартылуы мүмкін
- E) соттарды өз елдері ұсынып, ЕО-ға Министрлер кеңесі тағайындайды

9. Сөйлемге міндеттілік мәнін үстейтін тіркесті көрсетіңіз. Еуропалық Комиссия негізгі шарттардың сақталуын қамтамасыз ...

- A) етуі үшін
- B) етуге тиіс
- C) етуі керек
- D) етуі қажет
- E) етуі мүмкін

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: нейтралитет

- A) өкілеттік
- B) бейтараптық
- C) келіспеушілік
- D) жауапкершілік
- E) қосылмаушылық

15-сабақ

АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1 Ғаламдық мәселе дегенді қалай түсінесіз?
- 2 Ғаламдық мәселелерге қандай мәселелер жатады?
- 3 Олардың барлығының да Қазақстанға қатысы бар ма?
- 4 Оларды шешу, сіздің ойыңызша, мүмкін бе?
- 5 Ғаламдық мәселелерді шешудің қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

2-тапсырма. Мәтінді тізбектеп оқып, аударыңыз.

ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Қазіргі заманның электрон заманы, ядролық заман, ғарыш заманы дейтін көптеген эпитеттері бар. Бүгінде көбінесе «ғаламдық проблемалар заманы» деген анықтама орнығып келеді.

Ғаламдық проблемалар дегеніміз – бүкіл адамзатқа қатысты проблемалар. Олар дүниежүзілік қоғамдастық елдерінің арасындағы қарым-қатынастарды, қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды, ресурстармен қамтамасыз етуді бірлесіп шешу мәселелерін қамтиды. Ғаламдық сұрақтар ғаламдық жауаптар болуын, оларды шешу үшін кең көлемді халықаралық ынтымақтастық болуын талап етеді.

Сипаттары жағынан ғаламдық проблемалар әртүрлі, бірақ олардың бәрінің арқауы – адамзаттың географиялық бірлігі және оның аман қалу идеясы. Ең алдымен бұлардың қатарында мыналар аталады: 1) қарусыздану және Жер шарында бейбітшіліктің сақталуы; 2) табиғи ортаның бүлінуіне байланысты экологиялық проблема; 3) дамушы елдерде халық санының тез көбеюімен байланысты демографиялық проблема; 4) дамуы қалыңқы көптеген елдердегі миллиондаған адамдардың үнемі ашқұрсақ жүруі мен ашаршылық көруіне байланысты азық-түлік проблемасы; 5) планетаның минерал-шикізат ресурстарының және басқа да табиғи ресурстарының шектеулілігінен туындаған энергетика және шикізат проблемалары; 6) бұрынғы отарлардың артта қалушылығын жою; өкінішке орай жойылудың орнына ол әлемнің кейбір аймақтарында бұрынғыдан да анық байқалуда; 7) Дүниежүзілік мұхит проблемасы, мұның өзі ең алдымен оның биологиялық өнімділігінің азаюына және ластануына байланысты.

3-тапсырма. Пікір алмасуға арналған сұрақтар.

1 Ғаламдық мәселелер, сіздіңше, осылар ғана ма? Әлде мәтінде айтылғаннан басқа да ғаламдық мәселелер бар ма?

2 Мәдениет пен рухани қазыналар дағдарысын, қазіргі заманғы дүниеде демократияның аздығын, отбасында биік нысап-инабаттың жойылуын, қатерлі аурулардың таралуын ғаламдық проблемалар қатарына қосуға бола ма?

3 Бұл проблемаларды қуатты мемлекеттердің біреуі ғана шеше ала ма?

4 Жалпы ғаламдық мәселелерді шешудің, сіздіңше, қандай жолдары бар?

5 Сізше, ең үлкен мәселе қайсысы?

4-тапсырма. Сөздермен және сөз тіркестерімен жұмыс істеңіз.

Қырып-жою құралдары, планетаның әр тұрғынына шаққанда (шағу), қорлану, қопарғыш, кері шағылыстырып жіберу, қара түнек, апат, індет.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

6-тапсырма. Мәтінге өз тарапыңыздан ат ойлап табыңыз.

ҚАРУСЫЗДАНУ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІКТІҢ САҚТАЛУЫ

Дүние жүзінде қырып-жою құралдары ешқашан дәл қазіргідей қорланған емес: планетаның әр тұрғынына шаққанда тіршілік атаулыны талай мәрте жойып жіберуге жетерлік қопарғыштан келеді. Ядролық соғыс өркениетті құртатынын, Жердегі тіршілікті жойып жіберетінін барша ұғынды. Ғалымдардың анықтауынша, мұндай соғыстың салдары «ядролық қыс», яғни Жердегі климаттың мүлдем өзгеріп, тіршілік болмайтын күйге түсуі болар еді.

«Ядролық қыс» концепциясы мынадай. Ядролық жарылыстардың салдарынан жаппай өрт шығып, атмосфераға орасан көп мөлшерде күйе, күл, улы газдар жайылады. Ұнтақ күлден түзілген қою бұлт күннің сәулесін жерге жеткізбей, кері шағылыстырып жібереді. Жер үстін қара түнек – «ядролық түн» басады. Осының салдарынан планетаның радиациялық балансы бұзылады, жер бетіндегі температура эп-сәттің арасында шамамен 15-20°С төмендейді. Атмосферадағы циркуляция жүйесі түбірімен өзгергендіктен, бұл орасан зор климаттық апат бірнеше аптада бүкіл жер шарына жайылып, тіршілік атаулы құриды.

Ядролық соғыстан кейін біраз адам тірі қалатын болса, олар қақаған суықта, орасан радиацияда не ауыз су, не тамақ, не отын жоқ індет қаптаған жағдайда естері шығып аласұрады және мұның бәрінің үстіне күндіз-түні қаратүнек бір сейілмейді.

7-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

8-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді болымсыз түрге айналдырыңыз.

9-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыздар.

- 1 Демографиялық проблема деген не?
- 2 Демографиялық саясат қандай саясат?
- 3 Қазақ халқына бұл проблеманың қатысы қаншалықты?
- 4 Сізше, отбасыда қанша бала болуы керек?

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Сөздерді баламасымен сәйкестендіріңіз.

Қуаң дала	Пресная вода
Өндіру	Переработка
Тасымалдау	Дефицит, недостача
Топырақ құнары	Засушливая степь

Бекіре балығы	Добывать
Тұщы су	Питьевая вода
Ауыз су	Пресная вода
Тапшылық	Транспортировка

2-тапсырма. Нақтылау (-ған еді) модальділігін естеріңізге түсіріңіздер.

3-тапсырма. Шағын мәтіндегі етістіктерге қажеттілік, болжалды, нақтылау және міндеттілік модальділік көрсеткіштерін тіркестіріп көріңіз.

Қазақстан территориясының 66 пайызы немесе 179,9 миллион гектар жері қуаң далаға ұшырау қаупі бар. Бұл экологиялық қасіретті аймақты шартты түрде мынадай үш зонаға бөлуге болады.

«А» зонасына Каспий жағалауындағы мұнай өндіру және өңдеу саласына байланысты өндіріс орындары кіреді. Бұлар, біріншіден, үлкен көлемдегі жерді мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау барысында былғап, топырақ құнарын бұзып, жарамсыз етті. Екіншіден, мұнай өндірісіне пайдаланылған химиялық элементтермен ластанған, тазартылмаған су теңізге қайта құйылып, аса бағалы бекіре балықтарының көп мөлшерде жойылуына әкеп соқты. Үшіншіден, тұщы суды осы өндіріске көп пайдаланудың ақыры ауыз су тапшылығын туғызды.

4-тапсырма. Модаль сөздерді молынан қолданып, Қазақстанның Батыс өңіріндегі мұнай өндіру саласына байланысты БАҚ-та көтерілген мәселелер туралы әңгімелесіңіздер (итбалықтардың қырылуы, балықтардың жойылуы, мұнай өндіру саласындағы жұмысшылардың жиі қайтыс болуы, ауыз судың ластануы, жасырын мұнай өңдеу орындарының ашылуы және оның қоршаған ортаға әсері).

5-тапсырма. Шағын мәтінді түсініп оқыңыз.

«В» зонасына республиканың шығысындағы ең ірі қара және түсті металлургия шоғырланған аймақ жатады. Бұл облыстар атмосфераны өндірістік қалдықтармен ластау тұрғысынан «бірінші орын» алады. Ең қауіптісі – осы өндіріс орындарынан ауа кеңістігіне тарайтын қалдықтардың 90 пайызы улы заттар. Одан да сорақысы – бұл қалдықтар ауа бассейнін ластап қана қоймай, Ертіс өзеніне де құйылып жатыр. Мысалы, Павлодар химия зауыты бір цехының жиырма жылдық жұмысы нәтижесінде жинақталған 920 тонна сынап, ғалымдардың айтуы бойынша, жылына 55 метр жылдамдықпен еріген қар суымен араласып, Ертіске қарай жылжуда.

6-тапсырма. Мәтінде қай облыстар туралы сөз болып отыр? Қазақстан Республикасының картасынан оларды табыңыз, онда не өндірілетіні жайында әңгімелеңіз.

7-тапсырма. Сөздерді баламасымен сәйкестендіріңіз.

Қара	Цветная металлургия
Түсті	Черная металлургия

Шоғырлану	Загрязнять
Өндірістік қалдықтар	Ядовитые вещества
Ластау	Ртуть
Ауа кеңістігі	Безводное пространство, полупустыня
Улы заттар	Талая вода
Сынап	Скапливаться
Еріген қар суы	Отходы производства
Шөлейт жер	Воздушное пространство

8-тапсырма. Түсініп оқыңыз.

«С» зонасына негізінен, ауылшаруашылық саласына кәсіптендірілген оңтүстік облыстар кіреді. Бұл аймақ қажетті көлемде сумен қамтамасыз етілмеген. Бұл проблема Іле, Сырдария өзендері мен Арал теңізі, Балхаш көлі тағдырларымен тікелей байланысты. Соның кесірінен бұл аймақта адам өлімі өсе түскен. Республиканың оңтүстігінің біраз жерлерін шөлейтті жерлерде өсуге бейім сексеуіл алып жатыр. Соңғы кезде сексеуілді оңды-солды шауып, қалаға әкеліп сату көбейіп отыр. Мұның өзі құмдауыт, қуаң жерлердің көбеюіне жол ашып отыр. Ал сексеуілді өсіріп, қайта қалпына келтіру үшін 30-40 жыл уақыт керек.

9-тапсырма. Модаль сөздерді пайдаланыңыз.

– «қоршаған орта» сөз тіркесін төмендегі етістіктермен тіркестіріп, сөйлем құрастырыңыз: қорғау; ластамау, былғамау; араша түсу; көңіл бұру, көңіл бөлу;

– «экологиялық проблеманы» тіркесін төмендегі етістіктермен тіркестіріп, сөйлем құрастырыңыз: шешу; айту; көтеру.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Өзіңізді бір сәт «бүкіл дүниежүзілік» үкіметтің басшысымын деп елестетіңіз. Жанталаса қаруланудан үнемделген 1 трлн долларды адамзаттың қай мұқтажына жұмсар едіңіз? Ойыңызды дәйекті мысалдармен дәлелдеп, монолог түрінде дайындаңыз.

2-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың біріне реферат жазып, қорғаныз:

- 1 Қарусыздану және Жер шарында бейбітшіліктің сақталуы.
- 2 Табиғи ортаның бүлінуіне байланысты экологиялық проблема.
- 3 Дамушы елдерде халық санының тез көбеюімен байланысты демографиялық проблема.
- 4 Дамуы қалыңқы көптеген елдердегі миллиондаған адамдардың үнемі ашқұрсақ жүруі мен ашаршылық көруіне байланысты азық-түлік проблемасы.
- 5 Планетаның минерал-шикізат ресурстарының және басқа да табиғи ресурстарының шектеулілігінен туындаған энергетика және шикізат проблемалары.
- 6 Бұрынғы отарлардың артта қалушылығын жою.

7 Дүниежүзілік мұхит проблемасы.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Ғаламдық проблемалар ... қамтиды

- A) мемлекет аумағының шегін айқындауды
- B) қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды
- C) адамдардың табиғи және айырғысыз құқықтарын
- D) ресурстармен қамтамасыз етуді бірлесіп шешу мәселелерін
- E) дүниежүзілік қоғамдастық елдерінің арасындағы қарым-қатынастарды

2. Бұл аймақ(тар) қажетті көлемде сумен қамтамасыз етілмеген

- A) Батыс Қазақстан
- B) Шығыс Қазақстан
- C) Оңтүстік облыстар
- D) Қазақстан орталығы
- E) Қазақстанның солтүстік-шығысы

3. Бұл өңір(лер)де үлкен көлемдегі жер мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау барысында былғанып, топырақ құнары бұзылып, жарамсыз болып қалды

- A) Семей жері
- B) Ақмола облысы
- C) Каспий жағалауы
- D) Қызылорда облысы
- E) Іле, Сырдария өзендерінің бойы

4. Бұл облыс(тар) атмосфераны өндірістік қалдықтармен ластау тұрғысынан «бірінші орын» алады

- A) Павлодар
- B) Батыс Қазақстан
- C) Шығыс Қазақстан
- D) Оңтүстік Қазақстан
- E) Солтүстік Қазақстан

5. Нақтылау мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) табиғи ортаның бүлінуіне жол беруге болмайды
- B) өкінішке орай, ғаламдық проблемалар өршіп бара жатыр
- C) ядрсыз аймақтар құру – адамзатты, жерді аман сақтаудың кепілі
- D) ғаламдық проблемалар адамзат өркениетіне орасан зор қауіп тудырады
- E) Чернобыльдегі апат шектеулі ядролық соғыстың да мүмкін емес екенін дәлелдеген еді

6. Сөйлемді аяқтаңыз. Ғаламдық проблемалар әртүрлі, бірақ олардың бәрінің арқауы ...

- A) адамзаттың аман қалуы идеясы
- B) адамзаттың географиялық бірлігі
- C) дамушы елдердегі демографиялық проблема

- D) көптеген дамуы қалыңқы елдердегі азық-түлік проблемасы
E) табиғи ортаның бүлінуіне байланысты экологиялық проблема

7. «Қоршаған орта» сөз тіркесімен тіркестіруге болатын етістіктерді көрсетіңіз:

- A) қорғау, ластамау
B) өндіру, өңдеу, өсіру
C) былғамау, араша түсу
D) көңіл бұру, көңіл бөлу
E) тасымалдау, қосу, қабылдау

8. Нақтылау мәнді сөйлемді аяқтаңыз. БҰҰ халықаралық құжат – «Табиғатты қорғаудың бүкіл дүниежүзілік стратегиясын» қабылда...

- A) – ған еді
B) – са екен
C) – ген екен
D) – са игі еді
E) – уы мүмкін

9. Нақтылау мәнді сөйлемді аяқтаңыз. Ядролық қарудан Қазақ елі бірінші болып бас тарт...

- A) – болар
B) – секілді
C) – қан еді
D) – ген екен
E) – уы керек

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: актуальные проблемы

- A) шешілмеген мәселелер
B) көкейкесті мәселелер
C) ғаламдық мәселелер
D) маңызды мәселелер
E) өзекті мәселелер

16-сабақ

ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

1. «Фразеологиялық сөздіктен» мына сөз тіркестерін қараңыз:

қырғи-қабак болу, опа әпермеу.

2. Сөздермен жұмыс істеңіз:

алпауыт, жанжал, қақтығыс, біліктілік, мағлұмат, тосқауыл, егжей-тегжейлі, атсалысу, қан төгіссіз, тиімді жол, ізгілікті мақсат.

3. Сұрақтарды топпен талқылаңыздар:

а) қазіргі кезде әлемде қандай жерлерде «Қарулы қақтығыстар» болып жатыр?

б) ол не үшін болып жатыр?

в) жер бетінде тағы да қандай қоғамдық ұйымдар бейбітшілік үшін күреседі?

4. Досыңызбен қазіргі кезде әлемде болып жатқан жанжалдар туралы сұхбаттасыңыз.

5. Мәтінді оқыңыз, таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР

«Қырғи қабақ соғыстың» ешкімге опа әпермейтініне көзі жеткен дүниежүзінің алпауыт мемлекеттері бейбітшілік ұранын жақтап, бір-бірімен ынтымақтасқанда ғана ортақ үйіміз – Жерді сақтап қалуға болатындығын мойындады. Ендігі соғыстан ешкімнің ұтпайтынын да уақыттың өзі көрсетіп отыр. Әлемде әлі де жанжалдар мен қақтығыстар басылмай тұр. 1984 жылы ашылған (Вашингтон, Колумбия округі) Американың бейбітшілік институты халықаралық жанжалдарды туындататын жаңа көздерді болдырмау және оны бейбіт жолмен шешу мақсатында құрылған екен. Институттың жұмысы мынадай басты бағыттарға негізделген: бірінші – халықаралық жаңа жанжалдардың неден туындайтынын зерттеп түсіну, екінші – «қырғи қабақ соғыс» кезеңінен кейінгі болған этникалық және діни жанжалдарды шешу әдістерін жасау, үшінші – халықаралық мамандар біліктілігін жетілдіру үшін оқыту мен сынақтан өткізу бағдарламасын жасау. Бұған америкалық дипломаттармен қоса, жанжалдарды келіссөз жолымен шешуге ықпал жасау үшін гуманитарлық көмек бағдарламасын жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдардың өкілдері де кіре алады.

Американың бейбітшілік институтында жыл сайын ғалымдар мен дүние жүзінің мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ белгілі кәсіпкерлерге арналған бағдарлама жасалады. Олар бұл жерден жарғыда көрсетілген тақырып бойынша бір жылдық оқу курсынан өтеді. Бағдарламаның ағарту бөлімінде жоғары класс оқушылары мен университет студенттері үшін халықаралық жанжалдар мен оны бейбіт жолмен шешудің жолдары жөнінде терең мағлұмат беретін арнаулы курстар ұсынылады. Сонымен қатар институт кәсіби әскерилерді келісімге ұмтылу мәселелерін шешуге дайындау үшін семинарлар ұйымдастырады. Халықаралық келіссөздерге қатысатындарға қызмет барысында түрлі мәдени тосқауылдарды жеңу үшін қандай тәсілдер қолдану керек екендігі де егжей-тегжейлі үйретіледі. Үкімет басшылары да институттан дипломатиялық қажетті ақыл-кеңес ала алады. Халықаралық жанжалдардың бейбіт жолмен шешілетін толып жатқан түрлері бар екендігіне басшылардың көзі жететіндей ықпал жасау – оқу орнының басты міндеті.

Американың бейбітшілік институты тек теориялық білім берумен шектеліп қана қоймай, халықаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге де барынша атсалысады. Басқа ұйымдар қатарында сондай рольде институт та Африка, Оңтүстік Азия мен дүние жүзінің басқа да аймақтарында болып жатқан жанжалдарды шешуде ресми деңгейдегі келіссөздер үшін негіз жасауға белсенді түрде араласуда. Корея түбегіндегі мәселеге институттың жұмысшы тобы мен олардың жасаған баяндамасы

түбектегі қалыптасып отырған жағдай жөніндегі мәселе бойынша әкімшілік көзқарасына кәдімгідей ықпал жасаған.

Халықтар арасындағы түсініспеушіліктерді қан төгіссіз, бейбіт шешуде тиімді жолдар табу – қиынның қиыны, «Қырғи қабақ соғысқа» нүкте қойылса, әлемде бейбіт өмір орнайтын шығар деген үміт әлі ақталмай тұр. Өзге де ұйымдар секілді Американың бейбітшілік институтының ізгілікті мақсаты – бейбітшілік жолында қызмет істеп, өзара ынтымақтастықта өмір сүрудің, ең бастысы – келісімге келе білу керек екенін жер бетіндегі адамдар санасына сіңіру («Егемен Қазақстан». 1997, 26 наурыз).

6. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар:

бейбіт өмір сүру, келіссөз жолымен шешу, халықаралық жанжал, бейбіт жолмен шешу, ықпал жасау, ресми деңгейдегі келіссөздер, жұмысшы тобы.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫндаЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Әлемде қандай шөлдер бар?

2 Шөлге айналу қаупі қай аймақтарға төніп тұр?

3 Бұл мәселенің Қазақстанға қатысы бар ма?

2-тапсырма. Тұзды су, тұщы су, ауыз су тіркестерінің мағыналарын түсіндіріңіз, олармен сөйлем құрастырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Біздің планетамызда су көп, әйтсе де сол судың қадірін білеміз бе? Жер шарының 60%-ында тұратын халық тұщы судың болмауынан немесе жетіспеуінен зардап шегеді. Мәселен, Грецияның Афины және Пиреяға жақын орналасқан аудандарында ауыз су жоқ. Оны алыстағы таулардан тасып ішетіндіктен, су бұл жерде шараптан да қымбат. Хорватияның көптеген облыстарында судың әрбір тамшысы есептелінеді. Югославияның кейбір теңіз жағалауындағы аудандары мен аралдары кемемен жеткізілген тұщы суды пайдаланады. Кейбір жерлерде су автомашинамен, тіпті ұшақпен тасылады. Мәселен, Гонконг пен Сингапур тұщы суды көршілес Қытай мен Малайзиядан алады. Алжир елі бүтіндей дерлік ауыз суды тасып ішеді. Жапон елінде де ауыз су өте көп еңбекпен келеді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Су проблемасы аса маңызды проблеманың біріне айналатын күн де таяу.

БҰҰ-ның зерттеулеріне қарағанда, 2025 жылы дүние жүзі халықтарының үштен екісі су тапшылығынан зардап шегетін көрінеді.

Бір кезде академик Ферсман тұщы суды «онсыз тіршілік болмайтын жер бетіндегі ең маңызды минерал» деп атаған. Жыл өткен сайын бұл ақиқатқа айналып келеді. Суды ешнәрсемен алмастыруға болмайды,

өйткені тірі ағза сусыз тіршілік ете алмайды. Сонымен «судың да сұрауы бар». Су қадірін білесіз бе?

4-тапсырма. Мәтіндегі «Судың да сұрауы бар» деген мақалдың мағынасын түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Шағын мәтінді түсініп оқып, қорытынды жасаңыз.

Ежелгі заманда адам тәулігіне 12-18 л су, ХІХ ғасырда 40-60 л су тұтынатын болған. Қазіргі уақытта дамыған елдерде бұл көрсеткіш 200-300 л, ірі қалаларда 400-500 л және одан да асады. Өнеркәсіп пен қала шаруашылығының жұмсайтын суын қоса алғанда Нью-Йорк тұрғыны тәулігіне 1045 л, Парижде – 500 л, Мәскеу мен Санкт-Петербургте 600 л су кетіреді.

Алайда тіршілік ету үшін адамға күніне небары 2 л су қажет.

6-тапсырма. Геродоттың «Египет – Нілдің сыйы» деген сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

7-тапсырма. Тілек (-са/-се игі еді, -са/-се екен) модальділігін еске түсіріңіз. Мысал келтіріңіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Әлемде өршіп тұрған ланкестік әрекеттер туралы хабарлама дайындаңыз.

2-тапсырма. Аталған мәселеге қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.

3-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне реферат дайындаңыз:

1 «Қазақстан – ғажапстан» (еліміздің табиғаты туралы).

2 «Қазақстанның қорықтары».

3 «Қызыл кітап» туралы не білеміз?

4 «Экология ғылымы нені зерттейді?»

4-тапсырма. Экологиялық проблемаларды шешуге өз үлесіңізді қосыңыз. «Халықаралық жоба» дайындаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Американың бейбітшілік институты ... мақсатында құрылған

А) халықаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешу

В) дамушы елдердегі демографиялық проблеманы реттеу

С) бүкіл дүниежүзілік экологиялық проблемаларды шешу

Д) халықаралық жанжалдарды туындататын жаңа көздерді болдырмау

Е) атом энергиясын пайдалану соғыс мақсаттарына айналып кетпеуін қадағалау

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Тіршілік ету үшін адамға күніне небары ... литр су қажет

- A) үш
- B) бір
- C) екі
- D) бес
- E) төрт

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Американың бейбітшілік институты ... орналасқан

- A) Нью-Йоркте
- B) Вашингтонда
- C) Невада штатында
- D) Колорадо штатында
- E) Колумбия округінде

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Американың бейбітшілік институты ... жылы ашылған

- A) 1993
- B) 1884
- C) 1984
- D) 2000
- E) 1999

5. Тілек мәнді сөйлем құрастырыңыз. Ғаламдық проблеманы...

- A) топ болып талқылады
- B) жоюға атсалысуымыз қажет
- C) шешудің жолы табылса екен
- D) адамзат әрдайым жадында ұстаса игі еді
- E) бүкіл адамзат тізе қосса ғана шешуі мүмкін

6. Сөйлемді толықтырыңыз. Кейбір елдерде бүтіндей дерлік ... тасып ішеді

- A) суды
- B) ас суын
- C) ауыз суды
- D) тұщы суды
- E) тұзды суды

7. Тілек мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- A) планетамызда шөлге айналу процесі жүріп жатыр
- B) жер шары ондаған миллиард адамды асырай алады
- C) экологиялық проблемалар мемлекеттік шекараларды «мойындамайды»
- D) адамзат табиғатта биологиялық тепе-теңдікті сақтау қажет екенін ұмытпаса екен
- E) жанталаса қарулануға кететін орасан зор қаражаттарды бейбіт мақсаттарға жұмсаса игі еді

8. Сөйлемді толықтырыңыз. Американың бейбітшілік институтында жыл сайын ... арналған бағдарлама жасалады

- A) ғалымдарға
- B) студент жастарға
- C) әскери адамдарға
- D) белгілі кәсіпкерлерге
- E) дүние жүзінің мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне

9. Тілек мәнді сөйлемді аяқтаңыз. «Үшінші әлем елдерінің» артта қалушылығы жойыл...

- A) – се еді
- B) – са екен
- C) – уы тиіс
- D) – са игі еді
- E) – уы мүмкін

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: неприсоединение

- A) әділеттілік
- B) ықпалдастық
- C) келіспеушілік
- D) басқыншылық
- E) қосылмаушылық

17-сабақ

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ

1-тапсырма. Сөздікті пайдаланып сөздерді аударыңыз, сөйлем құрастырыңыз.

Мемлекеттік, белгі, дербес, мойындау, сыртқы әлем, бөлімше, еске саларлықтай, өзіндік, ерекшелік, түбірімен.

2-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1 Қазақ дипломатия тарихы кімнен басталады?
- 2 Қандай қазақ дипломаттарды білесіз?
- 3 Ең алғашқы қазақстандық Төтенше және Өкілетті елші кім еді?
- 4 Қазіргі дипломаттардан кімдерді білесіз?
- 5 Қазақстанның Германиядағы елшісі кім?
- 6 Қазақстанның Франциядағы елшісі кім?
- 7 Қазақстанның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі кім?
- 8 Қазақстан мемлекеттігін не танытады?

3-тапсырма. Қазақтың тұңғыш өкілетті және төтенше елшісі – М.С. Фазылов жөнінде өзіңіз не білесіз?

4-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ӨКІЛЕТТІ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЕЛШІСІ

Бүгінде Қазақстан мемлекеттігін танытатын бірден-бір белгі – оның дербес сыртқы саясаты және біздің елімізді бүкіл әлемнің мойындауы болып отыр.

1994 жылға дейін республика үкіметінің құрамында ең болмаса оның сыртқы әлеммен байланыс жасайтын бөлімшесі де болған жоқ.

Мәскеуде, Одақтық сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында және оның шетелдердегі өкілдерінде 20-дан астам ғана дипломат қазақ еңбек етті. Олар негізінен Азия және Африка елдерінде жұмыс істеді.

XX ғасырдың 20 жылдары жас Кеңес өкіметінің Сауд Арабиясындағы алғашқы өкілетті өкілі белгілі шығыстанушы Нәзір Төрекұлов болды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанға дейін Қазақстан бойынша жалғыз ғана Мәлік Сабырұлы Фазылов Кеңестер Одағының Төтенше және Өкілетті Елшісі болды.

М.С. Фазылов 1927 жылы 15 тамызда Қостанай облысында дүниеге келген. МГИМО-ны бітіргеннен кейін дипломатиялық қызмет жолын Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінен бастайды.

Республика СІМ тарихында М.С. Фазылов еңбек еткен кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар: Республика СІМ-нің мәртебесі түбірімен өзгерді, оның рөлі артты. Өз алдына дербес протокол және консул бөлімдері құрылды, кейінірек баспасөз және ақпарат бөлімі, сыртқы экономикалық байланыстар бөлімі құрылды.

5-тапсырма. Қалау (-ғым келеді) модальділігін еске түсіріңіз, сөйлемдер құрастырыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Насихаттау, қолтаңба, тағайындау, бауырлас, мақала, адал, кеңесші

2-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар.

1 Қазақстанның Малиде елшілігі бар ма?

2 Қазақстанның Марокко Корольдігінде елшілігі бар ма?

3 Қазақстанның қанша елде елшілігі бар?

4 Қазақстанда қанша елдің елшілігі бар?

5 Қазір Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі кім?

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Керегінше сөздікті пайдаланыңыз.

М.С. Фазылов 1975 жылы Д.А. Қонаевтың ұсынуымен КСРО-ның Малидағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалды. Тропикалық қиын климатта М.С. Фазылов жеті жылдан астам қызмет істеді. Қазақ ретінде, қазақстандық ретінде өз республикасын да насихаттай білді. КСРО-ның Малидағы елшілігінде өз қолтаңбасын қалдырды, дипломаттар үшін барлық жағдай жасалынған жаңа елшілік қалашығын салуды ұйымдастырды.

Малидегі қызметінен кейін ол бірден Кеңестер Одағының Марокко Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалды. Мұнда ол 1983 жылдан 1990 жылға дейін еңбек етті.

Мали Республикасында да, Марокко Корольдігінде де М.С. Фазылов Қазақстанның мәдениет күндерін табыспен өткізді.

1988 жылы елші Алматы мен Мекнес (Марокконың ескі астанасы) қалаларын бауырлас қала ету жөніндегі хаттамаға қол қойды.

Өзінің өмірінің соңына дейін ол Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде кеңесші болып қызмет атқарды. Дипломат, тарих ғылымының кандидаты М.С. Фазылов әртүрлі басылымдарда орыс, қазақ, француз, араб тілдерінде көптеген мақалалар жариялады.

Ол өз елінің халқына адал қызмет етті. («Дипломатия жаршысы», 1997, № 3).

4-тапсырма. Елшілер, елшіліктер туралы сұхбат құрастырыңыз.

5-тапсырма. Құрастырған сұхбатыңызды айтып беріңіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Мына адамдардың дипломатияға қатысын анықтаңыз:

Абылай хан, Тәуке хан, Қасым хан, Есім хан, Қазбек би, Төле би, Әйтеке би, Бұқар жырау.

2-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне реферат дайындаңыз.

Абылай хан;
Тәуке хан;
Қасым хан;
Есім хан;
Қазбек би;
Төле би;
Әйтеке би;
Бұқар жырау.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Қазақстан мемлекеттігін танытатын бірден-бір белгі – ...

- A) өнері
- B) халқы
- C) тарихы
- D) табиғи байлығы

Е) дербес сыртқы саясаты

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Мәскеуде, Одақтық СІМ-нің орталық аппаратында, шетелдерде ... дипломат қазақ еңбек етті

- А) 10 шақты
- В) 50-ден аса
- С) 60-қа тарта
- Д) 100-ге жуық
- Е) 20-дан астам

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазақ дипломаттары негізінен ... елдерінде жұмыс істеді

- А) Азия
- В) Еуропа
- С) Африка
- Д) Оңтүстік Америка
- Е) Солтүстік Америка

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Кеңес өкіметінің Сауд Арабиясындағы алғашқы өкілетті өкілі белгілі шығыстанушы ... болды

- А) Қазыбек би
- В) Т. Рысқұлов
- С) Н. Төреқұлов
- Д) М.С. Фазылов
- Е) Ә. Бөкейханов

5. Сөйлемді толықтырыңыз. Қазақстан бойынша жалғыз ғана ... Кеңестер Одағының Төтенше және Өкілетті елшісі болды

- А) Т. Рысқұлов
- В) М. Шаханов
- С) Н. Төреқұлов
- Д) М.С. Фазылов
- Е) Ә. Бөкейханов

6. Қалау мәнді сөйлемді көрсетіңіз

- А) тропиктік ормандар геноқорының жойылуы өте қауіпті
- В) озон қабатының бұзылу қаупі алаңдаушылық тудырып отыр
- С) «бай» және «кедей» елдер арасындағы кереғарлық өрши түсті
- Д) болашақ ұрпақтардың денсаулығын сақтауға үлес қосқым келеді
- Е) дүниежүзілік мұхитты ластанудан сақтау адамзаттың өз қолында

7. Сөйлемді толықтырыңыз. М.С. Фазылов ... Төтенше және Өкілетті елші болып қызмет атқарды

- А) Малиде
- В) Францияда
- С) Марокко Корольдігінде
- Д) Біріккен араб эмираттарында
- Е) Америка Құрама Штаттарында

8. Сөйлемді толықтырыңыз. М.С. Фазылов еңбек еткен кезеңде Республика СІМ-нің өз алдына дербес ... бөлімі құрылды.

- A) жастар саясаты
- B) баспасөз және ақпарат
- C) протокол және консул
- D) тұрғындарды еңбекпен қамту
- E) сыртқы экономикалық байланыстар

9. Сөйлемді толықтырыңыз. М.С. Фазылов КСРО-ның ... Төтенше және Өкілетті елшісі болып қызмет атқарды

- A) Малидағы
- B) Малайзиядағы
- C) Сингапурдағы
- D) Марокко Корольдігіндегі
- E) Біріккен Араб Әмираттарындағы

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: назначить

- A) сайлау
- B) мойындау
- C) тағайындау
- D) міндет жүктеу
- E) қызмет атқару

18-сабақ

ДИПЛОМАТ КЕЛБЕТІ

1-тапсырма. Сөздермен сөйлем құрастырыңыз:

байқампаздық, қанағатшылдық, пайдакүнемдік, қарапайым, түзу, қанағатшыл.

2-тапсырма. Жағымды-жағымсыз қасиеттерді анықтаңыз; жағымды қасиеттерге он шақты мысал, жағымсыз қасиеттерге он шақты мысал жазыңыз.

3-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.

Адамдардың кейбір жағымсыз қасиеттері: біреуді-біреу көре алмаушылық, іштарлық, екіжүзділік, тәкаппарлық, жағымпаздық, пайдакүнемдік, қызғанушылық, өзімшілдік, жемқорлық, жалақорлық, бұзақылық және ...

4-тапсырма. Дипломаттар қатарын толықтырыңыз.

Талейран, Гарольд Никольсон, ..., ..., ...

5-тапсырма. «Нағыз дипломатқа» қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Талейранның пікірінше, дипломатия саласында жемісті жұмыс істеуге қажетті «Жан мен рухтың» сапасы екі санатқа бөлінеді.

Бірінші санатқа байқампаздық, қанағатшылдық, пайдакүнемдіктен мүлде аулақ болу, сондай-ақ сыртта жүргенде ұлт атынан сөйлеу аса жауапты міндет екендігін сезінуге және ел ішінде оның саяси

құқықтарының сақталуын қадағалауға мәжбүр ететін әйгілі сезім асқақтығы жатады.

Екінші санатқа саяси қатынастарды оқып-үйренуге жан-дүниесінің бейімділігі, мәселелердің түп-төркінін дұрыс және тез арада андай қою қабілеті, ой-өрісінің кеңдігі жатады.

Бәрін бірге алғанда және практика жүзінде өрістетіп көргенде аталмыш қасиеттердің барлығы да дипломатиялық мансаптың рухы мен абыройын құрайды, – деді Талейран 1800 жылы наурызда үкіметке ұсынған дипломатиялық мансап туралы өзінің баяндамасында.

Қайтыс боларынан бір жарым ай бұрын (1838 ж. наурызда) Талейран Париж академиясында сөйлеген сөзінде оның пайымдауынша үлгі болып табылатын дипломат туралы тағы да айтып өтті.

Атап айтқанда, ол Сыртқы істер министрінің саяси бөлімі басшысының өзін-өзі ұстауы «қарапайым, түзу, қанағатшыл болуға тиіс; күнделікті күйбеңнен бойын аулақ сала отырып, ол өзін тек қана құпияда ұстайтын істерге арнауға тиіс; оқиғалар мен адамдар туралы анықтама беруге әрқашанда әзір бола отырып, ол барлық шартты үнемі жадында ұстауға, олардың хронологиялық тәртібі мен уақытын білуге, шарттардың күшті және әлсіз жақтарын, олардың жасалғанға дейінгі барысын және жасалғаннан кейінгі салдарын дұрыс бағалай білуге, ең ақырында, келіссөздердегі негізгі өкілетті адамдардың аттарын, тіпті осы өкілеттілердің отбасылық байланыстарын білуге міндетті «екенін» айтты.

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Дипломатиялық мансап, дипломатиялық мәнсаптың рухы мен абыройы, күнделікті күйбең, өзін құпияда ұстайтын істерге арнау деген тіркестерді қалай түсінесіз?

2 Мәтіндегі «...келіссөздердегі негізгі өкілетті адамдардың аттарын, тіпті осы өкілеттілердің отбасылық байланыстарын білуге міндетті» деген жолдарға қосыласыз ба?

8-тапсырма. Адамның мінезін сипаттайтын мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін есіңізге түсіріңіз, оларды 2 бағанаға бөліп жазыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркесін құрастырыңыз. Өзіңіз білмейтін сөздердің аудармасын сөздіктен қараңыз.

Аңқау, сабырлы, аңғал, қабілет, лайықсыз қылық, сезімтал, сергек, аңқылдақ, сақтық.

2-тапсырма. Сангвиник, холерик, меланхолик, флегматик темпераменттерін қазақ тілінде суреттеңіз.

3-тапсырма. Адам бейнесін сипаттайтын сөздерді жазыңыз.

а) тура мағынасында;

- ә) ауыспалы мағынасында;
- б) тұрақты тіркес болғанда.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Сыртқы істер министрінің қасиеттерін атай келіп, Талейран министрге «Өзін-өзі қалай ұстау керектігін тез сезіне қоятын және қандай да бір келіссөз басталғанға дейін-ақ лайықсыз қылық көрсетіп алмайтындай ерекше сергек те сезімтал болу қажеттігін» айтты, осыны берік ұстана отырып аңқылдақ болып көріну, аңқау түрмен сабырлы болу және тіпті өзі айналысатын істі таңдау кезінде де сақ болу қабілеті қажет, әйтсе де әңгімелесушілерге тосын сауалдар қойған кезінде табиғи қалыпта және кейде аңғал болып көрінгені де дұрыс, бір сөзбен айтқанда, жиырма төрт сағаттың ішінде ол бір сәтке де Сыртқы істер министрі болмай қалуға тиісті емес».

5-тапсырма. Мәтінге мәтіннің мазмұнын ашатындай сұрақтар құрастырыңыз.

6-тапсырма. Қатал-жұмсақ, көңілді-көңілсіз, ашық-тұйық, сабырлы-салмақты, сабырсыз, ұшқалақ, жеңілтек, ақылды-ақымақ т.б. қарама-қарсы мәнді сөздерді мінезді суреттеу үшін қолданып, портрет жасап көріңіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. «Мәмлегер бейнесі болашақ маман көзімен...» тақырыбына өз ойларыңызды тұжырымдап, шығарма жазыңыз.

2-тапсырма. Халқымыздың хандары мен билерінің, жырауларының халықаралық саясатқа қатысты ойларын жинақтап, слайд жасаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Дипломатияға қатысы жоқ адамды көрсетіңіз.

- A) М. Фазылов
- B) М. Шаханов
- C) М. Мақатаев
- D) Н. Төрекұлов
- E) О. Сүлейменов

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Талейран Сыртқы істер министрінің саяси бөлімі басшысы ... білуге міндетті екенін айтты

- A) барлық шарттарды
- B) барлық шарттарды қайта қарауға
- C) барлық шарттардың күшті және әлсіз жақтарын
- D) барлық шарттардың хронологиялық тәртібі мен уақытын

Е) барлық шарттардың жасалғанға дейінгі барысын және жасалғаннан кейінгі салдарын дұрыс бағалай

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Талейранның пікірінше, Сыртқы істер министрі ... тиіс

А) қызғаншақ әрі жағымпаз болуға

В) қарапайым, түзу, қанағатшыл болуға

С) оқиғалар мен адамдар туралы анықтама беруге әрқашанда әзір болуға

Д) күнделікті күйбеңнен бойын аулақ сала отырып, ол өзін тек қана құпияда ұстайтын істерге арнауға

Е) келіссөздердегі өкілетті адамдардың барлығының аттарын, тіпті олардың отбасылық байланыстарын білуге

4. Адамдардың жағымсыз қасиеттері:

А) екіжүзділік, іштарлық

В) сергектік, сезімталдық

С) жемқорлық, жалақорлық

Д) қызғанушылық, жағымпаздық

Е) көре алмаушылық, пайдакүнемдік

5. Сөйлемді толықтырыңыз. Талейранның пікірінше, дипломатқа қажетті «Жан мен рухтың» сапасы ... санатқа бөлінеді.

А) алты

В) төрт

С) бес

Д) екі

Е) үш

6. Сөйлемді толықтырыңыз. Бірінші санатқа ... жатады.

А) ой-өрісінің кеңдігі

В) саяси қатынастарды оқып-үйренуге жан дүниесінің бейімділігі

С) мәселелердің түп-төркінін дұрыс және тез арада андай қою қабілеті

Д) байқампаздық, қанағатшылдық, пайдакүнемдіктен мүлде аулақ болу

Е) сыртта жүргенде ұлт атынан сөйлеу аса жауапты міндет екендігін сезінуге мәжбүр ететін әйгілі сезім асқақтығы

7. Бір сөзбен түйіндеңіз. Су жүрек

А) адал

В) нәзік

С) қорқақ

Д) мейірімді

Е) қарапайым

8. Мақалды толықтырыңыз. Жалғыз жүріп жол ..., көппен жүріп адас

А) тап

В) таппас

С) тапқанша

Д) таппаспын

Е) адаспаймын

9. Дұрыс аудармасын табыңыз: уравновешенность

А) алғырлық

- В) тапқырлық
- С) қанағатшыл
- Д) байсалдылық
- Е) шыдамдылық

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: выходить из положения

- А) естен шығу
- В) қатардан шығу
- С) көңілден шығу
- Д) құлақтан шығу
- Е) тығырықтан шығу

19-сабақ

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1-тапсырма. Сөздермен жұмыс істеңіз.

Сан алуан, үйлесімділік, жауапкершілік, саясат, жаулап басып алу, тұжырымдама, талан-тараж, тұлға.

2-тапсырма. Топ болып мына сұрақтарды талқылаңыздар.

1 Әрбір жеке мемлекет басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын қалай орнатады?

2 Мемлекеттер өзара дипломатиялық қатынастар орнатқанда қандай мақсаттар көздейді?

3 Екі мемлекет арасындағы халықаралық қатынастар қандай бағыттарда жүргізіледі?

4 Қазақстанның халықаралық қатынастары туралы әңгімелеңіз.

3-тапсырма. Досыңызбен Қазақстанның ТМД елдерімен қатынастары туралы сұхбаттасыңыз.

4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Қазақстан экономика саласында қандай мемлекеттермен көп байланыс орнатқан?

2 Қазақстанның экономика саласындағы байланыстарын сіз күнделікті өміріңізден байқайсыз ба?

3 Қазақстанның экономикасы шетел мемлекеттеріне тәуелді ме?

4 Біздің елдің экономикасында дағдарыстар болып тұра ма?

5 Еліміздің болашақта дамуы үшін сіз қандай үлес қосасыз?

5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Адам қауымының қазіргі даму кезеңінде қоғам сан алуан мемлекеттерге бөлінген.

Әрбір жеке мемлекет өз ішінде қабылдаған заңға бағынады және ол заңды бұзушы жауапқа тартылады. Жеке мемлекет өзінің аумағынан тыс жерде халықаралық үйлесімділікті (гармония) таңдауы мүмкін немесе

халықаралық тәртіпке бағынбауды таңдауы мүмкін, бұл таңдау оның еркіне беріледі.

Әрбір мемлекет шағын мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынасты үлкен жауапкершілікпен жасауы мүмкін немесе керісінше қарым-қатынас орнатып, басып алу саясатын жүргізуі мүмкін. Мұндай қарым-қатынас басқа мемлекеттерге де әсерін тигізеді.

Мемлекеттің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасындағы ең басты мақсаты – осы қатынастарға ықпал ету арқылы өз елі үшін көп пайда әкелу, бірақ ол өз мүддесі үшін басқа мемлекеттерге қатысты жүргізетін саясатын тұжырымдауға міндетті. Жеке мемлекет басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын халықаралық үйлесімділік мүддесіне сәйкес жүргізеді, соғыстарды болдырмай, соғыстардың алдын алу саясатын ұстанады және мемлекет байлығын талан-таражға салдырмау – басты мақсаттарының бірі.

Сыртқы саясат тұжырымдамасының болуы – сол ұлттың ақыл-ойының бір көрінісі. Сыртқы саясатты тұжырымдау – саясатшылардың ісі, ал халықаралық қатынастарды жүргізу, сыртқы саясаттағы баса назар аударатын жайларды икемге келтіріп шешу – дипломаттардың ісі.

Дипломатияның негізі – ойлар мен идеялар арқылы мемлекеттердің өзара және халықаралық ұйымдармен қарқынды қатынас жасау жолдары. Бұл қатынас жолдары үкімет басшылары арқылы тікелей немесе елшілер арқылы делдалдардың көмегімен жүзеге асырылады. Ірі мемлекеттер мен көршілес мемлекеттер араларындағы дипломатия – өзінің ең жоғары деңгейінде үкімет басшылары көзбе-көз кездесіп, ой толғап, әңгімелескеннен кейін ғана оңай және үйлесімді жүргізіле алады. Бірақ дипломатиялық қатынастардың көп түрлілігіне және қиындығына орай бұл қатынастар мемлекет басшыларының тікелей қатынасынсыз жүргізілуіне болады.

Адамзат қауымының ғасырлар бойы даму тәжірибесі осы мақсатқа жету жолында қызмет істейтін елші тұлғасының аса маңызды екенін көрсетті. Бірақ елші мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатын ұстанады. Елші – дипломатиялық миссияның басшысы. Елшілік біртұтас команда сияқты жұмыс істеп, мемлекет пен мемлекет немесе халықаралық ұйымдар арасындағы өте маңызды байланыстарды қамтамасыз етеді.

6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға мәтіннің мазмұнын пайдаланып, жауап беріңіз.

- 1 Мемлекеттер арасындағы қатынастардың басты мақсаты неде?
- 2 Мемлекеттік қатынастардағы халықаралық үйлесімділік пен жаулап алу саясаты дегенді қалай түсінесіз?
- 3 Дипломаттар не істейді?
- 4 Дипломатияның негізі не?
- 5 Дипломаттар мен саясатшылар немен айналысады?
- 6 Жоғары деңгейдегі халықаралық қатынастарды кімдер жүзеге асырады?
- 7 Елші өз жұмысында қандай саясатты басшылыққа алады?

7-тапсырма. Мәтіндегі етістің түрлерін анықтаңыз.

8-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құраңыз.

1 Әр мемлекет, халықаралық, үйлесімді, қатынасты, жауапкершілікпен жүргізеді.

2 Дипломаттардың ісі, сыртқы саясаттағы, баса назар аударатын, икемге келтіру, жайларды шешу.

3 Мемлекет басшыларының, бұл қатынастар, тікелей қатынасынсыз, жүргізіледі.

4 Мұндай қарым-қатынас, басқа мемлекеттеріне де, адамзат қауымының, әсерін тигізеді.

5 Өзінің аумағынан тыс, жеке мемлекет, жерде, халықаралық үйлесімділікті, таңдайды.

6 Жүргізетін саясатын, басқа мемлекеттерге, ол, өз мүддесі үшін, қатысты, міндетті, тұжырымдауға.

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді мәтіннен тауып жазыңыз.

1 Жеке мемлекет шағын мемлекетпен ... үлкен жауапкершілікпен жасайды.

2 Сыртқы саясатының ... болуы – сол ұлттың ақыл-ойының бір көрінісі.

3 Елші мемлекет басшысының ... саясатын ұстанады.

4 Адамзат қауымының ғасырлар бойғы тәжірибесі осы мақсатқа жету жолында қызмет істейтін ... аса маңызды екенін көрсетті.

5 Халықаралық қатынастар ... жүзеге асырылады.

6 Мұндай қарым-қатынас адамзат қауымының басқа мемлекеттеріне де ...

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Мына тіркестермен сөйлем құрыңыз:

сауда қатынастары туралы келісім, әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім, саяси қарым-қатынас туралы келісім, әлеуметтік-экономикалық қатынас туралы келісім.

2-тапсырма. Сөздермен сөйлем құрастырыңыздар:

келіссөз; делегация арасындағы келіссөз басталды; одан әрі жалғасты; аяқталды; экономикалық ынтымақтастық мәселесі бойынша келіссөз; мәдени ынтымақтастық туралы келісім; келіссөз іскерлік, достық, сенімділік жағдайда өтті; келіссөзге қатысты.

3-тапсырма. Баспасөз беттерінен үкімет қайраткерлерінің арасындағы келіссөз туралы хабарларды жинап, танысыңыз.

4-тапсырма. Жинаған материалдарыңыз бойынша мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1 Келіссөз қайда, қашан өтті?
- 2 Келіссөзді кімдер жүргізді?
- 3 Келіссөзге кімдер қатысты?
- 4 Келіссөзде қандай мәселелер талқыланды?
- 5 Келіссөз қалай өтті?
- 6 Келіссөз қалай аяқталды.

5-тапсырма. Шақтармен жұмыс жасаңыз. Жақшаны ашып, етістікті жедел өткен шаққа немесе ауыспалы осы шаққа қойыңыздар.

1 Тараптар екі ел арасындағы қатынастардың дамуын жоғары (бағалау).

2 Тараптар екі жақты қатынастардың саяси, экономикалық, мәдени салада одан әрі дамуы үшін перспективалар бар деп (санау).

3 Тараптар экономикалық қатынастардың маңызды жағына (тоқталу).

4 Тараптар екі жақты қатынастардың тиімділігіне сенімділігін (білдіру).

5 Тараптар осы мақсаттарда жан-жақты қадамдар жасауда ортақ шешімге (келу).

6-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар.

1 Саяси қатынастар саласында нені дамытуға болады, нығайтуға болады, нені қатаң сақтауға болады? **Тірек сөздер:** тату көршілік, достық қатынастар, өзара түсіністік, сенім, мемлекеттік шекара туралы келісім.

2 Мәдени қатынастар саласында нені дамытуға болады? **Тірек сөздер:** студенттер алмасу, оқытушылар алмасу, бірлесіп ғылыми конференция өткізу, ақпараттар алмасу, екі жақты туристік алмасуларды дамытуға жәрдемдесу, мәдени байланыстарды дамыту.

3 Экономикалық қатынастар саласында нені дамытуға болады? **Тірек сөздер:** өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастық, банк ісі саласындағы қатынастар мен ынтымақтастықты дамыту, қол қойылған екі жақты экономикалық, сауда және қаржы шарттары мен келісімдерді жүзеге асыру, дамыту.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Өзіңіз білетін тарихи декларациялардың тізімін жасаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді толықтырыңыз. Саяси қатынастар саласында ... дамытуға нығайтуға, сақтауға) болады

- A) тату көршілікті
- B) өзара түсіністікті
- C) достық қатынастарды
- D) сенім, мемлекеттік шекара туралы келісімді
- E) өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Мәдени қатынастар саласында ... дамытуға болады

- A) тату көршілікті
- B) оқытушылар алмасуды
- C) бірлесіп ғылыми конференция өткізуді
- D) студенттер алмасуды, ақпараттар алмасуды
- E) екі жақты туристік алмасуларды дамытуға жәрдемдесуді

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Экономикалық қатынастар саласында ... дамытуға болады

- A) мемлекеттік шекара туралы келісімді
- B) бірлесіп ғылыми конференция өткізуді
- C) өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты
- D) банк ісі саласындағы қатынастар мен ынтымақтастықты
- E) екі жақты экономикалық, сауда және қаржы шарттары мен келісімдерін жүзеге асыруды

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық қатынастар халықаралық үйлесімділік мүддесіне сәйкес ..., соғыстарды болдырмай, алдын алуға болады

- A) жүргізеді
- B) жүргізілсе
- C) жүргізілуге тиіс
- D) жүргізуге болады
- E) жүргізілуі мүмкін

5. Сөйлемді аяқтаңыз. Қазақ елі болашақта мәдени, саяси, экономикалық қатынастарын...

- A) сақталсын
- B) жүргізілсе
- C) нығайтайық
- D) дамытуға мүдделімін
- E) жандандырғысы келеді

6. Сөйлемді аяқтаңыз. Еліміздің болашақта жан-жақты дамуы үшін өз үлесімізді ...!

- A) қосайық
- B) қосылды
- C) қосылсақ
- D) қосылмақ
- E) қосармын

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Сыртқы саясатты ... тұжырымдайды.

- A) халық

- В) елбасы
- С) елшілер
- Д) мәмлегерлер
- Е) саясатшылар

8. Мақалды толықтырыңыз. Ынтымақты елге ешкім ..., ынтымақсыз елдің өкініші кетпес

- А) жетер
- В) кетпес
- С) жетпес
- Д) кететін
- Е) кетуге тиіс

9. Мағыналары мәндес сөздер қатарын табыңыз

- А) ұзын, аласа, тапал
- В) халық, дәстүр, тарих
- С) қоян жүрек, су жүрек
- Д) жүрегі таза, жүрекпен сезіну
- Е) құлақ салды, құлағын шулатты

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: невмешательство

- А) қауіпсіздік
- В) қол сұқпау
- С) кемсітушілік
- Д) күш қолданбау
- Е) бас тартушылық

20-сабақ

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

1-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мына сөздерді аударыңыз:

Мәлімдеме, құрмет, қаратпа сөз, қорытынды сөз, қабылдау, қабыл алыңыз, қол қою, аяқтау, сыпайы, сенім, білдіру, алғашқы.

2-тапсырма. Мына сөздерді дипломатиялық терминдер сөздігінен қарап, анықтамасын жазып алыңыз:

Дипломатиялық хат алысуылар, вербальді нота, жеке нота, төтенше және өкілетті елші, бір жақты құжат, көпжақты құжат, жолдау.

3-тапсырма. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз, еске сақтаңыз.

НОТА – ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТ

Жеке нота бірінші жақтан жазылады. Жеке нотаға қол қойылады. Жеке нота сыпайы (сыпайылықтың трафареттік фразаларымен) аяқталады. Жеке нотадағы қаратпа сөз: (формула обращения) Құрметті Елші мырза, Елші мырза, Министр мырза. Вербальді нота үшінші жақтан жазылады. Вербальді нотаға қол қойылмайды. Вербальді нота сыпайы аяқталады.

Вербальді нота – дипломатиялық хат алысуларда кең таралған құжат. Вербальді деген ұғым – «ұқыпты назар аударатын қағаз» дегенді білдіреді.

Вербальді нота мен жеке нотаның айырмашылықтары бар.

1 Вербальді нотаны а) үкімет; ә) Сыртқы істер министрлігі; б) Елші жібереді.

2 Жеке нотадағы қаратпа сөздің орнына вербальді нотада құрмет білдіруден басталады.

3 Вербальді нота үкімет атынан болса, адресатқа – үкіметке ережедегідей құрмет, сыйлауды білдіруден басталмайды.

4 Үкіметтік ноталарда қорытынды мадақсөз де болмайды.

4-тапсырма. Мына сұрақтарды топ болып талқылаңыз.

1 Қандай дипломатиялық құжаттарды білесіз?

2 Дипломатиялық хат алысуларға қандай құжаттар жатады?

3 Ноталармен танысып көрдіңіз бе?

4 Жеке және вербальді ноталардың айырмашылықтары қандай?

5 Ноталар кімдердің атынан жазылады?

6 Дипломатия тарихынан қандай ноталармен таныссыз?

5-тапсырма. Жеке және вербальді ноталарға мысалдар жазыңыз.

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. «Жеделхат».

Жеделхат – дипломатияда дипломатиялық құжатқа жатады. Өзінің көптеген белгілерімен «дипломатиялық хат алысулар» ұғымын беретін құжат түрі. Телеграф, радионың дамуына байланысты дипломатиялық құжаттың бұл түрі кең таралған. Жеделхатқа жауап қайтарылады. Жеделхат қысқалығына қарамай, саяси мазмұнда болады. Жеделхат мазмұны құттықтау түрінде немесе көңіл айту түрінде болады.

7-тапсырма. Жеделхаттың түрлеріне бірнеше мысал жазыңыз.

8-тапсырма. Сөздермен сөйлем құрастырыңыз: мағыналық өзек – смысловое ядро, мадақсөз – комплимент, құжат – документ.

9-тапсырма. Есіңізге сақтаңыз және оларды қолданып нота жазыңыз.

I. Дипломатиялық құжат мына бөліктерден тұрады:

а) протоколдық формула;

ә) мағыналық өзек;

б) аргументтік бөлік;

в) фактілерді баяндау

II. Протоколдық формула мемлекеттің және үкіметтің жеке жолдауында

а) жеке ноталарда;

ә) вербальді ноталарда болады. Басқа дипломатиялық құжаттарда протоколдық формула болмайды.

III. Протоколдық формула ұғымына не жатады:

- а) қаратпа сөз;
- ә) құжат басында құрметтеуді білдіретін сөз;
- б) құжат соңында марапаттауды білдіретін сөз (қорытынды мадақсөз).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Ресми іс-қағаздар стилінде етістің қай түрі көп қолданылатынын анықтаңыз.

2-тапсырма. Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Жеделхат дипломатиялық құжатқа ... (жату). 2. Жеделхатқа жауап ... (қайтарылу). 3. Жеделхат мазмұны саяси мазмұнда ... (болу). 4. Жеделхат мазмұны құттықтау түрінде ... (болу). 5. Жеделхат көңіл айту түрінде де ... (болу).

3-тапсырма. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.

Халықаралық келіссөз, сапарлардың қорытынды құжаты болып саналатын коммюнике, бірлескен мәлімдеме, декларация – қатысушы тараптардың арасында әрбір сөздің, сөз тіркесінің және абзацтың қиысуы нәтижесінде өмірге келеді. Бұл ария емес, дуэт, тіпті кейде хор.

Коммюнике, бірлескен мәлімдеме, декларация өздерінің міндеті, мақсаты жағынан ұқсас болғанымен, айырмашылықтары да бар.

Коммюнике – әдеттегі, дағдылы трафаретті құжат. Оның тікелей мақсаты – келіссөз нәтижесі туралы баспасөзге хабарлама беру.

Бірлескен мәлімдеме – тараптарды міндеттейтін құжат. Өзінің мазмұны жағынан қорытынды құжаттар екіге бөлінеді: халықаралық қатынас; екі жақты қатынас.

Коммюникенің жетістігі – келіссөздердің қорытындысын және қатысушы тараптардың позициясын дәл беруі.

Коммюникеде, бірлескен мәлімдемеде, декларацияда әрбір тарап әлемдік, аймақтық, халықаралық мәселеге өзінің қатынасын білдіруге тырысады.

4-тапсырма. Төмендегі сөздермен жұмыс істеңіз.

Бірлесіп жасау, баспа басылымдары, бұқаралық ақпарат құралдары, іс-шаралар, қол қою, күшіне енді, мерзім.

5-тапсырма. Келіңіз, ойнайық. Келісім жобаларын жасаңыздар:

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісім жобасын жасаңыздар. Келісім кем дегенде 3 баптан тұрсын;

– Түркия, Қырғызстан т.с.с. елдермен телевидение, радио, спорт және туризм, ғылым және білім саласындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісім жасаңыздар.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Дипломатиялық құжаттардың (құттықтау ноталары, бір жақты дипломатиялық құжаттар, екі жақты дипломатиялық құжаттар) үлгілерін дайындаңыз.

2-тапсырма. «Стиль және оның түрлері» тақырыбына реферат дайындаңыз. Ресми стильге баса назар аударыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Бірінші жақтан жазылатын, қол қойылатын дипломатиялық хат алысу құжаты

- A) жеке нота
- B) декларация
- C) коммюнике
- D) вербальді нота
- E) бірлескен мәлімдеме

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Вербальді нота ... атынан жазылады

- A) елші
- B) уәкіл
- C) үкімет
- D) консул
- E) Сыртқы істер министрлігі

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Вербальді деген ұғым – «...» дегенді білдіреді.

- A) қорытынды құжат
- B) дипломатиялық құжат
- C) қол қойылмайтын құжат
- D) үшінші жақта жазылатын хат
- E) ұқыпты назар аударатын қағаз

4. Келіссөз нәтижесі туралы баспасөзге хабарлама беру міндетін атқаратын дипломатиялық хат-хабар құжаты

- A) жеделхат
- B) конвенция
- C) декларация
- D) коммюнике
- E) бірлескен мәлімдеме

5. Дипломатиялық құжат мына бөліктерден тұрады:

- A) аңдатпа
- B) мағыналық өзек
- C) аргументтік бөлік
- D) фактілерді баяндау

Е) протоколдық формула

6. Тараптарды міндеттейтін құжат

А) виза

В) шарт

С) грамота

Д) меморандум

Е) Бірлескен мәлімдеме

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Сенім грамотасы ... беріледі

А) елшілерге

В) уәкілдерге

С) мемлекет басшысына

Д) дипломатиялық шабарманға

Е) арнаулы (төтенше) делегациялар басшыларына

8. Мағыналары қарама-қарсы сөздерді табыңыз

А) ескі, көне

В) еркін, азат

С) мықты, осал

Д) жария, құпия

Е) ілгерінді, кейінді

9. Мағыналары мәндес сөздер қатарын табыңыз

А) әділ, ақыл, білім

В) сұңғақ, толық, арық

С) аса қадірлі, өте құрметті

Д) қымбатты, ардақты, аяулы

Е) тым аласа, ең терең, өте күрделі

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: комплимент

А) алғыс

В) келіссөз

С) мадақсөз

Д) құттықтау

Е) мақтау қағазы

21-сабақ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ (ДҮНИЕЖҮЗІЛІК) АТАУЛЫ КҮНДЕР

1-тапсырма. Сөздермен жұмыс істеңіздер.

Адамзат, назар аудару, ынтымақтастық, қауымдастық, жариялау, белгілеу, белсенді, мейрам, болашақ, қамқорлық, атап өту.

2-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыздар.

1 Қандай халықаралық атаулы күндерді білесіздер?

2 Халықаралық күндер не үшін аталып өтіледі?

3 Қазақстанның қандай мерекелері халықаралық көлемде тойланады?

4 Қазақстанда қандай халықаралық атаулы күндер аталып өтіледі?

5 Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерін атаңыз.

3-тапсырма. «Сен қандай мерекені ұнатасың?» деген тақырыпқа сұхбаттасыңыз.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ (ДҮНИЕЖҮЗІЛІК) АТАУЛЫ КҮНДЕР

Халықаралық атаулы күндерде адамзаттың аса маңызды проблемаларына назар аударылады. Осы мәселелерді жемісті түрде шешу үшін халықаралық күндер мен апталар белгіленеді. Мұндай күндер мен апталар халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында аталады. Олар дүниежүзілік қауымдастық өміріндегі белгілі бір маңызды оқиғаларды есте қалдыру үшін де аталып өтіледі.

Наурыздың 21-і – Жер күні.

Наурыздың 22-сі – Бүкіләлемдік Су күні.

Наурыздың 23-і – Бүкіләлемдік метеорология күні.

Наурыздың 27-сі – Халықаралық театр күні.

Наурыздың 30-ы – Жерді қорғау күні.

Сәуірдің 1-і – Халықаралық құстар күні. Күлкі күні.

Сәуірдің 2-сі – Халықаралық балалар кітабы күні.

Сәуірдің 5-і – Бүкіләлемдік денсаулық күні.

Сәуірдің 11-і – Халықаралық фашистік концлагерлер тұтқындарын азат ету күні.

Сәуірдің 18-і – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні.

Сәуірдің 24-і – Халықаралық жастардың ынтымақ күні.

Сәуірдің 28-і – Бүкіләлемдік бауырлас қалалар күні.

Сәуірдің 29-ы – Халықаралық би күні.

Мамырдың 3-і – Бүкіләлемдік баспасөз бостандығы күні.

Мамырдың 8-і – Бүкіләлемдік Қызыл крест және Қызыл жарты ай күні.

Мамырдың 15-і – Халықаралық отбасы күні.

Мамырдың 17-сі – Халықаралық электрлік байланыс күні.

Мамырдың 18-і – Халықаралық мұражайлар күні.

Маусымның 1-і – Халықаралық балаларды қорғау күні.

Маусымның 4-і – Халықаралық агрессия құрбандары болған балалар күні.

Маусымның 5-і – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні.

Маусымның 17-сі – Бүкіләлемдік жердің құрғақшылығы мен шөлге айналуына қарсы күрес күні.

Маусымның 23-і – Халықаралық олимпиада күні.

Маусымның 26-і – Халықаралық есірткі және наркобизнеске қарсы күрес күні.

Маусымның 27-сі – Бүкіләлемдік балықшылар күні.

Шілденің 1-і – Бүкіләлемдік сәулет өнері күні.

Шілденің 11-і – Бүкіләлемдік елді мекендер күні. БҰҰ құрылған күн.

Тамыздың 6-сы – Халықаралық ядролық қаруға тыйым салу үшін күрес күні.

Қыркүйектің 1-і – Бүкіләлемдік бейбітшілік күні.

Қыркүйектің 8-і – Халықаралық журналистердің ынтымақ күні. Халықаралық сауаттылықты қолдау күні.

Қыркүйектің 9-ы – Бүкіләлемдік сұлулық күні.

Қыркүйектің 16-сы – Халықаралық озон қабатын қорғау күні.

Қыркүйектің 28-ы – Халықаралық теңіз күні.

Қазанның 1-і – Халықаралық қарт адамдар күні. Халықаралық музыка күні.

Қазанның 5-і – Халықаралық мұғалімдер күні.

Қазанның 6-сы – Халықаралық тұрғын үй күні.

Қазанның 9-ы – Халықаралық стихиялық апаттармен күресу күні.

Қазанның 14-і – Халықаралық стандарт күні.

Қазанның 16-сы – Бүкіләлемдік азық-түлік күні.

Қазанның 17-сі – Халықаралық қайыршылыққа қарсылық көрсету күні.

Қарашаның 9-ы – Бүкіләлемдік сапа күні.

Қарашаның 10-ы – Бүкіләлемдік жастар күні.

Қарашаның 13-і – Халықаралық зағиптар күні.

Қарашаның 17-сі – Халықаралық студенттер күні.

Қарашаның 19-ы – Халықаралық темекіден бас тарту күні.

Қарашаның 21-і – Бүкіләлемдік сәлем күні.

Желтоқсанның 1-і – Бүкіләлемдік СПИД-ке қарсы күрес күні.

Желтоқсанның 3-і – Халықаралық мүгедектер күні.

Желтоқсанның 5-і – Халықаралық экономикалық және әлеуметтік дамуға ерікті көмек көрсетушілер күні.

Желтоқсанның 10-ы – Адам құқықтары күні.

Желтоқсанның 29-ы – Халықаралық биологиялық алуан түрлілік күні.

Халықаралық атаулы күндер халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес жиындарда белгіленеді. Бұл мәселеде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның арнаулы мекемелері белсенді рөл атқарады.

Бұл күндерді атап өтуді әрбір мемлекетке ешкім де, ешбір ұйым да міндеттемейді. Әр мемлекет өзінің мүмкіндігінше осы күндерді атап өтуге тырысады. Мысалы, Германияда аналар күні мерекеленеді. Ал бұрынғы Кеңес Одағында халықаралық күндерден 8 наурыз, 1 мамыр, 12 сәуір, 1 маусым секілді мейрамдар ерекше тойланатын еді. Қазір Қазақстан Республикасында көптеген халықаралық күндер аталып өтіледі. Олардың ішінде балаларды қорғау мен қарттар күнінің орны бөлек. Себебі, балалар – біздің болашағымыз болса, қарттар – өткен тарихымыз. Атақты жазушы Чарльз Диккенс ел аралап жүріп, әуелі сол елдің қарттар үйі мен жетім балалар үйіне барады екен. Олардың жай-күйіне қарап, ел басшыларының қызметіне баға беріпті. Қазақстанда да экономиканың даму деңгейінің

төмендігіне қарамастан жетім балалар мен қарттар үйлеріне қамқорлық жасауда көп жұмыстар атқарылып жатыр.

5-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құрастырыңыз.

Назар аудару, жемісті түрде шешу, дүниежүзілік қауымдастық, атап өту, белсенді, болашақ, қамқорлық жасау.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Халықаралық күндер мен апталарды мерекелеуде қандай мақсат көзделеді?

2 Бұл күндер қайда жарияланады?

3 Халықаралық күндерді белгілеуде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның арнаулы мекемелері қандай рөл атқарады?

4 Бұл күндерді кімдер белгілейді?

5 Қазақстанда қандай халықаралық күндердің орны бөлек?

6 Атақты жазушы Чарльз Диккенс ел басшыларының қызметін қалай бағалаған?

7-тапсырма. Дұрыс па, әлде бұрыс па?

1 Халықаралық күндер мен апталарда адамзаттың аса маңызды проблемаларына назар аударылмайды. ...

2 Мұндай күндер халықаралық ынтымақтастықты нығайтады. ...

3 Халықаралық күндер мен апталар халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес жиындарда белгіленбейді. ...

4 Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның арнаулы мекемелері халықаралық күндерді атап өтуге қатыспайды. ...

5 Бұл күндерді атап өтуге әрбір мемлекетті міндеттейді. ...

6 Қазақстанда барлық халықаралық күндер мен апталар аталып өтіледі. ...

7 Қарттар мен жетім балалар үйлерінің жай-күйіне қарап, сол елдің басшыларының қызметіне баға беруге болады. ...

8-тапсырма. Халықаралық күндер мен апталардың біреуін таңдап алып, сол тақырыпқа төмендегі жоспар бойынша монолог дайындаңыз.

1 Таңдалып алынған халықаралық күн қашаннан бастап тойланады?

2 Бұл күн мемлекет тарапынан қалай аталып өтеді?

3 Өзіңіз қалай мерекелейсіз?

9-тапсырма. Біздің мемлекетімізде тойланатын бір ұлттық мерекеге байланысты құттықтау жеделхатын жазыңыз. Мемлекетаралық ресми құттықтау мәтіні сол елдің бірінші басшысы мен халқына, үкімет басшысына және Сыртқы істер министріне жолданады.

10-тапсырма. Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелерінің біріне байланысты мемлекеттік және саяси қайраткерлерден келген ресми құттықтау жеделхаттарын (қазақ тіліндегі газеттерден) тауып оқыңыз. Жазылу стиліне назар аударыңыз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ

1-тапсырма. Наурыз мейрамы туралы берілген шағын мәтінді толықтырып, әңгіме құрастырыңыз.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз – парсы сөзі, жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз – табиғаттың жаңару мерекесі. Иран, Ирак, Ауғанстанда және Орта Азия мемлекеттерінде жыл басы – Жаңа жылдың келуін 22 наурыз күні тойлайды. 21 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Содан кейін күн ұзара бастайды...

2-тапсырма. Наурыз мейрамына байланысты өзіңіздің туған-туыстарыңызға, достарыңызға құттықтау мәтінін жазыңыз.

3-тапсырма. Мемлекеттердің ұлттық мерекелеріне жолданған ресми құттықтаулар мен жеке адамдарға арналған құттықтаулардың стилін салыстырып, әрқайсысының ерекшеліктерін көрсетіңіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1-тапсырма. Жаңа жыл мерекесі қай елде, қалай тойланатындығы жөнінде мағлұматтар жинаңыз.

2-тапсырма. «Халықаралық атаулы күндер – адамзаттың аса маңызды проблемаларын шешудің бір құралы» тақырыбына эссе дайындаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сіздің назарыңызға бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары ұсынылады. Барлық дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сөйлемді аяқтаңыз. Халықаралық атаулы күндерді ... белгілейді.

- A) мемлекеттер, елдер
- B) Біріккен Ұлттар Ұйымы
- C) БҰҰ-ның арнаулы мекемелері
- D) халықаралық үкіметтік жиындар
- E) халықаралық үкіметтік емес жиындар

2. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық күндер мен апталарды барлық мемлекеттер атап өтуге ...

- A) тиіс
- B) мәжбүр
- C) міндетті
- D) тырысады
- E) міндетті емес

3. Қазақстанда қандай халықаралық күндер аталып өтіледі?

- A) Бүкіләлемдік денсаулық күні
- B) Халықаралық мұғалімдер күні
- C) Халықаралық қарт адамдар күні
- D) Халықаралық балаларды қорғау күні
- E) Халықаралық журналистердің ынтымақ күні

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Халықаралық атаулы күндер ... аталып өтіледі

- A) адамзатты табиғи апаттардан қорғау мақсатында
- B) халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында
- C) адамзаттың аса маңызды мәселелерін жемісті түрде шешу үшін
- D) адамзаттың аса маңызды проблемаларына назар аудару мақсатында
- E) дүниежүзілік қауымдастық өміріндегі белгілі бір маңызды оқиғаларды есте қалдыру үшін

5. Сөйлемді аяқтаңыз. Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері ...

- A) Жеңіс күні
- B) Аналар күні
- C) Бабалар күні
- D) Наурыз мейрамы
- E) Конституция күні

6. Ресми стильге қандай қағаз үлгілері жатады?

- A) заңдар
- B) очерктер
- C) қаулылар
- D) үкімет хабарлары
- E) халықаралық шарттар

7. Сөйлемді толықтырыңыз. Экспрессивті-эмоционалдық сөз тіркестері ... өте сирек пайдаланылады

- A) сөйлеу стилінде
- B) ғылыми стильде
- C) іс қағаздар стилінде
- D) көркем әдебиет стилінде
- E) публицистикалық стильде

8. Сөйлемді толықтырыңыз. «Стиль» сөзі латын тілінен аударғанда ... деген мағынаны береді

- A) жазу мәнері
- B) жазу құралы
- C) сауатты жазу
- D) тіл мәдениеті
- E) мәдениетті сөйлеу

9. Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары

- A) көркем әдебиет стилі

- В) қоғамдық-саяси стиль
- С) публицистикалық стиль
- Д) ауызекі сөйлеу тілінің стилі
- Е) ғылыми-көпшілік әдебиет стилі

10. Дұрыс аудармасын табыңыз: отмечаютя

- А) мерекелік
- В) тойланады
- С) мейрамдар
- Д) белгіленген
- Е) аталып өтіледі

№ 2 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1-НҰСҚА

1. Қысқарған сөздердің толық атауын жазыңыз.

БҰҰ БА, ЭӘК, БАӘ, ЮНЕСКО, КСРО, АТЭХА, БДС, ЮНИСЕФ, ЮНЭП, ЕО.

2. Берілген етістіктерді талдаңыз (құрамына қарай: дара және күрделі, тұлғасына қарай: негізгі және туынды, мағынасына және қызметіне қарай: негізгі және көмекші):

қаржыландыру, құру, көздеу, қолдану, пайдалану, жүзеге асыру, көмектесіп отыру, нығайту, бақылау, пайда болу, ақыл-кеңес беру, қадағалау, ұйымдастыру, қол қою.

Төтенше және Өкілетті Елші – Чрезвычайный и Полномочный Посол
Жоғары дипломатиялық дәреже – высший дипломатический ранг

131. Елшілік – посольство

Дипломатиялық өкілдік – дипломатическое представительство

Төтенше елшілік – посольство чрезвычайное

Арнаулы үкімет делегациясы – специальная правительственная делегация

Ел тәуелсіздігінің жариялануына байланысты – по случаю провозглашения независимости страны

132. Араағайындық (бәтуагершілік) – посредничество

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу құралдарының бірі – одно из средств мирного разрешения международных споров

Үшінші тараптың егеске араласуы ретінде қаралмайды – не может рассматриваться как вмешательство третьей стороны в конфликт

133. Адам құқықтары – права человека

Әлеуметтік-экономикалық, азаматтық, саяси, мәдени және басқа да құқықтар мен бостандықтар кешені – комплекс социально-экономических, гражданских, политических, культурных и других прав и свобод

134. Өз жолын өзі айқындау құқығы – право на самоопределение

Халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бірі – один из основных принципов международного права

Өзінің мемлекеттік өмір нысаны туралы мәселені әрбір халықтың өз бетінше шешу құқығы – право каждого народа самостоятельно решать вопрос о форме своего государственного существования

135. Кіріспе (преамбула) – преамбула

Халықаралық шарттың кіріспе бөлігі – вступительная часть международного договора

136. Күзірет – прерогатива

Қандай да бір мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға тиесілі айрықша құқық – исключительное право, принадлежащее какому-либо государственному органу или должностному лицу

137. Баспасөз мәслихаты – пресс-конференция

Ресми адамдардың, саяси және қоғам қайраткерлерінің, ғылым және мәдениет өкілдерінің тілшілермен тақырыптық кездесуі, әңгімелесуі

138. Халықаралық ұйымдардың артықшылықтары мен иммунитеттері – привилегии и иммунитеты международных организаций

Халықаралық үкіметаралық ұйымдарға және олардың қызметкерлеріне берілетін айрықша құқықтар мен артықшылықтар – особые права и преимущества, предоставляемые международным межправительственным организациям и их персоналу

139. Дипломатиялық қабылдаулар – приемы дипломатические

Маңызды оқиғалар мен мерекелік күндерді атап өту үшін өткізілетін ресми шаралар – официальные мероприятия, проводимые в ознаменование важных событий и юбилейных дат

140. Халықаралық құқықтық тану – признание международно-правовое

Мемлекеттердің жаңа мемлекеттерді немесе үкіметтерді тануы – признание государствами новых государств или правительств

Олармен ресми немесе ресми емес қатынастар орнату мақсатында – в целях установления с ним официальных или неофициальных отношений

141. Қабылдаушы мемлекет – принимающее государство

Дипломатиялық практикада және халықаралық құқықта – в дипломатической практике и международном праве

Аумағында халықаралық мәслихат, мәжіліс өткізілетін мемлекет – государство, на территории которого, проводится международная конференция, совещание

Халықаралық ұйымның штаб-пәтері немесе шетелдік мемлекеттің өкілдігі орналасқан – находится штаб-квартира международной организации или представительство иностранного государства

142. Хаттама – протокол

Халықаралық шарттар атауларының бірі – одно из наименований международных договоров

Негізгі шартқа қосымша болып табылады – является приложением к основному договору

Қорытынды хаттама – заключительный протокол

Шартқа түзету енгізу туралы хаттама – протокол о внесении поправок в договор

143. Дипломатиялық протокол – протокол дипломатический

Жалпы жұрт қабылдаған ережелер, дәстүрлер және шарттылықтар жиынтығы – совокупность общепринятых правил, традиций и условностей

Халықаралық қатынаста үкіметтер, сыртқы істер ведомстволары, дипломатиялық өкілдіктер және ресми адамдар сақтайды – соблюдают правительства, ведомства иностранных дел, дипломатические представительства и официальные лица в международном общении

Әрбір елдің дипломатиялық протоколының өз ерекшеліктері бар – дипломатический протокол каждой страны имеет свои особенности

Дипломатияның маңызды саяси құралы болып табылады – является важным политическим инструментом дипломатии

Мемлекеттік протокол – протокол государственный

144. Қарусыздану – разоружение

Қазіргі заманның маңызды ғаламдық проблемаларының бірі – одна из важнейших глобальных проблем современности

Жаппай және толық қарусыздану – всеобщее и полное разоружение

Әлемнің барлық мемлекеттерінің қарулы күштерін таратуы – роспуск всеми государствами мира вооруженных сил

145. Бекіту – ратификация

Мемлекеттік биліктің жоғары органының халықаралық шартты бекітуі – утверждение высшим органом государственной власти международного договора

Көп жақты шартты бекіту – ратификация многостороннего договора

Бекіту грамотасы депозитарийге сақтауға тапсырылады – ратификационная грамота сдается на хранение депозитарию

146. Аймақтық келісімдер – региональные соглашения

Көп жақты халықаралық шарттар – международные многосторонние договоры

Қатысушылары қандай да бір географиялық ауданда орналасқан мемлекеттер болып табылады – участниками являются государства какого-либо географического района

147. Халықаралық шарттарды тіркеу – регистрация международных договоров

Арнайы тізімге халықаралық шартты енгізу – внесение в специальный список международного договора

БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар хатшылықтарында жүзеге асырылады – осуществляется в секретариатах ООН и других международных организациях

148. Шекараны қайта жүргізу – редемаркация границы

Мемлекеттік шекараның жүргізілген сызығын бірлесіп тексеру және жергілікті жерде қалпына келтіру – совместная проверка и восстановление на местности демаркированной линии государственной границы

Шекара белгілерінің бүлінгендерін алмастыру және жаңаларын орнату – замена разрушенных и установка новых пограничных знаков

149. Тізе бұғу (капитуляция) режимі – режим капитуляций

Айрықша құқықтық режим – особый правовой режим

150. Қарар – резолюция

Халықаралық конференция немесе халықаралық үкіметаралық ұйым органы қабылдайтын шешімдердің түрі – вид решений, принимаемых международной конференцией или органом международной межправительственной организации

Кеңес беру сипатында болады – носит характер рекомендации

151. Халықаралық өзендер – реки международные

Халықаралық сипаттағы ішкі су жолдары – внутренние водные пути международного характера

Бірнеше мемлекеттің аумағы арқылы ағып өтеді – протекают по территории нескольких государств

152. Шекаралық өзендер – реки пограничные

Мемлекеттік шекара арқылы өтетін өзендер – реки, по которым проходит государственная граница

153. Шекараны түзету – ректификация границы

Мемлекеттік шекара сызығын болмашы ғана нақтылау, өзгерту – незначительное уточнение, изменение линии государственной границы

154. Оралу (репатриация) – репатриация

Басқа бір мемлекеттер аумағына барып қалған адамдардың өзі азаматтығын алған, тұрақты тұратын немесе туған еліне қайтып оралуы – возвращение в страну гражданства, постоянного проживания или происхождения лиц, оказавшихся на территории других государств

Халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады – осуществляется на основе международных договоров

155. Өтемқұн – реституция

Халықаралық құқық субъектілерінің материалдық жауапкершілік нысандарының бірі – одна из форм материальной ответственности субъектов международного права

Заңсыз іс-әрекет салдарынан келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру – возмещение материального ущерба, возникшего в результате неправомерного акта

156. Тазалық конвенциялары – санитарные конвенции

Тазалық тексерісін жүзеге асыруды көздейтін халықаралық шарттар – международные договоры, предусматривающие осуществление санитарного контроля

Аса жұқпалы аурулардың таралуына қарсы күрес мақсатында – в целях борьбы с распространением остроинфекционных заболеваний

157. БҰҰ Хатшылығы – Секретариат ООН

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі алты органының бірі – один из шести главных органов Организации Объединенных Наций

БҰҰ-ның ұйымдастыру-әкімшілік қызметін орындау үшін құрылған – учрежден для выполнения организационно-административных функций ООН

158. Көңіл айту (дипломатикалық практикада) – соболезнование (в дипломатической практике)

Ел басына орнаған бақытсыздыққа байланысты ресми көңіл айту – официальное выражение сочувствия в связи с постигшим страну несчастьем

Мемлекет басшысының, үкімет басшысының, басқа да көрнекті басшы қайраткердің қазасына байланысты, аса қатты бүліншілікке, адам өміріне соқтырған табиғат апатына байланысты – в связи со смертью главы государства, главы правительства, другого видного руководящего деятеля, стихийным бедствием, повлекшим большие разрушения, человеческие жертвы

Аза жариялаған елдегі дипломатиялық корпус білдіреді – выражает дипломатический корпус в стране, объявившей траур

159. Достастық – содружество

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) – Содружество Независимых Государств (СНГ)

Бұрынғы кеңес республикаларының мемлекетаралық бірлестігі – межгосударственное объединение бывших советских республик

Ұлыбритания және оның көптеген бұрынғы отарлары мен тәуелді аймақтары құрамындағы мемлекетаралық бірлестік – межгосударственное объединение в составе Великобритании и большинства ее бывших колоний и зависимых территорий

160. Арнаулы миссия – специальная миссия

Өкілдік және уақытша сипатқа ие және бір мемлекет екінші бір мемлекетке белгілі бір мәселелерді қарау үшін жібереді – имеет представительный и временный характер и посылается одним государством в другое для рассмотрения определенных вопросов

161. Әділдік принципі – принцип справедливости

Мемлекетаралық қатынастарда қолданылатын принцип – принцип применяемый в межгосударственных отношениях

Халықаралық проблемаларды шешу халықаралық құқық негізінде жүзеге асуға тиіс – решение международных проблем должно осуществляться на основе международного права

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу принципі – принцип мирного разрешения международных споров

162. Сыртқы саясат құралдары – средства внешней политики

Халықаралық салада өз мақсатына жету үшін пайдаланылатын күштер мен ресурстар жиынтығы – совокупность сил и ресурсов, которые используются для достижения своих целей в международной области

Ақпараттық және материалдық құралдар деп бөлінеді – разделяются на информационные и материальные средства

Ақпараттық құралдарға дипломатиялық байланыс арналары арқылы ықпал ету құралдары жатады – к информационным средствам относятся средства воздействия по каналам дипломатических связей

Материалдық ықпал ету экономикалық құралдарды пайдалану болып табылады – материальным воздействием является использование экономических средств

163. Тараптар – стороны

Уағдаласушы тараптар – договаривающиеся стороны

Екі жақты келіссөздер – двусторонние переговоры

Көп жақты шарттар – многосторонние договоры

164. Мемлекет егемендігі – суверенитет государства

Мемлекеттің өз аумағындағы заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігінің толыққандылығы – полнота законодательной, исполнительной и судебной власти государства на его территории

Кез келген шетел билігін жоққа шығарады – исключает всякую иностранную власть

164. Мемлекеттердің егеменді теңдігі – суверенное равенство государств

Халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бірі – один из основных принципов международного права

Мемлекеттер бірдей құқықтар мен міндеттемелерге ие – государства имеют одинаковые права и обязанности

Олардың экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінің айырмашылықтарына қарамастан, халықаралық қауымдастықтың тең құқықты мүшелері болып табылады – являются равноправными членами международного сообщества независимо от различия их экономических, социальных и политических систем

Мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қол сұғуға болмайды – территориальная целостность и политическая независимость государства неприкосновенны

165. Жасырын шарттар – тайные договоры

Үкіметтердің өз халқынан жасырын жасасқан және жарияланбаған шарттары – договоры, заключенные правительствами тайно от своих народов и неопубликованные

Кедендік артықшылықтар – таможенные привилегии

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖІКТЕЛІМІ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР (гласные звуки): а, ә, о, ө, е, ұ, ү, і, ы, и, у.
ЕРЕКШЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР (специфические гласные звуки): ә, ө, ұ, ү, і.

I	Тілдің қатысына қарай (по положению языка)	Жуан (твердые)	а, о, ы, (и, у)
		Жіңішке (мягкие)	ә, е, ү, і, ө, (и, у)
II	Еріннің қатысына қарай (по участию губ)	Еріндік (губные)	о, ө, ұ, ү, у
		Езулік (негубные)	а, ә, ы, і, и, е, ә
III	Жақтың қатысына қарай (по степени раскрытия рта)	Ашық (открытые)	а, ә, о, ө, е
		Қысаң (узкие)	ұ, ү, ы, і, и, у

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР (согласные звуки): б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР (специфические согласные): ң, ғ, қ, һ

I. **Дауыстың (салдырдың) қатысына қарай** (по участию шума и голоса):

I	Қатаң (глухие)	п, ф, т, с, ш, к, қ, х, ц, ч, щ	
II	Ұяң (звонкие)	б, в, г, ғ, д, ж, з,	
III	Үнді (сонорные)	1. Мұрын жолды (носовые)	м, н, ң
		2. Ауыз жолды (плавные)	л, р, й, у

II. **Жасалу орнына қарай** (по месту образования):

I	Ерін (губные)	Еріндік (губные)	п, м, б, у
		Ерін мен тіс (губно-зубные)	ф, в
II	Тіл (язык)	Тіл алды (переднеязычные)	ш, ж, щ, й, р
		Тіл ортасы (среднеязычные)	к, г
		Тіл арты (заднеязычные)	қ, ғ, ң, х
		Тіл ұшы (альвеолярные)	н, л, ч
III	Көмей (гортанные)	һ	
IV	Тіс (зубные)	т, с, з, д, ц	

III. **Айтылу жолына қарай** (по способу образования):

I	Шұғыл (смычные)	п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң
II	Ызың (щелевые)	ф, в, з, ж, ш, х, ғ, һ, л, й, у, с, щ
III	Діріл (вibrant)	р

**ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖҰПТАСУЫ
(ПАРНЫЕ ЗВУКИ)**

Жуан (твердые)	Жіңішке (мягкие)
А Ақ (белый) Ар (совесть) Нар (верблюду) Сан (число) Сат (продай)	Ә Әк (известка) Әр (каждый) Нәр (питание) Сән (мода) Сәт (удача)
О Он (десять) Оң (правый) Ор (канавы, ров, яма) От (огонь) Қол (рука)	Ө Өн (прибавляйся) Өң (вид) Өр (подъем) Өт (желчь) Көл (озеро)
Ұ Ұн (мука) Ұш (лети) Ұстау (держатель) Ұру (бить) Сұр (серый) Тұр (стоит)	Ү Үн (голос) Үш (три) Үстеу (прибавить) Үру (лаять) Сүр (вяленый) Түр (вид)
Ы Ыс (копоть) Сыз (сырость) Сыра (пиво) Тыс (чехол) Тиын (копейка) Ыстық (жара)	І Іс (дело) Сіз (вы) Сірә (по-видимому) Тіс (зуб) Тиін (белка) Істік (кол)
Қ Қиық (отрезок) Қош (прощай!) Қору (охранять) Құн (стоимость) Құдық (колодець) Қыр (грань)	К Киік (сайуак) Көш (кочевка) Көру (видеть) Күн (солнце) Күдік (подозрение) Кір (грязь)
Ғ	Г

Қиғызу (отрезать)	Кигізу (одеть)
Соғу (побить)	Сөгу (распороть)
Тығу (прятать)	Тігу (шить)

ЖАЛҒАУ

(Аффикс словоизменения)

Жалғау – сөйлемде сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша. Қазақ тілінде 4 түрлі жалғау бар. Олар: көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар.

Жалғаулардың бәрі де сөз тіркесінде, сөйлем ішінде ғана қолданылады.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫ

(Личное окончание)

Жіктік жалғау – баяндауышқа жалғанып, оны бастауышпен жақ арқылы қиыстыратын жалғау. Сондықтан ол сөз табын таңдамай, баяндауыш болған сөздердің бәріне жалғана береді.

Жіктік жалғаулар үш түрлі: 1) жіктік жалғаудың толық түрі; 2) жіктік жалғаудың қысқа түрі; 3) бұйрық райдан соң жалғанатын жіктік жалғау.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУДЫҢ ТОЛЫҚ ТҮРІ

Жіктік жалғаудың толық түрі баяндауыш болған етістікке де, есім сөздерге де жалғанады, оның қолданылу аясы кең.

Жіктік жалғаудың толық түрі арқылы сөздер 2 түрлі жіктеледі: 1) сөздің үш жағына да жіктік жалғау жалғанады; 2) есімше, есім сөздерге қосымша 1-ші, 2-ші жақта жалғанып; 3) жаққа жіктік жалғауы жалғанбайды.

Сөздің 3 жағына да жіктік жалғауы тек көсемшенің -ып/-іп, -а/-е/-й түрлерінен кейін жалғанады.

Көсемшенің жіктелу үлгісі

Жекеше

1-ж. Мен бар-а-мын, бар-ып-пын, кел-е-мін, кел-іп-пін

2-ж. Сен бар-а-сың, бар-ып-сың, кел-е-сің, кел-іп-сің

Сіз бар-а-сыз, бар-ып-сыз, кел-е-сіз, кел-іп-сіз

3-ж. Ол бар-а-ды, бар-ып-ты, кел-е-ді, кел-іп-ті

Көпше

1-ж. Біз бар-а-мыз, бар-ып-пыз, кел-е-міз, кел-іп-піз

2-ж. Сендер бар-а-сың-дар, бар-ып-сың-дар, кел-е-сің-дер, кел-іп-сің-дер

Сіздер бар-а-сыз-дар, бар-ып-сыз-дар, кел-е-сіз-дер, кел-іп-сіз-дер

3-ж. Олар бар-а-ды, бар-ып-ты, кел-е-ді, кел-іп-ті

Есімше, есім сөздерге жіктік жалғау 1-2-ші жақтарда ғана жалғанып, 3-ші жаққа қосымша жалғанбайды.

Есімше, есім сөздердің жіктіктелу үлгісі

Жекеше

1-ж. Мен бар-ған-мын, кел-ген-мін, мұғалім-мін

2-ж. Сен бар-ған-сың, кел-ген-сің, мұғалім-сің

Сіз бар-ған-сыз, кел-ген-сіз, мұғалім-сіз

3-ж. Ол бар-ған, кел-ген, мұғалім

Көпше

1-ж. Біз бар-ған-быз, кел-ген-біз, мұғалім-біз

2-ж. Сендер бар-ған-сың-дар, кел-ген-сің-дер, мұғалім-сің-дер

Сіздер бар-ған-сыз-дар, кел-ген-сіз-дер, мұғалім-сіз-дер

3-ж. Олар бар-ған, кел-ген, мұғалім-дер

Бұл жіктік жалғауы есім сөзге және отыр, тұр, жүр етістіктеріне (нақ осы шақта ғана) тікелей жалғанады.

Жекеше

1-ж. Мен отыр-мын, тұр-мын, жүр-мін

2-ж. Сен отыр-сың, тұр-сың, жүр-сің

Сіз отыр-сыз, тұр-сыз, жүр-сіз

3-ж. Ол отыр, тұр, жүр

Көпше

1-ж. Біз отыр-мыз, тұр-мыз, жүр-міз

2-ж. Сендер отыр-сың-дар, тұр-сың-дар, жүр-сің-дер

Сіздер отыр-сыз-дар, тұр-сыз-дар, жүр-сіз-дер

3-ж. Олар отыр, тұр, жүр

ЖІКТІК ЖАЛҒАУДЫҢ ҚЫСҚА ТҮРІ

Жіктік жалғаудың қысқа түрі жедел өткен шақ пен шартты райға ғана жалғанады. Ол есім сөзге жалғанбайды.

1. Жіктік жалғаудың қысқа түрінің жедел өткен шаққа жалғануы. Етістіктің түбіріне жедел өткен шақтың жұрнағы жалғанып, одан соң жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғанады.

Жедел өткен шақтан соң жіктік жалғаудың жалғануы

Жекеше

1-ж. Мен бар-ды-м, кел-ді-м

2-ж. Сен бар-ды-ң, кел-ді-ң

Сіз бар-ды-ңыз, кел-ді-ңіз

дер

3-ж. Ол бар-ды, кел-ді

Көпше

1-ж. Біз бар-ды-қ, кел-ді-к

2-ж. Сендер бар-ды-ң-дар, кел-ді-ң-дер

Сіздер бар-ды-ңыз-дар, кел-ді-ңіз-

3-ж. Олар бар-ды, кел-ді

2. Жіктік жалғаудың қысқа түрінің шартты райға жалғануы. Етістіктің түбіріне шартты райдың жұрнағы жалғанып, онан соң жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғанады.

Шартты райдан соң жіктік жалғаудың жалғануы

Жекеше

1-ж. Мен ал-са-м, көр-се-м

2-ж. Сен ал-са-ң, көр-се-ң

Көпше

1-ж. Біз ал-са-қ, көр-се-к

2-ж. Сендер ал-са-ң-дар, көр-се-ң-дер

Сіз ал-са-ңыз, көр-се-ңіз
дер

3-ж. Ол ал-са, көр-се

Сіздер ал-са-ңыз-дар, көр-се-ңіз-

3-ж. Олар ал-са, көр-се

Бұйрық райдан соң жіктік жалғаудың жалғануы

Бұйрық райда жіктік жалғау түбір етістікке тікелей үш жақта, жекеше, көпше түрде жалғанады. Жіктік жалғаудың бұл түрі есім сөзге, басқа райларға жалғанбайды. Бұл жіктік жалғаудың 2-жақ жекеше түрде жалғауы жоқ.

Жекеше

1-ж. Мен қал-а-йын, бер-е-йін

2-ж. Сен қал, бер

дер

Сіз қал-ыңыз, бер-іңіз

дер

3-ж. Ол қал-сын, бер-сін

Көпше

1-ж. Біз қал-а-йық, бер-е-йік

2-ж. Сендер қал-ың-дар, бер-ің-

Сіздер қал-ыңыз-дар, бер-іңіз-

3-ж. Олар қал-сын, бер-сін

КӨПТІК ЖАЛҒАУ

(Окончания множественности)

Көптік жалғау сөзге көптік мағына береді: бала + лар, үй + лер, қыз + дар, сөз + дер, кітап + тар, мектеп + тер.

Көптік жалғау – жалғаулардың ішінде сөзге бірінші жалғанатын қосымша: қаламдары, дәптерлерді, аналардан, қалаларға т.б.

Көптік жалғау – негізінен зат есімге жалғанатын жалғау, бірақ ол басқа сөз таптарына да жалғана береді: адамдар, оқушылар, алтылар, сендер, ертендер, жақсылар, келгендер т.б.

Соңғы дыбыс (конечный звук)					
Дауысты және үнді р, й, у (гласные и сонорные р, й, у)		Ұяң з, ж және үнді л, м, н, ң (звонкие з, ж и сонорные л, м, н, ң)		Қатаң және ұяң б, в, г, д (глухие и звонкие б, в, г, д)	
Алдыңғы буын (передний слог)					
Жуан (твердый)	Жіңішке (мягкий)	Жуан (твердый)	Жіңішке (мягкий)	Жуан (твердый)	Жіңішке (мягкий)
-лар	-лер	-дар	-дер	-тар	-тер
Ата+лар	Әже+лер	Қыз+дар	Гүл+дер	Дос+тар	Тіс+тер

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

(Окончания притяжательности)

Тәуелдік жалғау меншіктілікті білдіреді, көбіне зат есімге жалғанады: менің кітабым, сенің үйің, оның ағасы, Әсеттің әні т.б.

Меншікті зат тәуелдік жалғауында тұрғанда, меншікті заттың иесі ілік септік жалғауында тұрып, екеуі үнемі бір сөз тіркесін жасайды. Мысалы, оның кітабы, сенің киімің, сіздің дәптеріңіз, біздің малымыз.

Тәуелдік жалғауы жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде 3 жақта қолданылады:

Менің балам, үйім, қаламым.

Біздің баламыз, үйіміз, қаламымыз.

Сенің балаң, үйің, қаламың.

Сендердің балаларың, үйлерің, қаламдарың.

Сіздің балаңыз, үйіңіз,

Сіздердің балаларыңыз, үйлеріңіз,

қаламыңыз.

қаламдарыңыз.

Оның баласы, үйі, қаламы.

Олардың балалары, үйлері, қаламдары.

Тәуелдік жалғау орыс тілінде жоқ. Меншіктілік (мой дом, твой дом) және ілік септік арқылы (родительный падеж: дом брата, дом сестры) беріледі. Бірақ есімдік (притяжательное местоимение) те, ілік септік не меншікті заттың иесін білдіреді, меншікті зат атау тұлғада тұрып ол сөздермен тіркеседі.

СЕПТІК ЖАЛҒАУ (Падежные окончания)

Септік жалғау – сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша. Қазақ тілінде 7 септік бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Септік жай септелу, тәуелді септелу болып бөлінеді.

ЖАЙ СЕПТЕЛУ

Жай септелу деп түбір сөздің септік жалғауын бірден түбірге қабылдау арқылы септелуі аталады.

Жай септелудің кестесі

Септіктер	Сұрақ-тарғы	Септелу үлгісі	Жалғау-лары	Білдіретін мағыналары
Атау	Кім? Не?	Ата, әже		Атауыштық мағынаны береді.
Ілік	Кімнің? Ненің?	Атаның, әженің	-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің	1. Меншіктілікті білдіреді. Оқушының дәптері.
Барыс	Кімге? Неге?	Атаға, әжеге	-ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е	1. Бағытты білдіреді. Алматыға барғым келеді. 2. Мақсатты білдіреді. Әлия нанға (нан алуға) кетті. 3. Іс-қимылдың кімге бағытталғанын білдіреді. Оқытушы деканға кетті. 4. Рұқсат сұрау. Баруға (айтуға, көруге) бола ма?
Табыс	Кімді? Нені?	Атаны, әжені	-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н	Тура объектіні білдіреді. Оқушы тақтаны сұртті.

Жатыс	Кімде? Неде?	Атада, әжеде	-да/-де, -та/-те, -нда/-нде	1. Заттың мекенін білдіреді. Кітап үстелде жатыр. 2. Заттың кімде екенін білдіреді. Кітап Ленада. 3. Адамның жасын білдіреді. Менің қызым үш жаста. 4. Есептік сан есімге сағат сөзінің тіркесуімен уақытты білдіреді. Сағат бесте. 5. Ай, жыл, күз, жаз, қыс, көктем сияқты жыл мезгілдеріне қатысты сөздерге жатыс септігінің жалғауы жалғанса да уақытты білдіреді. Көктемде, бір жылда, наурыз айында.
Шығыс	Кімнен? Неден?	Атадан, әжеден	-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен	1. қимылдың немесе әрекеттің шығу көзін білдіреді. Ол Астанадан келді. 2. Заттың неден жасалғанын білдіреді. Кірпіштен жасалған үй. 3. Салыстыру. Мен досымнан үлкенмін. 4. Іс-қимылдың басталу уақыты. Ол сағат бестен алтыға дейін үйде болады.
Көмектес	Кіммен? Немен?	Атамен, әжемен	-мен/-бен/- пен, -менен/- бенен/- пенен	1. Іс-әрекеттің іске асу, жасалу құралын білдіреді. Автобуспен келдім. 2. Қимылдың ортақтығын білдіреді. Әжеммен бардым.

ТӘУЕЛДІ СЕПТЕЛУ

Тәуелді септелу деп тәуелденген сөздің септелуі аталады. Тәуелді септелуде түбір сөз алдымен тәуелдік жалғауын қабылдап, содан соң ғана септеледі.

Тәуелді септелудің үлгісі

	Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
1-жақ	ата+м әже+м	атам+ның әжем+нің	атам+а әжем+е	атам+ды әжем+ді	атам+да әжем+де	атам+нан әжем+нен	атам+мен әжем+мен
2-жақ	ата+ң әже+ң	атаң+а әжең+е	атаң+а әжең+е	атаң+ды әжең+ді	атаң+да әжең+де	атаң+нан әжең+нен	атаң+мен әжең+мен
Сыпайы	ата+ңыз әже+ңіз	атаңыз+ға әжеңіз+ге	атаңыз+ға әжеңіз+ге	атаңыз+ды әжеңіз+ді	атаңыз+да әжеңіз+де	атаңыз+дан әжеңіз+ден	атаңыз+бен әжеңіз+бен
3-жақ	ата+сы әже+сі	атасы+на әжесі+не	атасы+на әжесі+не	атасы+н әжесі+н	атасы+нда әжесі+нде	атасы+нан әжесі+нен	атасы+мен әжесі+мен

Көпше түрде дәл осылай септеледі.

ЕСІМДІК **(Местоимение)**

Басқа сөз таптарының орнына қолданылатын жалпы мағыналы сөздерден тұрады. Мысалы, Қасым келді дегеннің орнына – Ол келді, Журналды оқы дегеннің орнына – мынаны оқы, Алтыннан сұра – онан сұра т.б.

Есімдік бірнеше мағыналық топқа бөлінеді: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері.

ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ **(Личные местоимения)**

Жіктеу есімдіктері – үш жақта, жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде қолданылатын есімдіктер.

	Жекеше	Көпше
1-жақ	Мен	Біз
2-жақ	Сен Сіз	Сендер Сіздер
3-жақ	Ол	Олар

Бірінші жақ жіктеу есімдіктері сөйлеушіні, 2-жақ жіктеу есімдіктері тыңдаушыны білдіреді. 3-жақ жіктеу есімдіктері сөйлеушіден, тыңдаушыдан бөгде адамды білдіреді.

Жіктеу есімдіктерінің септелуі

Атау септігі	мен, сен, ол
Ілік септік	менің, сенің, оның
Барыс септік	маған, саған, оған
Табыс септік	мені, сені, оны
Жатыс септік	менде, сенде, онда
Шығыс септік	менен, сенен, онан
Көмектес септік	менімен, сенімен, онымен

СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ **(Указательные местоимения)**

Сілтеу есімдігі сілтеу, нұсқау, көрсету мағынасын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне бұл, сол, ол, осы, сона, ана, анау, мына, мынау, сонау, осынау, әне, міне деген сөздер жатады. Сұрауы қай?, қайсы?

Сілтеу есімдігінің септелуі

Атау септігі	бұл, осы, ана
Ілік септік	бұның, осының, ананың
Барыс септік	бұған, осыған, анаған
Табыс септік	бұны, осыны, ананы
Жатыс септік	бұнда, осыда, анада
Шығыс септік	бұнан (мұнан), осыдан, анадан
Көмектес септік	бұнымен, осымен, анамен

СҰРАУ ЕСІМДІГІ

(Вопросительные местоимения)

Сұрау есімдігі сұрау мағынасын білдіреді. Сұрау есімдігі: кім?, не?, қайсы?, қашаннан?, қандай?, неше?, қанша?, қайда?, қайдан?, қалай?, нешінші? т.б. кім?, не? Сұрау есімдігі септеліп қолданылады.

ӨЗДІК ЕСІМДІК

(Возвратные местоимения)

Өздік есімдігіне өз деген есімдік, оның тәуелденген түрлері жатады: өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өздерің, өздеріңіз, өздері.

БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІ

(Неопределенные местоимения)

Белгісіздік есімдік деп белгісіз мәнде айтылатын сөздер аталады. Белгісіздік есімдікке әр, әлде, бір тұлғалары арқылы сұрау есімдіктерінен жасалған сөздер жатады: әркім, әрқашан, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдекім, біреу, кейбіреу, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме, әрне, әлдене т.б.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІК

(Отрицательные местоимения)

Болымсыз мағынаны білдіретін есімдіктің түрі болымсыздық есімдік деп аталады. Болымсыздық есімдіктерге еш деген тілдік нұсқа арқылы сұрау есімдіктерінен және басқа да сөздерден жасалған есімдіктер жатады: ешкім, ештеме, ешқашан, ешқайда, ешқайдан, ешқайсысы, ешбір, дәнеңе, дәнеме.

ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІ

(Обобщающие местоимения)

Жалпылау есімдіктері жалпылау мағынасын білдіреді. Жалпылау есімдіктеріне бәрі, бар, барлық, күллі, бүкіл, барша, түгел деген сөздер жатады.

СЫН ЕСІМ

Сын есім – заттың сындық белгісін білдіретін сөз табы. Сондықтан ол зат есімнің алдынан ешбір қосымшасыз келіп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады: әсем ән, қызыл алма, қызық кітап.

Сын есім қолданыста заттық мағынаны да білдіре алады, оны сын есімнің заттануы деп атайды.

Сын есім сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады: Қисықтың көлеңкесі де қисық. Тәжірибелі ұстаз сабақты жақсы түсіндіреді.

Заттанған сын есім сөйлемнің барлық мүшесі бола береді: үлкенді сыйла, жақсыдан үлгі ал.

Сын есім мағынасына қарай (по значению) **сапалық** (качественные) және **қатыстық** (относительные) болып екі топқа бөлінеді.

Сапалық сын есім деп заттың түрі, түсін, сапасы мен санын, көлемі мен аумағын білдіретін бір морфемалы сөздер аталады: ақ, көк, үлкен, жақсы, биік, кең, жалпақ.

Сапалық сын есімнің түрлері:

- а) түрі мен түсі (качество, признак цвета): қызыл, жасыл, көк;
- ә) сын-сипаты (характер и свойство): жақсы, сұлу, жалқау, жуас, қатты, өткір, семіз, әлсіз, арық;
- б) көлемі мен аумағы (объем, величина, размер): үлкен, кішкене, кең, тар, биік, аласа, ұзын, қысқа, алыс, жақын, жуан, жіңішке;
- в) дәмі мен исі (вкус): ащы, тұщы, тәтті, дәмді, қышқыл, тұзды;
- г) пішіні, түрі (формасы): қырлы, түзу, қисық, домалақ, сопақ, жұмыр, жалпақ, томпақ, дөңгелек.

Қатыстық сын есім деп заттың белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы білдіретін сөздер аталады: таулы жер, қамысты көл, жазғы самал, бойшаң жігіт, бөрікті адам, күзгі жел.

Қатыстық сын есімдердің жасалуы:

- а) -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары;
- ә) -дай/-дей, -тай/-тей;
- б) -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнағы;
- в) -сыз/-сіз;
- г) -ғы/-гі, -қы/-кі.

Сын есім тұлғасына қарай (по способу образования) **негізгі** (непроизводные) және **туынды** (производные) болып екі топқа бөлінеді.

Негізгі түбір сын есімдер деп құрамы бөлшектеуге келмейтін негізгі түбір сөз арқылы заттың сындық белгісін білдіретін сөздер аталады: қоңыр, семіз, жылы, қалың.

Туынды түбір сын есімдер деп сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған сөздер аталады: ойлы, күлкішіл, таудай, сырлас, сөзшең, қысқы.

Сын есімдер құрамына қарай (по составу) **дара** (простые) және **күрделі** (сложные) болып тағы да екі топқа бөлінеді.

Дара сын есімдер деп құрамы бір ғана сөзден тұратын сындық мағыналы сөздер аталады: әдемі, ұзын, таңғы.

Күрделі сын есім деп ең кемі екі сөзден құралып, бір сындық ұғымды білдіретін сөздер аталады: күрең қызыл, қара ала, қара сұр, ақ сақалды, түлкі тымақты.

Күрделі сын есімдер өз ішінде **қосарлы** (парные) және **тіркесті** (словосочетания) болып бөлінеді.

Қосарланған сын есімдердің жасалуы (образование парных прилагательных):

- а) бірігу: аппақ, көкпеңбек, сөзқұмар, өркөкірек, бауырмал, тапқыр.

- ә) қайталану: биік-биік, үлкен-үлкен;
- б) қосарлану (қайшы мәндес): ұзынды-қысқалы, жақсы-жаман, үлкенді-кішілі, ағалы-інілі;
- в) бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз (сыңар мәндес); балалы-шағалы, ұсақ-түйек, жаман-жұтық;
- г) бір сыңары -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнағы арқылы: қоғамдық-тарихи, идеялық-саяси, әлеуметтік-саяси;
- ғ) екі сыңары да -и жұрнағы арқылы: ғылыми-әдеби, әскери-саяси;
- д) екі сыңары да -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары немесе бір сыңары -сыз/-сіз жұрнақтары арқылы: таулы-тасты, ікелі-балалы, орманды-тоғайлы, ойлы-шұңқырлы, орынды-орынсыз, ағашты-ағашсыз;
- ж) күшейткіш буын арқылы: әп-әдемі, жап-жасыл, ұп-ұзын, топ-толық.

Тіркесті сын есімдердің (словосочетания имен прилагательных) жасалуы:

а) сапалық (негізгі) сын есімдер бір-бірімен тіркеседі: сары ала, қара көк:

ә) негізгі сын есіммен -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті формалы туынды сын есімдер (қатыстық сын есімдер) тіркеседі: қызыл шырайлы, кең маңдайлы, орта бойлы, шоқша сақалды;

б) бірінші сыңары III жақты тәуелді зат есім, екінші сыңары сын есім болады: басы бос, көзі ашық, тілі майда, жүзі жылы, қолы ашық, жөні түзу;

в) күшейтпелі үстеу арқылы: өте әдемі, тым биік, аса терең, нағыз адал, орасан зор, өте қымбат;

г) зат есім, сан есімдермен -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік формалы сын есім тіркеседі: мерекелік концерт, көңіл көтерерлік, бес жылдық, он адам сиярлық, екі-үш күндік, амандық хат;

ғ) қатыстық сын есім мен қатыстық сын есімнің тіркесі арқылы: қазақы мінезді, толықша денелі, сәнді киімді, сапалы білімді.

СЫН ЕСІМ ТУДЫРАТЫН ЖҰРНАҚТАР

(Словообразующие суффиксы имен прилагательных)

1. ЕСІМДЕРДЕН СЫН ЕСІМ ТУДЫРАТЫН ЖҰРНАҚТАР

(Словообразующие суффиксы прилагательного от имен)

- лы/-лі – пайдалы, балалы, үлгілі, өнерлі;
- ды/-ді – ақылды, құмды, білімді, көлді;
- ты/-ті – тасты, ағашты, көрікті, шөпті;
- лық/-лік – қалалық, орталық, өлкелік, кісілік;
- дық/-дік – жылдық, қоғамдық, шешендік, күндік;
- тық/-тік – азаматтық, жолдастық, көйлектік, кәмелеттік;
- лас/-лес – сырлас, бауырлас, тілеулес, көршілес;
- дас/-дес – ауылдас, мұңдас, дәмдес, елдес;

-тас/-тес – туыстас, қанаттас, қызметтес, серіктес, әріптес;
 -сыз/-сіз – ақылсыз, суысыз, білімсіз, көліксіз;
 -қы/-кі – қысқы, сыртқы, ішкі, кешкі, түскі;
 -ғы/-гі – жазғы, ауызғы, күзгі, түнгі;
 -дай/-дей – таудай, судай, үйдей, әкедей, түлкідей;
 -тай/-тей – аттай, қыстай, құстай, сүттей;
 -шыл/-шіл – арманшыл, ұйқышыл, көпшіл, күлкішіл;
 -шаң/-шең – бойшаң, ашушаң, көйлекшең, сөзшең;
 -и – әдеби, мәдени, тарихи, әскери, діни;
 -қой – сәнқой, әзілқой, кәсіпқой, әуесқой;
 -қор – жемқор, жалақор, ызاقор, бейнетқор;
 -паз – өнерпаз, білімпаз, талғампаз;
 -кер/-гер – табыскер, айтыскер, шипагер, найзагер;
 -дар/-тар – қарыздар, білімдар, хабардар, борыштар
 -мал – бауырмал

2. ЕТІСТІКТЕРДЕН СЫН ЕСІМ ТУДЫРАТЫН ЖҰРНАҚТАР (Словообразующие суффиксы прилагательного от глаголов)

-қақ/-кек – жабысқақ, майысқақ, ұрысқақ
 -ғақ/-гек – тайғақ, құрғақ, тоңғақ;
 -ақ/-ек – қорқақ, қосақ, кесек, ирек;
 -ық/-ік – сынық, ашық, жатық, ісік, бітік;
 -к/-к – ақсақ, ширақ, дөңгелек, сирек;
 -қыш/-кіш – тапқыш, айтқыш, кескіш, көргіш;
 -ғыш/-гіш – болжағыш, байқағыш, сезгіш, білгіш;
 -шақ/-шек – мақтаншақ, қызғаншақ, еріншек, сүріншек;
 -ыңқы/-іңкі – басыңқы, жатыңқы, кебіңкі, көтеріңкі;
 -ңқы/-ңкі – салбыраңқы, шашыраңқы, желбіреңкі;
 -ынды/-інді – туынды, ағынды, түйінді;
 -нды/-нді – жасанды, асыранды, серпінді;
 -малы/-мелі – таңдамалы, жинамалы, төгілмелі, үрлемелі;
 -палы/-пелі – ауыспалы, аспалы, көшпелі, серіппелі;
 -ымды/-імді – жағымды, жарасымды, үйлесімді, келісімді;
 -мды/-мді – ұстамды, шыдамды, жарамды;
 -улы/-улі – санаулы, жинаулы, ерттеулі, бүктеулі, ілулі;
 -уық/-уік – жылауық, маңырауық, сыбырлауық, тістеуік;
 -ма/-ме – құрама, қынама, жиналма, бұрама, көтерме;
 -ба/-бе – қызба, тұнба;
 -па/-пе – аспа, даурықпа, бөспе;
 -аған/-еген – қабаған, қашаған, сүзеген, тебеген;
 -қыр/-кір – ұшқыр, тапқыр, өткір;
 -ғыр/-гір – алғыр, қадалғыр, білгір;
 -кілікті – жеткілікті, кешкілікті;
 -ғылықты – тұрғылықты

САН ЕСІМ (Имя числительное)

I. Категориялық мағынасы

Категориальное значение

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөз табын сан есім деп атайды. Сан есім неше?, қанша?, нешеу? (сколько?), нешінші? (который по счету?) деген сұрақтарға жауап береді.

II. Морфологиялық белгілері

Морфологические признаки

1. Сан есім *құрамына қарай дара және күрделі* (қосарлы (парные) және тіркесті (словосочетания), ал *тұлғасына қарай негізгі және туынды* болып бөлінеді.

2. Сан есім субстантивтенген жағдайда зат есім сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді. Сан есім баяндауыш қызметін атқарғанда жіктеледі. Сан есімге көптік жалғауы жалғанғанда болжалдық мағынасын білдіреді.

3. Сан есімнің тек өзіне ғана тән, өзге сөз таптарында жоқ кейбір грамматикалық көрсеткіштері бар. Олар: -ыншы/-інші, -ау/-еу, ер.

4. Сан есім лексика-грамматикалық мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді. Олар: 1) есептік (количественные), 2) реттік (порядковые), 3) жинақтық собирательные), 4) топтау (группирующие, разделительное), 5) болжалдық приблизительные), 6) бөлшектік (дробные).

III. Синтаксистік қызметі

Синтаксические функции

1. Сан есім зат есімнің алдында қолданылады. Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіргендіктен, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады.

2. Сан есім субстантивтенгенде сөйлем мүшелерінің барлық қызметін атқарады:

а) сан есім атау септікте тұрып, бастауыш болады. Алтау ала болса, ауыздағы кетер, Төртеу түгел болса, төбедегі келер;

ә) сан есім жіктеліп келіп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, баяндауыш болады. Біздің вагон бесінші (нешінші?). Біз бесеу (нешеу едік?) едік;

б) сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде келіп, толықтауыш қызметін атқарады. Олар сағат бестарде (нешеде?) келеді. Білек бірді (кімді?), білім мыңды (кімді?) жығады. Сағат бестен (нешеден?) он бес минут кетті;

в) сан есім анықтауыш қызметін атқарады. Төртеуінің (кімнің?) есімі жер жүзіне тарады;

г) сан есім етістіктің алдында келіп, пысықтауыш қызметін атқарады. Сабақ оныншы (нешінші?) қазан айынан басталды. Мен студенттерге кітапты бір-бірден бердім.

САН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ (Разряды имен числительных)

1. Есептік сан есімдер

Количественные числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Қанша? Неше? (сколько?)
2	Жасалу жолдары (способы образования)	Қосымшасыз (без аффиксов)
3	Құрамы (по составу)	1. Дара: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті сегіз тоғыз, он, жүз, мың 2. Күрделі: он бір, отыз үш, жүз сегіз, бес жүз бес, мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз.
4	Мағынасы (по значению)	Заттың дәл нақты санын атап көрсетеді.
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	1) бастауыш, 2) анықтауыш, 3) баяндауыш. Мысалы: Бес саусақ бірдей емес. Керуен сазы хабарына он бес әнші, екі күйші қатысты. Кітап саны – он.

2. Реттік сан есімдер

Порядковые числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Қаншасыншы? Нешінші? (который?)
2	Жасалу жолдары (способы образования)	-ыншы/-інші -ншы/-нші
3	Құрамы (по составу)	1. Дара: бірінші, оныншы, елуінші 2. Күрделі: он бірінші, отыз үшінші, жиырма алтыншы, екі жүз бесінші, мың тоғыз жүз тоқсаныншы. Екі мың екінші т.б.
4	Мағынасы (по значению)	Заттың реттік санын білдіреді
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	Анықтауыш. Мысалы: Бауыржан бесінші сыныпта оқиды.

3. Жинақтық сан есімдер

Собирательные числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Нешеу? (сколько?)
2	Жасалу жолдары (способы образования)	-ау/-еу
3	Құрамы (по составу)	Дара: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу
4	Мағынасы (по значению)	Заттың санын жинақтап көрсетеді.
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	Бастауыш. Мысалы: біреу тойып секіреді, Біреу тоңып секіреді.

4. Топтау сан есімдері

Группирующие числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Қаншадан? Нешеден? (по сколько?)
2	Жасалу жолдары (способы образования)	-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен
3	Құрамы (по составу)	1. Дара: алтыдан, екіден, бестен, оннан, жетіден, тоқсаннан, сексеннен 2. Күрделі: отыз тоғыздан, жүз елуден, екі-екіден, жүз-жүзден, үш-үштен
4	Мағынасы (по значению)	Заттың санын топтап көрсетеді
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	Пысықтауыш. Мысалы: Сағат екіден он минут кетті.

5. Болжалдық сан есімдер

Приблизительные числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Қанша? Неше? (сколько?)
2	Жасалу жолдары (способы образования)	1) -дай/-дей, -тай/-тей 2) -даған/-деген, -таған/-теген 3) -лап/-леп, -дап/-деп, -тап/-теп 4) -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер+жатыс септ. 5) -ер 6) есептік+есептік 7) есептік сан есімдерге шамалы, шақты, таман, тарта, жуық, жақын сияқты сөздердің тіркесуі
3	Құрамы (по составу)	Дара: а) ондай, отыздай, елудей, қырықтай, ә) ондаған, жүздеген, мыңдаған, б) бестеп, елулеп, қырықтап, в) ондарда, бестерде, елулерде, сексендерде, г) бірер Күрделі: а) екі-үш, бес-алты, он-он бес, алпыс-жетпіс, ә) екі жүз шамалы, мыңға жуық, беске таман, жиырмаға тарта
4	Мағынасы (по значению)	Заттың санын болжап, шамалап көрсетеді
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	Анықтауыш. Мысалы: Үйге ондаған адам келді.

6. Бөлшектік сан есімдер

Дробные числительные

1	Сұрақтары (вопросы)	Қанша? Неше? (сколько?) Қаншасы? Нешесі?
2	Жасалу жолдары (способы)	1) есептік+шығыс немесе ілік септік, сан есімнің бөлімі, алымы тәуелдік тұлғада

	образования)	2) есептік+жарты, жарым, ширек 3) ондық бөлшектік сан есім бөлімі ондық, жүздік, мыңдық сияқты болып жасалады.
3	Құрамы (по составу)	Күрделі: 1) оннан бір (1/10), екіден бір (1/2), үштің бірін (1/3), бес бүтін үштен бір (5 1/3) 2) төрт жарым, жүздің жартысы, үш ширек 3) екі бүтін оннан үш (2,3), екі бүтін жүзден төрт (2,04), үш бүтін жүзден он төрт (3,14)
4	Мағынасы (по значению)	Заттың санын бөлшектеп көрсетеді
5	Сөйлемде атқаратын қызметі (функция в предложении)	1) Анықтауыш. 2) Пысықтауыш Мысалы: Фирмада мың жарым адам жұмыс істейді. Судың үштен бірі қалғанда, Көлжұтардың ұрты ғана суға толды.

ЕТІСТІК – ГЛАГОЛ

I. Категориялық мағынасы

Категориальное значение

Етістік – заттың қимыл-әрекетін, қалпын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?

Глагол – знаменательная часть речи, которая обозначает действие, состояние лица или предмета. Отвечает на вопросы что делает? (не істеді? Қайтті?), что будет делать? (не істемек?) и что сделал? (не қылды?).

II. Морфологиялық белгілері

Морфологические признаки

1. *Тұлғасына қарай* етістіктер **негізгі** және **туынды** болып екі топқа бөлінеді. *По способу образования* глагол может быть **непроизводным** (негізгі), **производным** (туынды).

Негізгі етістіктер деп әрі қарай бөлшектенбейтін, бір морфемадан тұрып, қимыл мағынасын білдіретін етістіктер аталады: кел, оқы, жүр, ал, өт, же, бөл, қал, жаз т.б. **Непроизводным глаголом** может быть глагол, состоящий из корня или неразложимой основы. Например: жаз (пиши), оқы (читай) и т.д.

Туынды түбір етістіктер деп негізгі түбір сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған, ең кемі екі морфемадан тұратын етістіктер аталады: достас, ақылдас т.б. **Производный глагол** образуется путем прибавления к основе слова словообразующего суффикса, қол (рука), қолда (поддерживай).

2. Етістік *құрамына қарай* **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді. *По своему морфологическому составу* глаголы бывают **простыми** (дара) и **сложными** (күрделі).

Дара етістіктер деп бір сөзден тұратын мағыналы етістіктер аталады: отыр, ойна, ағар, сырла, сана, әдеміле, оқы, тыңда, басқар. Простые: бар (иди), кел (приди).

Күрделі етістік деп екі мағыналы етістіктен жасалып, біртұтас күрделі қимылды білдіретін етістік аталады: кіріп шық, келіп кет, айтып бар, алып кел, жүріп кет, қайтып кел, қайтып кет. Сложные: оқып шықтым (прочитал), барып келді (сходил).

3. Етістік *мағынасына және қызметіне қарай негізгі және көмекші* болып сараланады. В зависимости от особенностей значения и выполняемых функций выделяются **основные** (негізгі) и **вспомогательные** (көмекші) глаголы.

Негізгі етістік деп лексикалық мағынасы бар, сөйлемнің мүшесі болатын, белгілі сұраққа жауап беретін етістік аталады.

Көмекші етістіктер деп лексикалық мағынасынан айырылған, негізгі етістікке, дербес сөзге тіркесіп қана, оған түрлі грамматикалық мағына қосып, онымен бірге сөйлем мүшесі қызметіне қатысатын етістік аталады.

4. Етістіктің түбірі бұйрық райдың жекеше екінші жағы болғандықтан, басқа категориялары осы бұйрық райдан өрбіп жатады. Етістіктің түлену тұлғалары әртүрлі. Основа глагола в казахском языке по внешней форме соответствует форме повелительного наклонения 2-го лица единственного числа.

5. Етістіктің лексика-грамматикалық категориялары: болымды, болымсыз, сабақты, салт етістік және етіс; грамматикалық категориялары: рай, шақ, жақ (жіктелу түрлері). Глаголы имеют следующие лексико-грамматические категории: положительную (болымды), отрицательную (болымсыз) форму, переходности (сабақты) и непереходности (салт), залог (етіс); грамматические категории: наклонение (рай), время (шақ), лицо (жақ).

6. Етістік – жіктелетін категория. Етістік зат есім сияқты түрленбейді, бірақ оның есімше мен тұйық етістік түрлері көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Глагол спрягается, но не изменяется как имена существительные. Такие формы глагола как причастие и инфинитив принимают окончания множественности, притяжательности, падежности.

III. Синтаксистік қызметі

Синтаксические функции

1. Етістік шақ, рай тұлғаларында жіктеліп келіп, сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады. Глагол, принимая формы времени, наклонения и личные окончания в предложении, выполняет функцию сказуемого. Мен кеше Омарды көргенмін. – Я вчера видел Омара.

2. Етістік есімдерше түрленіп, бастауыш, толықтауыш, кейде анықтауыш та болады. Глагол в предложении выполняет функцию подлежащего, дополнения и определения. Оқығаныңды айт. – Расскажи то, что ты читал. Айтарын айттым, келер-келмесін білмеймін. – Сказать-то сказал, но не знаю, придет или нет. Мен саған көрсеткен кітап. – Книга, которую я показал тебе.

3. Етістіктің көсемше түрі пысықтауыш қызметін атқарады. Деепричастие выполняет функцию обстоятельства. Бала үйден асыға

шықты. – Мальчик вышел из дома, торопясь. Ол бізге күлімсірей қарады. – Он посмотрел на нас, улыбаясь.

ТУЫНДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ **(Образование производных глаголов)**

1. Зат есімнен етістік тудыратын жұрнақтар (Словообразующие суффиксы глагола от существительных)

- | | |
|------------------------------------|---|
| А) -ла/-ле, -да/-де, -та/-те | ойла, хабарла, шегеле, бейнеле
тұзда, арқанда, көзде, емде
баста, аяқта, суретте, есепте |
| Ә) -а, -е | аса, ата, сына, түне, тіле, өрте |
| Б) -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес | саудалас, сырлас, қателес, күбірлес
ақылдас, ұйымдас, тілдес, күңкілдес
достас, қоштас, көмектес, өштес |
| В) -қар/-кер, -ғар/-гер | басқар, атқар, ескер
суғар, аңғар, теңгер |
| Г) -лан/-лен | пайдалан, ашулан, үйлен, иелен |

2. Сын есім, сан есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар (Словообразующие суффиксы глагола от прилагательных, от числительных)

Сын есім (имя прилагательное)

- | | |
|------------------------------|---|
| 1. -ла/-ле, -да/-де, -та/-те | жұқала, сұлула, әдеміле, іріле
жаманда, жуанда, қалыңда, жеңілде
ақта, ұсақта, арықта, уақта, тікте |
| 2. -ар/-ер/-р | жасар, ағар, қызар, көгер, тазар |
| 3. -ай/-ей/-й | молай, күшей, көбей, қарай |

Сан есім (Имя числительное)

- | | |
|---------------------|--------------------------------|
| 1. -ла/-ле, -да/-де | алтаула, екеуле
онда, жүзде |
| 2. лес/-дес | бірлес, жүздес |

3. Басқа сөз таптарынан етістік тудыратын жұрнақтар (Словообразующие суффиксы глагола от других частей речи)

Үстеу (Наречие)

- | | |
|------------------------------|--|
| 1. -ла/-ле, -да/-де, -та/-те | жоғарыла, қазақшала, орысшала,
ілгеріле
шында, жылдамда, төменде, кейінде,
шақта, қыста |
|------------------------------|--|

Одағай (Междометие)

- | | |
|------------|--------------------------------|
| 1. -ла/-ле | ойбайла, құраула, көкеле, уһле |
|------------|--------------------------------|

Еліктеу сөздер (Подражательные слова)

- | | |
|------------------------------|---|
| 1. -ла/-ле, -да/-де, -та/-те | зула, сылдырла, гуле, уле
тарсылда, жылтыңда, иреленде,
желпілде
салпақта, елпекте |
| 2. -ыра/-іре | жарқыра, бұрқыра, дүркіре, желбіре |

КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР (Вспомогательные глаголы)

Қазақ тілінде күрделі етістіктер не бірыңғай етістіктерден, не есімдер мен етістіктердің тіркесінен құралады. Мысалы:

Бірыңғай етістіктерден:

Сатып ал

Келе жатыр

Айта бер

Күліп жіберді

Күліп жібере жаздады

Есімдер мен етістіктерден:

Өлең айт

Ат қойды

Сурет салды

Ұйқысы қанды

Таң аты

Егер күрделі етістік бірыңғай етістіктерден жасалса, олар көсемшенің –ып/-іп/-п; -а/-е/-й жұрнағы арқылы жасалады.

Егер күрделі етістік есімдер мен етістіктерден жасалса, іс-қимыл туралы ұғым соңғы тұрған етістіктер арқылы білінеді.

Екеуінде де жұрнақ, жалғау соңғы етістіктерге жалғанады. Мысалы, ала бер+ді+м, ала бер+іп+пін, ала бер+мек+пін, ала бер+е+сің, ала бер+ген е+ді.

е/де/ет сияқты етістіктер жеке қолданылмайды. Мысалы, айтар едім, ғапу ет, жәрдем ет.

Қалған **бол, ал, қал, сал, бер, қой, жібер, кел, қара, көр, тұр, отыр, жатыр, жүр, баста, таста** т.б. етістіктер негізгі етістіктің де, көмекші етістіктің де орнына жұмсала береді. Бұлар көмекші етістіктердің орнына жұмсалғанда негізгі етістіктегі істің созыңқылығын, тездігін, тұжырымдылығын, басталуын, бітуін көрсетеді. Мысалы, таста, қал, жібер, сал тұжырымдылықты білдіреді: айтып қалды, келіп қалды, беріп қойды, көріп қойды, айтып салды, айтып жіберді, жазып тастады. Бұлардың кейбіреуі көсемшенің -а/-е/-й жұрнағымен тіркесіп келгенде тездікті білдіреді: келе қалды, отыра қалды, тастай салды, бере қойды.

Ал көмекші етістігі негізгі етістіктегі істің болу-болмау мүмкіншілігін білдіреді: жүре алады, оқи алады, сөйлесе алады; жүре алмайды, оқи алмайды, сөйлесе алмайды.

Қара, көр көмекші етістіктері негізгі етістіктегі істің созыңқылығын көрсетеді: айтып көр, айтып қара, оқып көр, байқап көр, байқап қара, сынап қара (көр).

Бол көмекші етістігі негізгі етістіктегі істің аяқталғандығын я аяқталатынын білдіреді: айтып бол, оқып бол, беріп бол. **Бол** етістігі есім сөздермен тіркескенде белгілі бір заттың, сапаның басқа біреуге жанасатындығын білдіреді: батыр бол, бақытты бол, шешен бол, үлкен бол.

Жатыр, жүр, отыр, тұр көмекші етістіктері істің мезгілге байланысты халін, күйін білдіреді: оқып отыр, жазып жатыр, айтып тұр, қыдырып жүр.

Кел, бар, бер көмекші етістіктері негізгі етістіктегі істің бағытын, іске асу барысын білдіреді: алып бер (ал да бер), алып кел (ал да кел), алып бар (ал да бар).

Көмекші етістіктердің саны да, білдіретін мәні де осылай жалғасып кете береді.

САБАҚТЫ ЖӘНЕ САЛТ ЕТІСТІКТЕР

Переходные и непереходные глаголы

Етістіктер объектіге қатысына қарай сабақты етістік және салт етістік болып бөлінеді.

Глаголы по отношению к объекту делятся на переходные (сабақты) и непереходные (салт) глаголы.

I. Сабақты етістік

Переходные глаголы

Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер кімді? нені? (кейде табыс септіктің жасырын түрі не?) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады.

Переходным является глагол, обозначающий действие, направленное на объект, который представлен прямым дополнением. Переходные глаголы можно определить благодаря тому, что прямые дополнения в винительном падеже (табыс септік) находятся перед глаголом и отвечают на вопросы кімді? (кого?) нені? (чего?) не? (что?). Например: Суретті салу. Нарисовать картину. Кітапты аш. Открой книгу. Әнді жаз. Напиши песню.

Сабақты етістіктің жасалуы

(образование переходного глагола)

Етістіктер (глаголы)	Мысалдар (примеры)
Айт	Сабақты айтты
Оқы	Кітапты оқы
Аш	Есікті ашқызды
Бақ	Малды бақты
Бер	Дәптерді берді
Жаз	Жаттығуды жазды
Сыз	Партаны сызба
Тап	Қаламды тап
Әкел	Борды әкелді
Апар	Хатты апарысты

Салт етістік

Непереходные глаголы

Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер салт етістіктер деп аталады. Салт етістіктер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе беруі мүмкін, бірақ табыс септіктегі сөзбен байланыспайды.

Непереходные глаголы (салт етістік), напротив, обозначают действие, которое не переходит на объект. Поэтому непереходные глаголы не имеют при себе прямого дополнения. Например: Үйге кел. Приходи домой. Досыңмен сөйлес. Поговори с другом. Жиналыста шығып сөйлеу. Выступить на собрании.

Салт етістіктер табыс септіктегі сөздермен тіркеспейді. Мысалы, кімді бар, нені келу деп айтпаймыз. Демек, салт және сабақты етістіктерді табыс септіктің сұрағымен тіркесу, тіркеспеуіне қарап ажыратуға болады.

Етістіктің етіс деп аталатын түрлерінің жұрнақтары салт етістікті сабақты, сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Мысалы: 1. -ыл/-іл/-л, -ын/-ін/-н жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, салт етістікке айналады. Мысалы: айту – айтылу, бер – берілу; 2. -дыр/-дір, -тыр/-тір, -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз, -т жұрнақтары салт етістікке жалғанып, сабақты етістікке айналады. Мысалы: отыру – отырғызу, қайнау – қайнату, айту – айтқызу, беру – бергізу.

Салт етістіктің жасалуы

Образование непереходного глагола

Етістіктер (глаголы)	Мысалдар (примеры)
Бар	Театрға барды
Кел	Ауылдан келді
Жүр	Менімен жүр
Қайт	Қаладан қайт
Күрес	Жолдасыңмен күрес
Сөйле	Үймен сөйлестім
Көру	Кинодан көрдім
Оқы	Кітаптан оқыдым
Бол	Сабақта болды
Сұра	Оқушыдан сұрады

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК

(Неопределенная форма глагола (Инфинитив))

I. Категориялық мағынасы

Категориальное значение

Тұйық етістік қимылдың атын білдіреді. Тұйық етістік етістіктің түбіріне -у жұрнағы жалғану арқылы жасалады: бар+у, жаз+у, оқ(ы)+у, ал+у.

II. Морфологиялық белгілері

Морфологические признаки

Тұйық етістік жаққа, шаққа түрленбейді.

1. Зат есімше түрленіп, зат есімнің жалғауларын (көптік, септік, тәуелдік) қабылдайды: келу, келудің, келуге, келуді, келуде, келуім, келуі, барулары, баруларына т.с.с.

2. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Ескерту: Тұйық етістік формасы модаль сөздермен тіркесіп, біртұтас мағына бергенде, модальдық көрсеткішке айналып, модальдық мағына береді: баруы керек, келуге тиіс, жасауы қажет, білуі мүмкін дегендегі -уы керек, -уге тиіс, -уы қажет, -уі мүмкін форманттары – модальдық категорияның көрсеткіштері. Мұндай қолданыстағы тұйық етістіктің жұрнағы өз қызметінде тұрған жоқ.

III. Синтаксистік қызметі

Синтаксические функции

Тұйық етістік сөйлемде әртүрлі сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады: Бастауыш: Бір-бірімізге көмектесу – біздің міндетіміз. Жұмыс істеу қажет. Толықтауыш: Біз кездесуге келістік. Үйренуден жалықпа. Бізге тексеруді тапсырды. Анықтауыш: Жазудың дағдысын балалар тез меңгеріп алады. Пысықтауыш: Біз шомылуға барамыз. Балалар дүкенге оқулық алуға кірді. Баяндауыш: Оның ойлайтыны – мектепті жақсы бітіру. Бәрін білу керек.

1. Бұйрық райлы етістік іс-әрекеттің орындалуын талап ету мәнін, ал тұйық етістік іс-әрекеттің атауын білдіреді. Мысалы: бар – иди, бару – идти; айт – скажи, айту – сказать; сөйле – говори, сөйлеу – говорить.

2. Тұйық етістік **қажет** (надо), **керек** (нужно) сөздерімен тіркескенде, қажеттілік мәніндегі ойды жеткізеді. Оқу ..., тыңдау ..., сөйлеу..., көмектесу ..., білу..., амандасу ..., бару (керек, қажет).

3. Жоғарыдағы жасалған тіркестердің алдына барыс септігіндегі **маған, саған, сізге, оған** (көпше түрде де) есімдіктерін қойып, сөйлемді кеңейтуге немесе іс-әрекеттің иесі мәніндегі ойды білдіруге болады:

	→	оқу	→	
Маған	→	тыңдау	→	
Сөйлеу	→	сөйлеу	→	
Саған	→	көмектесу	→	керек
Сізге	→	амандасу	→	
	→	оған	→	

Етістіктің қай жағын (I, II, III) қолдансақ та, тұйық етістік өзгеріссіз қалады.

4. Келтірілген дайын тіркеске сұраулық **пе** шылауын тіркестіру арқылы хабарлы сөйлемнен сұраулы сөйлем жасауға болады. Бұл жерде шылаудың басқа варианттары қажетсіз, яғни тұйық етістіктен кейін тек **пе** шылауы ғана қолданылады. Мысалы, Амандасу керек пе? Бару керек пе? Сізге көмектесу керек пе?

5. Тұйық етістікке барыс септігі **-ға/-ге** жалғанса, **бола ма, рұқсат па** сөздерімен тіркестірсек, рұқсат алу, рұқсат сұрау мәнін береді. Бұл жерде тұйық етістіктен кейін барыс септігінің тек қана **-ға/-ге** жалғауы жалғанады.

Сұрақ қою

Жауап беру -ға/-ге бола ма? /рұқсат па?/

Кіру

6. Барыс септігіндегі тұйық етістікке келді, барды етістіктерін тіркестіре отырып, мақсат мәніндегі ойды беруге болады. Оқуға келді, ақылдасуға келді.

7. Тұйық етістікке **үшін** жалғаулық шылауын тіркестіргенде, мақсаттық мағынаға ие болатын тіркес пайда болады. Мысалы:

Сатып алу	→		→	купить
Жауап беру	→	үшін	→	ответить
Кездесу	→	(чтобы)	→	встретиться
Ұйымдастыру	→		→	организовать

8. Осы меңгерілген тіркестер ойды байланыстыра жеткізуге ықпалын тигізеді. Мысалы:

Жауап беру үшін дайындалу қажет.

Кездесу үшін келісу керек.

Сатып алу үшін қаражат керек.

Ұйымдастыру үшін уақыт қажет.

Бастапқы екі сөйлемде тұйық етістік екі рет қолданылады, себебі бірі мақсаттық, екіншісі атаулық мәнде қолданылып тұр.

9. Тұйық етістік **керек** сөзімен тіркескенде тәуелденіп қолданылады.

Мысалы:

Менің бару+ым	→		Я должна	→
Сенің бару+ың	→	керек	Ты должен	→
идти				
Сіздің бару+ыңыз	→		Вы должны	→
Оның бару+ы	→		Он (она) должен (должна)	

→

Сіздің кітапханаға баруыңыз керек пе? Менің кітапханаға баруым керек.

10. Тәуелді тұйық етістікке табыс септігін (-ды/-ді) жалғағанда ол енді не? емес, табыс септігінің нені? деген сұрағына жауап береді. Табыс септігінің -ды/-ді жалғауынан басқа варианттары жалғанбайды. Тұйық етістікке табыс септігінен бұрын -ыңыз/-іңіз қосымшасы, сонан соң табыс септігінің -ды/-ді жалғауы жалғанады.

11. Тұйық етістікті **туралы, жайында** шылауларымен тіркестіру

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

(Время глагола)

Іс-әрекеттің, қимылдың мезгілге, уақытқа байланыстылығын көрсететін етістікке тән категорияны етістіктің шақтары деп атайды. Етістікте үш шақ болады: осы шақ, өткен шақ, келер шақ.

I. Осы шақ

Настоящее время

Етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде болып тұратынын немесе істің сөйлеп тұрған кезде орындалып жатқанын білдіреді. Осы шақтың екі түрі бар: нақ осы шақ (собственно-настоящее время), ауыспалы осы шақ (переходное настоящее время).

I. Нақ осы шақ

Собственно-настоящее время

Нақ осы шақтың істің сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді. Нақ ос шақ не істеп отыр?, не істеп тұр?, не істеп жатыр?, не істеп жүр? деген сұрақтарға жауап береді.

Нақ осы шақтың екі түрі бар: 1. дара; 2. күрделі.

1. Дара нақ осы шақ **отыр, тұр, жатыр, жүр** етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік қалып етістіктері деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып, есімдерше жіктеледі, тек қана III жақта жіктік жалғауынсыз жұмсалады. Мысалы:

Жекеше

I-жақ Мен қалып етістік+ -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін

II-жақ Сен қалып етістік+ -сың/-сің

Сіз қалып етістік+ -сыз/-сіз

III-жақ Ол қалып етістік.

Көпше

I-жақ Біз қалып етістік+ -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз

II-жақ Сендер қалып етістік+ -сыңдар/-сіңдер

Сіздер қалып етістік+ -сыздар/-сіздер

III-жақ Олар қалып етістік+ көптік жалғауы.

2. Күрделі нақ осы шақ етістіктің -ып/-іп/-п және -а/-е тұлғалы көсемше түрі мен отыр, тұр, жатыр, жүр деген етістіктердің біреуі тіркесу арқылы жасалады. Соңғы қалып етістіктері ғана жіктеледі де, көсемшелер өзгеріссіз қалады.

Жекеше

I-жақ Мен түбір ет. -ып/-іп/-п қалып етістік+ -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін

Мен оқы+п отыр+мын

II-жақ Сен түбір ет. -ып/-іп/-п қалып етістік+ -сың/-сің

Сен оқы+п отыр+сың

Сіз түбір ет. -ып/-іп/-п қалып етістік+ -сыз/-сіз

Сіз оқы+п отыр+сыз

III-жақ Ол түбір ет. -ып/-іп/-п қалып етістік.

Ол оқы+п отыр.

Көпше

I-жақ Біз түбір ет.+ -ып/-іп/-п қалып етістік+ -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз

Біз оқы+п отыр+мыз

II-жақ Сендер түбір ет.+ -ып/-іп/-п қалып етістік+ -сыңдар/-сіңдер

Сендер оқы+п отыр+сыңдар

Сіздер түбір ет.+ -ып/-іп/-п қалып етістік+ -сыздар/-сіздер

Сіздер оқы+п отыр+сыздар

III-жақ Олар түбір ет.+ -ып/-іп/-п қалып етістік+ көптік жалғауы.

Олар оқы+п отыр.

ЕСКЕРТУ: -а/-е тұлғалы көсемше түрі **жатыр** деген етістікпен ғана тіркеседі.

Жекеше

I-жақ Мен түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін

Мен бар+а жатыр+мын

II-жақ Сен түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -сың/-сің

Сен бар+а жатыр+сың

Сіз түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -сыз/-сіз

Сіз бар+а жатыр+сыз

III-жақ Ол түбір ет.+ -а/-е қалып етістік.

Ол бар+а жатыр.

Көпше

I-жақ Біз түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз

Біз бар+а жатыр+мыз

II-жақ Сендер түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -сыңдар/-сіңдер

Сендер бар+а жатыр+сыңдар

Сіздер түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ -сыздар/-сіздер

Сіздер бар+а жатыр+сыздар

III-жақ Олар түбір ет.+ -а/-е қалып етістік+ көптік жалғауы.

Олар бар+а жатыр.

I. Ауыспалы осы шақ

Собственно-настоящее время

Ауыспалы осы шақ етістіктің сөйлемде басқа сөздермен тіркесіп айтылу ыңғайына қарай бірде осы шақ, бірде келер шақ мағынасын білдіреді. Сол себепті осы шақтың бұл түрін ауыспалы осы шақ деп атайды. Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ -а/-е/-й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады.

Мысалы:

Жекеше

I-жақ Мен түбір ет.+ -а/-е/-й + -мын/-мін, -бын/-бін

Мен кел+е+мін

II-жақ Сен түбір ет.+ -а/-е/-й + -сың/-сің

Сен кел+е+сің

Сіз түбір ет.+ -а/-е/-й + -сыз/-сіз

Сіз кел+е+сіз

III-жақ Ол түбір ет.+ -а/-е/-й + -ды/-ді

Ол кел+е+ді.

Көпше

I-жақ Біз түбір ет.+ -а/-е/-й + -мыз/-міз, -быз/-біз

Біз кел+е+міз

II-жақ Сендер түбір ет.+ -а/-е/-й + -сындар/-сіңдер

Сендер кел+е+сіңдер

Сіздер түбір ет.+ -а/-е/-й + -сыздар/-сіздер

Сіздер кел+е+сіздер

III-жақ Олар түбір ет.+ -а/-е/-й + көптік жалғауы.

Олар кел+е+ді.

ӨТКЕН ШАҚ

(Прошедшее время глагола)

III. Өткен шақ

Будущее время

Өткен шақ іс-әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болғандығын білдіреді. Келер шақтың үш түрі болады: 1. Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время); 2. Бұрынғы өткен шақ (давнопрошедшее время); 3. Ежелгі өткен шақ (неочевидное прошедшее время); 4. Ауыспалы өткен шақ (переходное прошедшее время)

I. Жедел өткен шақ

Очевидно-прошедшее время

Жедел өткен шақ жақын арада, жуықта болған қимылды білдіреді. Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне -ды/-ді, -ты/-ті жұрнағы жалғанып, одан соң жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғану арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

II-жақ Сен етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

Сіз етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

III-жақ Ол етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті.

Көпше

I-жақ Біз етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

II-жақ Сендер етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

Сіздер етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті + жік. жал.

III-жақ Олар етістік+ -ды/-ді, -ты/-ті.

II. Бұрынғы өткен шақ

Давнопрошедшее время

Бұрынғы өткен шақ – бұрын болып өткен қимыл-әрекетті білдіреді. Бұрынғы өткен шақ етістіктің түбіріне –ған/-ген, -қан/-кен жұрнағы жалғанып, одан соң жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғану арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

II-жақ Сен етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

Сіз етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

III-жақ Ол етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен.

Көпше

I-жақ Біз етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

II-жақ Сендер етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

Сіздер етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен + жік. жал.

III-жақ Олар етістік+ -ған/-ген, -қан/-кен.

III. Ежелгі өткен шақ

Неочевидное прошедшее время

Ежелгі өткен шақта сөйлеуші хабарды өзі білмейді, бөтен біреуден естиді немесе бұл хабар жөнінде сенімді емес. Ежелгі өткен шақ етістіктің түбіріне -ып/-іп/-п жұрнағы жалғанып, одан соң жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғану арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

II-жақ Сен етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

Сіз етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

III-жақ Ол етістік+ -ып/-іп/-п.

Көпше

I-жақ Біз етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

II-жақ Сендер етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

Сіздер етістік+ -ып/-іп/-п + жік. жал.

III-жақ Олар етістік+ -ып/-іп/-п.

IV. Ауыспалы өткен шақ

Переходное прошедшее время

Ауыспалы өткен шақ болып өткен, дағдыға айналған қимыл-әрекетті білдіреді. Ауыспалы өткен шақтың жасалу жолдары:

1. Етістіктің түбіріне -атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнақтары жалғанып, одан соң жіктік жалғаудың толық түрі жалғану арқылы жасалады.

Мысалы:

Жекеше

I-жақ Мен түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -мын/-мін

Мен айт+атын+мын

II-жақ Сен түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -сың/-сің

Сен айт+атын+сың

Сіз түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -сыз/-сіз

Сіз айт+атын+сыз

III-жақ Ол түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін

Ол айт+атын

Көпше

I-жақ Біз түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -мыз/-міз, -быз/-біз

Біз айт+атын+быз

II-жақ Сендер түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -сыңдар/-сіңдер

Сендер айт+атын+сыңдар

Сіздер түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін + -сыздар/-сіздер

Сіздер айт+атын+сыздар

III-жақ Олар түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін

Олар айт+атын

2. Ауыспалы өткен шақтың екінші түрі етістіктің түбіріне -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші жұрнақтары жалғанып, еді көмекші етістігімен тіркесу арқылы жасалады. Мысалы:

Жекеше

I-жақ Мен түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші еді + жік.ж.

Мен айт+ушы едім

II-жақ Сен түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші + жік.ж.

Сен айт+ ушы едің

Сіз түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші + жік.ж

Сіз айт+ ушы едіңіз

III-жақ Ол түбір етістік.+ -атын/-етін, -йтын/-йтін

Ол айт+ ушы еді

Көпше

I-жақ Біз түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші еді + жік.ж.

Біз айт+ушы едік

II-жақ Сендер түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші еді + жік.ж

Сендер айт+ушы едіңдер

Сіздер түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші еді + жік.ж.

Сіздер айт+ушы едіңіздер

III-жақ Олар түбір етістік+ -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ушы/-уші еді + жік.ж.

Олар айт+ушы еді

КЕЛЕР ШАҚ (Будущее время глагола)

I. Келер шақ

Будущее время

Келер шақ іс-әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатындығын білдіреді. Келер шақтың үш түрі болады: 1) болжалды келер шақ; 2) мақсатты келер шақ; 3) ауыспалы келер шақ.

1. Болжалды келер шақ

Будущее предположительное время

Іс-қимылдың орындалары белгісіз, болжалды екенін білдіретін келер шақтың түрін болжалды келер шақ дейді. Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне -ар/-ер/-р жұрнақтары, болымсыз етістіктен кейін -с жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -мын/-мін, -пын/-пін

Мен жаз+ар+мын

II-жақ Сен түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -сың/-сің

Сен жаз+ар+сың

Сіз түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -сыз/-сіз

III-жақ Ол түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с

Көпше

I-жақ Біз түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -мыз/-міз, -пыз/-піз

II-жақ Сендер түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -сыңдар/-сіңдер

Сіздер түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с -сыздар/-сіздер

III-жақ Олар түбір етістік+ -ар/-ер/-р/-с

II. Мақсатты келер шақ

Будущее время намерения

Мақсатты келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді. Мақсатты келер ашқ етістіктің түбіріне -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек жұрнағы жалғану арқылы, кейде оған -шы/-ші қосымшасы қосылып, болымсыз түріне емес деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -пын/-пін

Мен жаз+бақ+пын

II-жақ Сен түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -сың/-сің

Сен жаз+бақ+сың

Сіз түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -сыз/-сіз

Сіз жаз+бақ+сыз

III-жақ Ол түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек

Ол жаз+бақ

Көпше

I-жақ Біз түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -пыз/-піз

Біз жаз+бақ+пыз

II-жақ Сендер түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -сыңдар/-сіңдер

Сендер жаз+бақ+сыңдар

Сіздер түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек + -сыздар/-сіздер

Сіздер жаз+бақ+сыздар

III-жақ Олар түбір етістік+ -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек

Олар жаз+бақ

III. Ауыспалы келер шақ

Переходное будущее время

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақтың жасалуы бірдей. Ауыспалы келер шақ -а/-е/-й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады.

Жекеше

I-жақ Мен түбір етістік+ -а/-е/-й + -мын/-мін

Мен айт+а+мын

II-жақ Сен түбір етістік+ -а/-е/-й + -сың/-сің

Сен айт+а+сың

Сіз түбір етістік+ -а/-е/-й + -сыз/-сіз

Сіз айт+а+сыз

III-жақ Ол түбір етістік+ -а/-е/-й + -ды/-ді

Ол айт+а+ды

Көпше

I-жақ Біз түбір етістік+ -а/-е/-й + -мыз/-міз

Біз айт+а+мыз

II-жақ Сендер түбір етістік+ -а/-е/-й + -сыңдар/-сіңдер

Сендер айт+а+сыңдар

Сіздер түбір етістік+ -а/-е/-й + -сыздар/-сіздер

Сіздер айт+а+сыздар

III-жақ Олар түбір етістік+ -а/-е/-й

Олар айт+а+ды

ЕСІМШЕ

Причастие

1. Категориялық мағынасы

Категориальное значение

Есімге де, етістікке де тән грамматикалық белгілерді қамтитын етістіктің түрін есімше деп атайды.

Причастие – это форма глагола, совмещающая в себе грамматические признаки глагола и имен.

II. Морфологиялық белгілері

Морфологические признаки

1. Есімше көптеледі, тәуелденеді, септеледі және жіктеледі.

Если причастие употребляется в качестве существительного, то оно, как и все субстантивированные имена, обычно принимает аффиксы притяжательности, множественного числа, падежные и личные окончания.

2. Есімшенің үш түрі бар: 1) өткен шақ есімше; 2) келер шақ есімше; 3) ауыспалы шақ есімше.

Причастия делятся на три группы: 1) причастие прошедшего времени; 2) причастие будущего времени; 3) причастие переходного времени.

III. Синтаксистік қызметі

Синтаксические функции

Есімше сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады.

В предложении причастие может выполнять роль любого члена предложения: подлежащего, сказуемого, дополнения, определения, обстоятельства.

1. Есімше зат есім мағынасында жұмсалғанда бастауыш болады. Причастие, субстантивируясь, выполняет роль подлежащего в предложении. Мысалы: Көргеннен көрмегенім көп. – Я мало видел (дословно: больше невиденного, чем виденного). Көп жасаған білмес, көп көрген білер (мақал). – Знает не тот, кто долго жил, а тот кто много видел.

2. Есімше жіктеліп келіп, сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады.

Причастие, принимая личные окончания, выполняет роль сказуемого. Мысалы: Ертең мен келермін. – Завтра я приду. Емтихан басталғандықтан,

студенттер оқу залында ұзақ отыратын болды. – Студенты долго сидят в читальном зале, так как начались экзамены. Мен былтыр күнде кітапханаға баратынмын. – В прошлом году я ежедневно ходил в библиотеку.

3. Есімше есімдердің алдында келіп, анықтауыш қызметін атқарады.

Причастие, находясь перед именем, выполняет роль определения. Менің айтар сөзім осы. – Это (все) то, что я хотел тебе сказать. Мен шахмат ойнап отырған баланы көрдім. – Я видел мальчика, играющего в шахматы.

4. Есімше атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, толықтауыш қызметін атқарады.

Причастие, принимая падежные окончания, кроме именительного и родительного, выполняет роль дополнения. Сенің жазғаныңды алдым. – Я получил твою записку. Айтқаныңды түсіндім. – Я понял то, что ты сказал.

5. Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып немесе шылау сөздермен тіркесіп, пысықтауыш қызметін атқарады.

Причастие, принимая окончания одного из дательного, местного, исходного, творительного падежей или сочетаясь с союзами, выполняет роль обстоятельства. Үйге сабақ біткен соң келдік. – Мы пришли домой после окончания уроков. Біз үйден шығарда, ол да келді. – Он пришел, когда мы уже выходили из дома.

КӨСЕМШЕ

Деепричастие

I. Категориялық мағынасы

Категориальное значение

Тиянақсыз тұлғада келіп, көмекші етістіктермен тіркесу арқылы күрделі етістік тудыратын етістіктің түрін көсемше деп атайды.

Деепричастие, как и причастие относится к глагольным формам. Оно обозначает второстепенные действия и служит признаком другого действия. Деепричастие отвечает на вопросы қайтіп? (каким образом?), не істеп отыр? (что делает?), не істеді? (что сделал?), не істегелі жатыр? (что собирается делать?) и т.д.

Тұлғалық белгілеріне қарай көсемше үш түрлі болады: 1) өткен шақ көсемше; 2) келер шақ көсемше; 3) ауыспалы шақ көсемше.

В казахском языке деепричастие делится на три вида: 1) деепричастие прошедшего времени; 2) деепричастие будущего времени; 3) деепричастие переходного времени.

II. Морфологиялық белгілері

Морфологические признаки

1) Көсемше тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды. Көсемше жіктеледі.

Деепричастие не имеет окончания притяжательности, множественного аффикса и падежного окончания, только спрягается.

2) Көсемше етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мынадай жұрнақтар жалғану арқылы жасалады: 1) -а/-е/-й жұрнағы арқылы ауыспалы осы шақ және келер шақ жасалады; 2) -ып/іп/-п жұрнағы арқылы өткен шақ көсемше жасалады; 3) -ғалы/-гелі/-қалы/-келі жұрнағы арқылы істің басталмағанын, оның тек келешекте болатындығын білдіретін келер шақ көсемше жасалады.

Деепричастие образуется путем присоединения к основе глагола суффиксов: 1) -а/-е/-й, которые выражают переходное настоящее и будущее время; 2) суффиксы -ып/іп/-п, которые выражают деепричастие прошедшего времени; 3) суффиксы -ғалы/-гелі/-қалы/-келі которые выражают цель и время (будущее) действия. Например: Балалар жолда жеміс тер-е жүрді. – Дети шли, собирая по дороге ягоды. Жұмысты бітір-іп үйге келдім. – Закончив работу я пришел домой. Шолпан мында кітап ал-ғалы келді. – Шолпан пришла сюда, чтобы взять книгу.

III. Синтаксистік қызметі

Синтаксические функции

Көсемше сөйлемде пысықтауыш пен баяндауыштың қызметін атқарады.

В предложении деепричастие выполняет функции обстоятельства и сказуемого. Например: Бала сурет көргелі келді. – Ребенок пришел посмотреть картины. Ол кітапты оқи отырып жазып алды. – Читая книгу, он сделал выписки. Студенттер практиканы бітіріп институтқа келеді. Закончив практику, студенты приедут в институт.

Көсемшенің жіктелу үлгісі

(Образцы спряжения деепричастия)

1. -а/-е/-й тұлғалы көсемшенің жіктелуі (Спряжение деепричастия с суффиксами -а/-е/-й)

Жекеше түрі (Единственное число)			
Жақ (лицо)	Жұрнақтар (суффиксы)		
	-а	-е	-й
I. Мен	жаз-а-мын	көр-е-мін	сөйле-й-мін
II. Сен	жаз-а-сың	көр-е-сің	сөйле-й-сің
Сіз	жаз-а-сыз	көр-е-сіз	сөйле-й-сіз
III. Ол	жаз-а-ды	көр-е-ді	сөйле-й-ді
Көпше түрі (Множественное число)			
I. Біз	жаз-а-мыз	көр-е-міз	сөйле-й-міз
II. Сендер	жаз-а-сыңдар	көр-е-сіңдер	сөйле-й-сіңдер
Сіздер	жаз-а-сыздар	көр-е-сіздер	сөйле-й-сіздер
III. Олар	жаз-а-ды	көр-е-ді	сөйле-й-ді

2. -п/-ып/-іп тұлғалы көсемшенің жіктелуі (Спряжение деепричастия с суффиксами -п/-ып/-іп)

Жекеше түрі (Единственное число)			
Жақ (лицо)	Жұрнақтар (суффиксы)		
	-ып	-іп	-п
I. Мен	жаз-ып-пын	көр-іп-пін	сөйле-п-пін
II. Сен	жаз-ып-сың	көр-іп-сің	сөйле-п-сің
Сіз	жаз-ып-сыз	көр-іп-сіз	сөйле-п-сіз
III. Ол	жаз-ып-ты	көр-іп-ті	сөйле-п-ті
Көпше түрі (Множественное число)			
I. Біз	жаз-ып-пыз	көр-іп-піз	сөйле-п-піз
II. Сендер	жаз-ып-сындар	көр-іп-сіңдер	сөйле-п-сіңдер
Сіздер	жаз-ып-сыздар	көр-іп-сіздер	сөйле-п-сіздер
III. Олар	жаз-ып-ты	көр-іп-ті	сөйле-п-ті

Ескерту: -ғалы/-гелі/-қалы/-келі тұлғалы көсемшелер жіктелмейді.

Примечание: формы деепричастия -ғалы/-гелі/-қалы/-келі не склоняются.

ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫ

Категория залога

Етістіктердің ерекше грамматикалық категориясының бірі – етіс. Істің істеушісіне және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуын етіс деп атайды. Етістің бес түрі бар: 1) негізгі етіс; 2) өздік етіс; 3) өзгелік етіс; 4) ортақ етіс; 5) ырықсыз етіс.

Залогі глагола выражают возможные отношения между действующим лицом и объектом действия. В казахском языке имеются 5 залогов: 1) основной залог (негізгі етіс); 2) возвратный залог (өздік етіс); 3) понудительный залог (өзгелік етіс); 4) взаимно-совместный залог (ортақ етіс); 5) страдательный залог (ырықсыз етіс).

I. Негізгі етіс

Основной залог

Түбір етістіктің де, басқа сөз табынан жасалған туынды етістіктің де алғашқы тура қалпында айтылған түрін негізгі етіс деп атайды. Бұл етістің басқа түрін жасауға негіз болады. Мысалы: ал, алу, айт, айту, жуын, жуыну, тыңда, тыңдау, тара, тарану, киін, киіну.

Основной залог не имеет залоговых аффиксов, они представляют собой исходную форму, от которой образуются все остальные залогі. Например: Біз радио тыңдаймыз. – Мы слушаем радио. Олар киноға барды. – Они ходили в кино.

II. Өздік етіс

Возвратный залог

Іс-әрекеттің сол әрекетті орындаушының өзіне жұмсалуды білдіретін етістіктің түрін өздік етіс деп атайды. Іс-әрекет істеушінің өзіне арналады. Демек, қимылды, іс-әрекетті іске асырушы екі субъект болады: бірі – сол қимылды орындатушы, екіншісі – қимылды тікелей орындаушы. Өздік етіс етістіктің түбіріне -ын/-ін/-н жұрнағы қосылу арқылы жасалады. Мысалы, жу+ын, ки+ін, тара+н, ойла+н, үйле+н, мақта+н т.б.

Возвратный залог выражает действие, исходящее от субъекта и возвращающееся к нему. В таких глаголах субъект действия в то же время является как бы и прямым объектом действия. Возвратный залог образуется путем присоединения к основе глагола аффиксов -ын/-ін/-н. Например, Кішкене қыз бала таран+ып тұр. – Маленькая девочка причесывается.

III. Өзгелік етіс

Понудительный залог

Іс-қимылдың басқа біреу арқылы орындалатынын білдіретін етістің түрін өзгелік етіс деп атайды. Өзгелік етісті жасайтын жұрнақтар әртүрлі: -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз, -ыз/-із, -дыр/-дір, -тыр/-тір, -ыр/-ір, -т. Мысалы: айт+қыз, жет+кіз, жаз+ғыз, отыр+ғыз, ки+гіз, бер+гіз, ем+із, сал+дыр, киін+дір, ас+тыр, кес+тір, тік+тір, ас+ыр, бат+ыр, піс+ір, кет+ір, тазала+т, боса+т, жаса+т.

Понудительный залог выражает действие, совершаемое субъектом, как бы по принуждению через другого субъекта. Понудительный залог образуется от основы переходных глаголов прибавлением суффиксов: -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз, -ыз/-із, -дыр/-дір, -тыр/-тір, -ыр/-ір, -т. Например: Мен ініме ертегі айт+қыз+дым. – Я заставила братишку рассказать сказку. Мен көйлек сатып ал+дыр+дым. – Я попросила себе купить платье. Сәуле сіңлісін ки+ін+дір+ді. – Сауле одела сестренку или Сауле заставила одеться сестренку.

IV. Ортақ етіс

Взаимно-совместный залог

Іс-қимылды орындаушының екі немесе бірнешеу екендігін білдіріп, іс-қимылдың бірлесе немесе бір-біріне бағыттала орындалатындығын көрсететін етістің түрін ортақ етіс деп атайды. Мысалы: жаз+ыс, ал+ыс, жу+ыс, айт+ыс, жина+с, хабарла+с.

Взаимно-совместный залог обозначает действия, которые совершаются двумя или несколькими лицами и происходят совместно или направлено друг на друга. Взаимно-совместный залог образуется от основы глагола посредством суффиксов -ыс/-іс/-с. Например: Айман досымен хат жаз+ыс+а+ды. Айман переписывается с подружкой. Мен Мұраттың жүгін көтер+іс+тім. Я помог Мурату отнести багаж. Жолдастар кезде+с+іп сәлемде+с+ті. Товарищи встретились и поздоровались.

V. Ырықсыз етіс

Страдательный залог

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелгендігі көрініп тұрса, ондай етісті ырықсыз етіс деп атайды. Ырықсыз етіс -ыл/-іл/-л жұрнақтары арқылы, кейде түбір «л», «р» дыбыстарына аяқталса, -ын/-ін/-н жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен жасалады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Мысалы: сөз айт+ыл+ды, хат жаз+ыл+ды, уәде бер+іл+ді, шарт жаса+л+ды, сабақ баста+л+ды, үй сал+ын+ды, қамал ал+ын+ды, бөлме тазала+н+ды, киім іл+ін+ді, машина көр+ін+ді.

Страдательный залог обозначает действие, которое совершается как бы само собой без воздействия другого лица или объекта. Лицо или объект, совершившее данное действие, может быть явно не указано. Страдательный залог образуется от основы переходных глаголов прибавлением аффиксов -ыл/-іл/-л. Если основа оканчивается на «л» или «р», то страдательный залог образуется прибавлением суффиксов -ын/-ін/-н. Например: Үй сал+ын+ды. – Дом построен. Кеш оқушылар арқылы ұйымдастыр+ыл+а+ды. – Вечер организуется учениками (здесь видно, кто организует вечер). Бөлме электр шамымен жарықта+н+а+ды. – Комната освещается лампой.

ЕТІСТІКТІҢ РАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

Категория наклонения глагола

Қимыл-әрекеттің шындық өмірге қатысын білдіретін етістіктің категориясы рай деп аталады.

Наклонение – это грамматическая категория в системе глагола, обозначающая отношения действия к реальности, представление о возможности, желательности, истинности.

Қимылдың шындық өмірге қатысы, оған сөйлеушінің көзқарасы түрлі болуына байланысты рай да бірнеше түрге бөлінеді: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай.

1. Ашық рай (изъявительное наклонение). Іс-қимылдың үш жаққа да (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) байланысты орындалатынын білдіретін райдың түрі ашық рай деп аталады.

2. Бұйрық рай (повелительное наклонение). Қимылды жасауға қозғау салу, бұйыру, әмір ету, тілек айту сияқты мағыналарды білдіретін етістіктің категориясы бұйрық рай деп аталады. Бұйрық рай жасайтын арнайы жұрнақ жоқ. Бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде беріледі.

Повелительное наклонение выражает побуждение к действию – просьбу, приказ.

Ал бұйрық мағынасының кімге бағытталғанын білдіру үшін етістіктің түбіріне тікелей жіктік жалғауы жалғанады. Бұйрық райға жалғанатын жіктік жалғауы басқа райларда қолданылмайды. Сондықтан оны бұйрық райдың арнайы жіктік жалғауы деп санауға болады. Бұйрық райдың жіктік

жалғауының басқа жіктік жалғаулардан өзіндік ерекшеліктері бар: а) бұйрық райдың жіктік жалғауы түбір етістікке тікелей жалғанады, басқа жіктік жалғаулары түбір етістікке тікелей жалғана алмайды; ә) бұйрық райдың жіктік жалғауының екінші жақ жекеше түрде қосымшасы (жалғауы) жоқ, ал оның сыпайы және көпше түрлерінің және қалған жақтардың қосымшалары бар. Басқа жіктік жалғауларының 3-жағы ғана қосымшасыз нөлдік форма арқылы беріледі.

Бұйрық райдағы етістік негізгі екі морфемадан тұрады: а) түбір морфема; ә) жіктік жалғауы: Біз бар-айық. Сендер кел-індер.

Бұйрық райдың болымсыз түрі екі түрлі жолмен жасалады: 1) синтетикалық тәсіл бойынша етістіктің түбіріне -ма/-ме болымсыздық жұрнағы қосылады: ал-ма-сын, бар-ма-йық, кет-пе-ңіздер. 2) аналитикалық тәсіл бойынша түбір етістікке -ушы болма аналитикалық форманты қосылып, қимылды жасауға тыйым салу мағынасы жасалады: кел-уші болма, айт-ушы болмасын, көр-уші болмаңдар.

Бұйрық райдың жіктелу кестесі

Жекеше	Көпше
Мен түбір етістік + -айын/-ейін, -йын/-йін; ейік,	Біз түбір етістік + -айық/- -йық/-йік
Сен түбір етістік;	Сендер түбір етістік + -ыңдар/-індер, -ндар/-ндер;
Сіз түбір етістік + -ыңыз/-іңіз, -ңыз/-ңіз;	Сіздер түбір етістік + -ыңыздар/-іңіздер, -ңыздар/-ңіздер;
Ол түбір етістік + -сын/-сін; сін;	Олар түбір етістік + -сын/-

3. Шартты рай (условное наклонение). Қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіретін етістіктің түрін шартты рай деп атайды.

Условное наклонение выражает возможность или желательность действия при тех или иных условиях.

Шартты рай етістіктің түбіріне -са/-се жұрнақтарын және одан кейін жіктік жалғауының қысқа түрінің жалғануы арқылы жасалады: мен оқысам, түсінемін, сен білсең, айтасың.

Шартты райлы етістік қолданылған сөйлем шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлем болады.

4. Қалау рай (желательное наклонение). Қимылдың жасалуын сөйлеушінің немесе басқа адамның қалайтынын, тілейтінін, ынтасын білдіретін етістіктің түрін қалау рай деп атайды.

Желательное наклонение выражает желание, намерение говорящего.

Қалау рай реікті қалау рай, тілекті қалау рай болып екіге бөлінеді.

Ерікті қалау рай қимылдың жасалуын субъектінің қалайтынын, ұнататынын білдіреді. Мысалы, сенің әнші болғың келеді. Ерікті қалау рай

етістіктің түбіріне -ғы/-гі кел аналитикалық форманты тіркесу арқылы жасалады. Ерікті қалау райда қалау мағынасының кімге қатысты екендігі -ғы/-гі жұрнағынан кейін жалғанатын тәуелдік жалғауы арқылы көрінеді.

Тілекті қалау рай қимылдың жасалуын субъектінің, сөйлеушінің тілейтінін білдіреді: келсе екен, келсе игі еді, келгей еді. Тілекті қалау рай екі түрлі тәсілмен жасалады: синтетикалық және аналитикалық.

Тілекті қалау райдың синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы: етістіктің түбіріне -ғай/-гей, -қай/-кей жұрнақтары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы жалғанады: Қарағым, тезірек келгейсің.

Тілекті қалау райдың аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы:

1. -ғай/-гей, -қай/-кей еді форманты арқылы жасалады: ол білгей еді, сен келгей едің. Тілекті қалау райдың жақ мағынасы жіктік жалғаудың қысқа түрінің еді көмекші етістігіне жалғануы арқылы беріледі.

2. -са/-се екен форманты: айтса екен, алсам екен. Тілекті қалау райдың бұл тұлғасымен жасалған түрінің жақ мағынасы екі түрлі беріледі: а) жіктік жалғаудың қысқа түрі -са/-се жұрнағынан соң жалғанады: мен білсем екен, ә) жіктік жалғаудың толық түрі екен көмекші етістігіне жалғанады: сен алса екенсің.

3. -са/-се игі еді форманты: естісе игі еді. Тілекті қалау райдың бұл түрінің жақ мағынасы жіктік жалғауының қысқа түрі арқылы беріледі. Ол бірде -са/-се жұрнағына, бірде еді көмекші етістігіне жалғанады: келсем игі еді, келсе игі едім.

4. -са/-се еді: келсе еді. Тілекті қалау райдың бұл түрінің жақтық мағынасы жіктік жалғаудың қысқа түрінің не -са/-се жұрнағынан кейін, не еді көмекші етістігінен кейін жалғануы арқылы беріледі: келсем еді, келсе едім.

Тілекті қалау райдың болымсыз түрі -ма/-ме жұрнағының алдына жалғануы арқылы жасалады: бармағайсың, алмаса екен, кетпесе игі еді, көрмесе едім.

ҮСТЕУ

Наречие

Үстеу – іс-қимылдың, амал-әрекеттің белгісін, жай-күйін, мезгілін, мекенін, мөлшерін білдіретін сөз табы. Үстеулер қалай? қанша? қашан? қайда? қайдан? сұрақтарына жауап береді. Сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады. Кейде зат есім сияқты түрленіп, басқа да сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады. Мысалы: Еріншектің ертеңі бітпес.

1. Үстеулер **тұлғасына қарай** (по способу обарзования) **негізгі** (непроизводные) және **туынды** (производные) болып екі топқа бөлінеді.

Негізгі түбір үстеулер деп құрамы жағынан бөлінбейтін, негізгі түбір сөз арқылы іс-қимылдың, амал-әрекеттің түрлі белгісін білдіретін сөздер аталады. Негізгі үстеулер: қазір, бүгін, таңертең, ерте, кешке, әуелі, кеше, мана, бағана, ілгері, кері, әрмен, бермен, шапшаң, жорта, әдейі, қасақана,

дереу, мүлде, өте, тым, ең, нағыз, үнемі, бұрын, кеш, аса, әрі, бері, дәл, сәл, тез, жиі, тым, әрең, тіпті, үнемі.

Туынды түбір үстеулер деп басқа сөз таптарынан сөзжасамдық жұрнақтар арқылы, сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалған үстеу сөздер аталады. Туынды үстеулердің жасалуы (образование производных наречий):

I – жұрнақтар арқылы:

-ша/-ше – адамша (сөйлейді), жаңаша (ойлайды), балаша (күлді), көзінше (айтты), бұлбұлша (сайрады);

-лай/-лей, -дай/-дей, -тай/-тей – ақшалай (берді), осылай (жауап бер), шикілей (әкелді), тікелей (хабар), таудай (болды), үйдей (көп), күздей (дайындалды), аттай (шапты), жастай (үйленді), жібектей (созылды);

-дайын/-дейін, -тайын/-тейін – тотыдайын (таранған), бұлақтайын (сылдырлап), сұңқардайын (сыланған), бөрідейін (жол тартып), түлкідейін (түн қатып);

-шама, -шалық – осыншама (сөйледі), осыншалық (жүгіру), соншама (көп), соншалық (қуанды);

-шылап/-шілеп – айтшылап (жүру), сиыршылап (кетті), итшілеп (күн көру), малшылап (жүр);

-майынша/-мейінше, -пайынша/-пейінше – оқымайынша (жауап бермейді), тыңдамайынша (айтпайды), айтпайынша (келмейді), естімейінше (бармайды), көрмейінше (сенбейді), кетпейінше (тыныштық жоқ);

-қары/-кері/-гері – сыртқары (сыртқа таман), ұшқары (ұшына дейін), ішкері (ішке таман), ілгері (алға қарай);

-ын/-ін, -сын/-сін – жасырын (тұрды), үстіртін (жауап берді), жазын (күтті), ертеңісін (келеді), кешкісін (барады).

II – көнеленген септік жалғаулары арқылы:

Барыс септігі: жатқа (айтты), артқа (жылжыды), босқа (жүрме), кешке (қайт), текке (ұрысты), зорға (көтерді), алға (шықты), бірге (келді);

Жатыс септігі: баяғыда (болыпты), қапыда (қалды), аңдаусызда (сөйледі), лезде (өтті), күнде (жауап берді), артта (қалды), түнде (жүрді);

Шығыс септігі: шалқасынан (құлады), тосыннан (сөйледі), шетінен (тарады), кеңінен (әңгімелесті), артынан (сөйледі), кенеттен (қайтыс болды), шарасыздан (жылады), әуелден (білді), бірден (жауап берді);

Көмектес септігі: ретімен (санады), шынымен (ойлады), кезекпен (барды), жөнімен (сөйледі), жайымен (жүрді), көзімен (көрді), құлағымен (естіді).

III – сөздердің бірігуі арқылы туынды түбір үстеулер жасалады. Мысалы: әжептәуір, әлдеқашан, биыл, былтыр, таңертең, қыстыгүні, жаздыгүні, солғұрлым, түнеугүні, ендігәрі т.б.

IV – туынды түбір үстеулер сөздердің қосарлануы арқылы да жасалады: бостан-босқа, оқта-текте, енді-енді, анда-санда, жата-жастана,

бірте-бірте, әлсін-әлі, үсті-үстіне, бет-бетіне, ертелі-кеш, ауызба-ауыз, қолма-қол.

2. Үстеулер **құрамына қарай** (по составу) дара (простые) және күрделі (сложные) болып екі топқа бөлінеді.

Дара үстеулер деп құрамы бір ғана сөзден тұратын, қимыл-әрекеттің түрлі белгілерін білдіретін сөздер аталады.

Күрделі үстеулер деп екі сөзден тұрып, қимыл-әрекеттің бір белгісін білдіретін сөздер аталады: қыстыгүні, бірталай, анда-санда. Күрделі үстеулер қимыл-әрекеттің түрлі белгісін я мезгіл, мөлшерін білдіретін сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалады. Күрделі үстеулердің жасалуы:

а) сөздердің бірігуінен (кіріккен, біріккен): бүгін (бұл+күн), биыл (бұл+жыл), жаздыгүні (жаздың+күні), қыстыгүні (қыстың+күні), таңертең (таң+ертең), анағұрлым (ана+құрлым), ендігәрі (ендігіден+әрі);

ә) сөздердің қосарлануынан: анда-санда (келді), тез-тез (жүрді), бірте-бірте (үйреніп қалды), емін-еркін (сөйледі), күні-түні (істеді), бет-бетімен (кетті);

б) сөздердің тіркесуі арқылы: 1. грамматикаланған тіркестер: таң сәріде (тұрды), ертеден қара кешке дейін (жұмыс істеді), ала жаздай (ән салды), күні бойы (дайындалды), күні бұрын (білді); 2. идиомаланған тіркестер: қас пен көздің арасында, қаннен қаперсіз, көзді ашып жұмғанша, ертеден қара кешке дейін т.б.

3. Үстеулер **мағынасына қарай** (по значению) сегіз топқа бөлінеді:

1. Мезгіл (времени). Сұрақтары: қашан? (когда?), қашаннан? (с каких пор?). Кеше, бүгін, ертең, қазір, бағана, кешке, ертемен, ертесіне, таңертең, таңсәріде, түнеугүні, бүрсігүні, биыл, былтыр, ежелден, енді-енді, анда-санда, оқта-текте, күні бойы, ала жаздай, қыстыгүні т.б.

2. Мекен (места). Қайда? (где? Куда?), қайдан (откуда?). Әрі, әрмен, бері, бермен, жоғары, төмен, алға, артқа, ішке, іште, ішкері, ілгері, мұнда, сонда, тысқары, сыртта, жолшыбай, жол-жөнекей, тұс-тұсында, алды-артында т.б.

3. Мөлшер (количества и меры). Қанша ? (сколько?), қаншалық? (на сколько?, қаншадан (по сколько?), нешеден? (по сколько?). Сонша, онша, оншалық, соншалық, мұнша, мұндайлық, сондайлық, біраз, бірталай, недәуір, неғұрлым, бірен-саран, азды-көпті, анағұрлым, азғантай, талай, қыруар.

4. Сын-бейне (образа действия). Қалай? (как?), қалайша? (каким образом?), қайтіп? (каким способом?). Тез, жылдам, әрең, әзер, дереу, жедел, шапшаң, кенет, үнемі, құр, түгел, осылай, көйлекшең, етпетінен, шалқасынан, пісілей, шикілей, былайша, әлінше, тікелей, бірге, зорға, аздап, қолма-қол, ауызба-ауыз, көзбе-көз, бетпе-бет, дәлме-дәл, емін-еркін.

5. Күшейту (усилительные). Қалай? (как?), қандай? (какой?), қайтіп? (каким образом?). Аса, нағыз, ең, өте, тым, тіпті, керемет, орасан, мүлдем, мейлінше, сәл, нық, дәл, айрықша, барынша, кілең, небір, өңкей, әбден.

6. Мақсат (цели). Неге? (зачем?), не үшін? (для чего?), не мақсатпен? (с какой целью?). Әдейі, жорта, қасақана, көре тұра, біле тұра, әдейілеп.

7. Себеп-салдар (причины и следствия). Не себепті? (по какой причине?), қалай? (как), неге? (почему?). Амалсыздан, босқа, бекерге, текке, лажсыздан, шарасыздан, құр босқа, жоққа, тектен-текке, әншейін.

8. Топтау (группирующие). Қалай? (как), қаншадан (по сколько?). Бір-бірден, екеулеп, аз-аздап, көп-көптен, бас-басына, жұп-жұбымен, рет-ретімен, тең-теңімен, топ-тобымен.

МОДАЛЬ СӨЗДЕР (Модальные слова)

Модаль сөздер сөйлеушінің айтылған ойына қатысты көзқарасын көрсетеді. Олар: әрине, әлбетте, рас, шын, мүмкін, сияқты, тәрізді, керек, екен, шығар, болар, шамасы т.б. Осы сөздердің ішінде шығар, болар, екен, керек, қажет, сияқты, тәрізді модальді сөздер үнемі сөйлемнің соңында келеді. Ал қалған сөздер көбінесе сөйлемнің басында не соңында келеді.

Модальные слова служат для выражения точки зрения говорящего на отношение высказываемой мысли к действительности. Это: әрине, әлбетте, рас, шын, мүмкін, сияқты, тәрізді, керек, екен, шығар, болар, шамасы и т.д. Среди них, такие слова как шығар, болар, екен, керек, қажет, сияқты, тәрізді присоединяются только к концу предложения. Остальные слова могут находиться как в начале, так и в конце предложения.

Модаль сөздер (Модальные слова)	Аудармасы (Перевод)	Мысалдар (Примеры)
Керек, қажет	Необходимо, нужно	Оған не керек? Что ему нужно? Маған қазақ тілі оқулығы керек. Мне необходимо учебник по казахскому языку.
Сияқты	Как будто, как, кажется	Ол айтқан сияқты. Он как будто говорил.
Шамасы	Скорее всего, вероятно	Шамасы, ол келмейді. Скорее всего, он не придет.
Әрине, әлбетте	Конечно	Әрине, ертең келемін. Конечно, я приду завтра.
Екен	Оказывается	Театрда адам көп екен. Оказывается, в театре много народа.
Рас, шын	Правда, верно	Рас, маған биік өкшелі аяқ киім керек. Правда, мне нужна обувь с высоким

		каблуком.
Мүмкін, шығар, болар	Возможно, может быть, вероятно	Мүмкін, емтиханды ерте тапсырарсың. Возможно, ты сдашь экзамен досрочно. Ол әлі келмеген шығар. Может быть, он еще не пришел.
Әйтеуір	Когда-нибудь, всегда	Әйтеуір, ол бір келер. Когда-нибудь, он появится. Әйтеуір, Беріктің сөзі тқра келді. Всегда выходит так, как говорил Берик.
Тәрізді, секілді	Похоже	Ол өтірік айтқан тәрізді. Похоже, он неправду сказал.

ОМОНИМДЕР

(Омонимы)

Сыртқы тұлғасы бірдей болып, бірақ мағынасы бір-бірінен мүлдем басқа-басқа сөздер омоним деп аалады. Мысалы, ақ: 1) етістік, су ағу; 2) сын есім, ақ көйлек. Ат: 1) зат есім, жылқы: ерттеулі ат; 2) зат есім, аты – Ахмет.

СИНОНИМДЕР

(Синонимы)

Мағыналары мәндес түрлі сөздер синоним деп аталады: зат – нәрсе – бұйым – дүние – мүлік; сұлу – әдемі – әсем – көрікті – келбетті – сымбатты.

АНТОНИМДЕР

(Антонимы)

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады: жақсы-жаман, үлкен-кіші, кең-тар, жарық-қараңғы.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ

№ 1-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. B, C, D, E
- 2 - тапсырма. C, E
- 3 - тапсырма. B
- 4 - тапсырма. D, E
- 5 - тапсырма. A, C, E
- 6 - тапсырма. A, B, C, E
- 7 - тапсырма. A, C
- 8 - тапсырма. A, B, D, E
- 9 - тапсырма. B
- 10 - тапсырма. A, B, C, D

№ 2-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. E
- 2 - тапсырма. A, C, E
- 3 - тапсырма. A, B, C
- 4 - тапсырма. B, C, D
- 5 - тапсырма. A, B, C, E
- 6 - тапсырма. B
- 7 - тапсырма. E
- 8 - тапсырма. A, C, D
- 9 - тапсырма. A
- 10 - тапсырма. D

№ 3-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, E
- 2 - тапсырма. A, C, D, E
- 3 - тапсырма. B, C, D, E
- 4 - тапсырма. A, B, C
- 5 - тапсырма. E
- 6 - тапсырма. C, D
- 7 - тапсырма. B
- 8 - тапсырма. A, B, D, E
- 9 - тапсырма. D, E
- 10 - тапсырма. D

№ 4-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, C, D, E
- 2 - тапсырма. B
- 3 - тапсырма. A, B, D, E
- 4 - тапсырма. E
- 5 - тапсырма. B

- 6 - тапсырма. B, C
- 7 - тапсырма. C, D
- 8 - тапсырма. B, D
- 9 - тапсырма. A, D
- 10 - тапсырма. D

№ 5-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A
- 2 - тапсырма. E
- 3 - тапсырма. D, E
- 4 - тапсырма. A, E
- 5 - тапсырма. A, D
- 6 - тапсырма. B
- 7 - тапсырма. B
- 8 - тапсырма. C, D, E
- 9 - тапсырма. A
- 10 - тапсырма. E

№ 6-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, E
- 2 - тапсырма. C
- 3 - тапсырма. B, C, D, E
- 4 - тапсырма. B, D, E
- 5 - тапсырма. A, B
- 6 - тапсырма. B, D, E
- 7 - тапсырма. B
- 8 - тапсырма. C, D, E
- 9 - тапсырма. D, E
- 10 - тапсырма. A, B, E

№ 7-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, C
- 2 - тапсырма. C, E
- 3 - тапсырма. B
- 4 - тапсырма. C
- 5 - тапсырма. A
- 6 - тапсырма. B
- 7 - тапсырма. C
- 8 - тапсырма. D
- 9 - тапсырма. D
- 10 - тапсырма. A, B, C, E

№ 8-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, C, D

- 2 - тапсырма. D
- 3 - тапсырма. C
- 4 - тапсырма. A, B, C, D
- 5 - тапсырма. B, C, D, E
- 6 - тапсырма. C, E
- 7 - тапсырма. E
- 8 - тапсырма. D
- 9 - тапсырма. A, C, D, E
- 10 - тапсырма. B, C, D, E

№ 9-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, E
- 2 - тапсырма. A, B, C, E
- 3 - тапсырма. B, D
- 4 - тапсырма. A, C, D, E
- 5 - тапсырма. B
- 6 - тапсырма. A
- 7 - тапсырма. C
- 8 - тапсырма. D
- 9 - тапсырма. B, D, E
- 10 - тапсырма. B

№ 10-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, C, E
- 2 - тапсырма. C
- 3 - тапсырма. A
- 4 - тапсырма. B C
- 5 - тапсырма. A, C
- 6 - тапсырма. B
- 7 - тапсырма. E
- 8 - тапсырма. A, B, D, E
- 9 - тапсырма. A, B, D, E
- 10 - тапсырма. B

№ 11-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, B, D, E
- 2 - тапсырма. E
- 3 - тапсырма. B, C, D
- 4 - тапсырма. D
- 5 - тапсырма. A, D, E
- 6 - тапсырма. E
- 7 - тапсырма. A, B, C, D
- 8 - тапсырма. A, B
- 9 - тапсырма. A

10 - тапсырма. А

№ 12-ТЕСТ

1 - тапсырма. А, В, С, D

2 - тапсырма. А, С, E

3 - тапсырма. D

4 - тапсырма. D

5 - тапсырма. В, С

6 - тапсырма. А, D, E

7 - тапсырма. D, E

8 - тапсырма. D, E

9 - тапсырма. D, E

10 - тапсырма. С

№ 13-ТЕСТ

1 - тапсырма. В, С, E

2 - тапсырма. D

3 - тапсырма. D

4 - тапсырма. А

5 - тапсырма. С

6 - тапсырма. А

7 - тапсырма. А, В, С, D

8 - тапсырма. В, D, E

9 - тапсырма. А, С, E

10 - тапсырма. В

№ 14-ТЕСТ

1 - тапсырма. А, В, С, D

2 - тапсырма. В

3 - тапсырма. D

4 - тапсырма. А, В, С, D

5 - тапсырма. В

6 - тапсырма. В, D, E

7 - тапсырма. С

8 - тапсырма. В

9 - тапсырма. В

10 - тапсырма. В

№ 15-ТЕСТ

1 - тапсырма. В, D, E

2 - тапсырма. С

3 - тапсырма. С

4 - тапсырма. А, С

- 5 - тапсырма. E
- 6 - тапсырма. A, B
- 7 - тапсырма. A, C, D
- 8 - тапсырма. A
- 9 - тапсырма. C
- 10 - тапсырма. B, E

№ 16-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. A, D
- 2 - тапсырма. C
- 3 - тапсырма. B, E
- 4 - тапсырма. C
- 5 - тапсырма. C, D
- 6 - тапсырма. A, B, C, D
- 7 - тапсырма. D, E
- 8 - тапсырма. A, D, E
- 9 - тапсырма. B, D
- 10 - тапсырма. E

№ 17-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. E
- 2 - тапсырма. E
- 3 - тапсырма. A, C
- 4 - тапсырма. C
- 5 - тапсырма. D
- 6 - тапсырма. D
- 7 - тапсырма. A, C
- 8 - тапсырма. B, C, E
- 9 - тапсырма. A, D
- 10 - тапсырма. C

№ 18-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. C
- 2 - тапсырма. A, C, D, E
- 3 - тапсырма. B, C, D
- 4 - тапсырма. A, C, D, E
- 5 - тапсырма. D
- 6 - тапсырма. D, E
- 7 - тапсырма. C
- 8 - тапсырма. C
- 9 - тапсырма. D
- 10 - тапсырма. E

№ 19-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. А, В, С, D
- 2 - тапсырма. В, С, D, E
- 3 - тапсырма. С, D, E
- 4 - тапсырма. В
- 5 - тапсырма. E
- 6 - тапсырма. А
- 7 - тапсырма. E
- 8 - тапсырма. С
- 9 - тапсырма. С
- 10 - тапсырма. В

№ 20-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. А
- 2 - тапсырма. А, С, E
- 3 - тапсырма. E
- 4 - тапсырма. D
- 5 - тапсырма. В, С, D, E
- 6 - тапсырма. В, E
- 7 - тапсырма. А, В, E
- 8 - тапсырма. С, D, E
- 9 - тапсырма. С, D
- 10 - тапсырма. С

№ 21-ТЕСТ

- 1 - тапсырма. В, С, D, E
- 2 - тапсырма. D, E
- 3 - тапсырма. В, С, D
- 4 - тапсырма. В, С, D, E
- 5 - тапсырма. А, В, D, E
- 6 - тапсырма. А, С, E
- 7 - тапсырма. С
- 8 - тапсырма. А, В
- 9 - тапсырма. А, С, D, E
- 10 - тапсырма. E

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Күзекова З., Құрманбайұлы Ш., Жусанбаева С. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар факультетіне арналған (орташа және тереңдетіп оқитын топтар үшін) / З. Күзекова, Ш. Құрманбайұлы, С. Жусанбаева – Алматы: Ана тілі, 1998. – 160 б.
2. Жұмағұлова А.Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының заң факультеттеріне арналған. Орташа және жалғастырушы топтар үшін. Құқық және халықаралық ұйымдар / А.Ж. Жұмағұлова. – Алматы, 2001. – 130 б.
3. Закон о дипломатической службе Республики Казахстан. – Алматы, 2002.
4. Қазақстан Республикасының «Дипломатиялық қызмет туралы» Заңы. 7 наурыз 2002 жыл.
5. Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысы. 27 қыркүйек 1999 ж.
6. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясы. 18 сәуір 1961 ж.
7. Консулдық қатынастар туралы Вена Конвенциясы. 24 сәуір 1963 ж.
8. Арнайы миссиялар туралы Конвенция. 8 желтоқсан 1969 ж.
9. Әмбебап сипаттағы халықаралық ұйымдар жанындағы мемлекеттердің өкілдіктері туралы Вена Конвенциясы. 14 наурыз 1975 ж.
10. БҰҰ иммунитеттер мен артықшылықтар туралы Конвенция. 13 ақпан 1946 ж.
11. Внешняя политика Республики Казахстан. Хроника. 1991-1999. – Алматы, 1999.
12. Казахстан и Европейский Союз. Сборник документов и материалов. – Алматы, 1997.
13. Назарбаев Н. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства / Н. Назарбаев. – Алматы, 1992.
14. Европейский Союз и Центральная Азия / Под ред. Ж.У. Ибрашева. – Алматы, 2000.
15. Приоритеты Казахстанской дипломатии. – Астана, 2000.
16. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации / К.К. Токаев. – Алматы, 2000.
17. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан / К.К. Токаев. – Астана, 2001.
18. Закон Республики Казахстан «О дипломатической службе» от 19.11.1997 г. – Алматы, 1997.
20. Дипломатическая переписка: учебное пособие для студентов. – М., 1976.
21. Зорин В.А. Основы дипломатической службы / В.А. Зорин. – М., 1977.

22. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы: Ю.Н. Гладкий, С.Б. Лавров. – Алматы: Мектеп, 2002.

23. Күзекова З., Тұяқбаев Т. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық қысқаша сөздік / З. Күзекова, Т. Тұяқбаев. – Астана: Елорда, 1988. – 128 б.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
1-САБАҚ. Дүние жүзі елдерінің саны мен топтастырылуы	4
2-САБАҚ. Экономикасы дамыған елдер	9
3-САБАҚ. Қазақстанның сыртқы саясаты	13
4-САБАҚ. Қазақстанның басқа елдермен экономикалық, мәдени және саяси байланыстары	18
5-САБАҚ. ҚР шет елдердегі өкілдіктері	25
6-САБАҚ. Халықаралық құқық	30
7-САБАҚ. Халықаралық құқық принциптері	38
8-САБАҚ. Мемлекеттің аумағы және мемлекеттік құрылысы	43
9-САБАҚ. Мемлекеттік шекара туралы түсінік	47
10-САБАҚ. Қазақстан және халықаралық ұйымдар	51
№ 1 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ	56
11-САБАҚ. Біріккен Ұлттар Ұйымы	57
12-САБАҚ. Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламалары	61
13-САБАҚ. Еуропа Одағы	65
14-САБАҚ. Еуропа Одағының институттары	70
15-САБАҚ. Адамзаттың ғаламдық проблемалары	74
16-САБАҚ. Ғаламдық проблемалардың өзара байланысы	80
17-САБАҚ. Қазақтың тұңғыш Төтенше және Өкілетті елшісі	85
18-САБАҚ. Дипломат келбеті	89
19-САБАҚ. Дипломатиялық қатынастар	93
20-САБАҚ. Дипломатиялық құжаттар	98
21-САБАҚ. Халықаралық (дүниежүзілік) атаулы күндер	102
№ 2 БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ	109
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	111
№ 1 ҚОСЫМША. Қысқаша дипломатиялық терминдер сөздігі	112
№ 2 ҚОСЫМША. Грамматикалық анықтағыш	140
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ	181
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	187

**Айнұр Амангелді
Салима Симбаева**

Кәсіби қазақ тілі

Оқулық

Басуға 11.09.2019 жылы қол қойылды. Қағазы көшірмелік.
Қаріп түрі «Таймс». Пішімі 60x84/16. Баспа табағы 11,8 бет.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №85.
«Тұран-Астана» баспаханасында басылған.
Мекенжай: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ы.Дүкенұлы көшесі 29 үй.